

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

**Западно-Казахстанская область**

Абдрахманова Сабина .....	2
Аймұхамбетова Шолпан .....	4
Айтпаева Сәния.....	6
Бақтығали Әлия .....	9
Бақтығалиева Айтолқын .....	11
Бақытова Аида .....	13
Балғабаева Ақбаян .....	14
Бекбауов Еділхан .....	17
Берикова Дилана .....	19
Ғабдрашитова Жанерке .....	21
Ғалымжанова Жадыра .....	24
Дарбаев Нұрдәулет .....	26
Демеуғали Камила .....	27
Ерғалиқызы Дана.....	28
Злиев Қанат .....	30
Избасова Халия.....	32
Илесбек Исатай.....	35
Куанышбаева Аружан .....	38
Қибаттоллина Гүлзинат.....	41
Қожамұрат Мұрат.....	44
Любина Карина.....	45
Мақыбаева Айгерім .....	47
Мнапи Бағдат .....	50
Муксенова Милана .....	52
Мустафина Алина .....	54
Серік Аида .....	57
Султанова Гүльназ .....	61
Талғатова Аружан .....	62
Тналиева Сымбат.....	64
Турлыбаева Жанель .....	66

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Тынышбаева Айсауле.....	69
Умарова Альбина.....	71
Халиуллина Нұрайна.....	73

**Абдрахманова Сабина**

7 сынып, №35 школа-лицейі Орал қаласы  
Батыс Қазақстан облысы  
Жетекшісі: Чигирева С.Ж.

**Халқымыздың ұлы ерлігі**

Өжеттікпен дұшпаныңды таң қылып,  
Қыршын жанды Отан үшін жандырып,-  
Өшпес ерлік, даңқты есім қалдырдың  
Ұрпағыңа үлгі етерлік-мәңгілік.  
Т.Жүргенбаев

Кешегі қанды су тасыған қырғын соғыста халқымыздың ұлы ерлігін еске түсіретін қасиетті де қастерлі күн. Бұл соғыс қаншама қайғы-қасірет әкелді. Қаншама ошақтың түтіні жанбай қалды? Ер көңілді, аңғалда аңғырт, батыл да батыр қазақ халқы бұл соғыста да аянып қалмағаны кәміл. «Отаным үшін, туған елім мен топырағым үшін!» -деп атой салған көптеген боздақтар сол қырғыннан оралмады.

Ұлы Отан соғысы 1941 жылы маусымның 22-сінде басталып, 1945 жылдың 9-ыншы мамырында аяқталды. Бұл соғыс тарихта мәңгілік Кеңес Одағының Ұлы Отан соғысы «екінші дүниежүзілік соғыс» деген атпен қалды. Екінші дүниежүзілік соғыстар және шайқастар 1941-1945 жылдардың аралығында болған: Ленинград шайқасы, Мәскеу шайқасы, Сталинград шайқасы, Курск шайқасы, Берлин шайқасы.

Сол бір ұмытылмас күндерге 70 жылдай уақыт өтті, біздің өмірімізде көптеген өзгерістер болды. Бұрынғы Совет Одағының барлық жерінде нарықтық қатынасқа көшті. Солай бола тұрса да, адам айтқысыз ұрыс пен қиылған өмірдің құнына түскен фашизмді талқандау жолындағы осы жеңіс тарихи жеңістердің қатарындағы ұмытылмас оқиға болып қалуда. Мен сол қазақ батырларына тоқталып кеткім келеді.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Алдыңғы шептен бой тасалау сияқты әдептер қазақтың майданда соғысқан ержүрек ұлдарына мүлдем жат болған. Бұған сол отты жылдарға «Правда» газетінде былай деген: «...Қазақтар майданда қаймықпай батыл соғысады» дей келе Одақтың бас газеті олардың ерлік іс-қимылдарына дүркін-дүркін оралып отырған. Осының өзі тегін емес. Бұл жерде: «Ой, сен өзің жарайсың, азамат екенсің ғой» деп арқадан қақса, балаша мәз болып арсалаңдай жөнелетін қазақы мінез де қылаң беріп қалатындай.

1941 жылы 22 маусымда Фашистік Германия соғыс жарияламай Совет Одағына тұтқиылдан, опасыздықпен шабуыл жасады. Бұл басталған соғыс социализмнің империализмнің екпінді күштермен болған ең ірі әскери қақтығыс еді. Совет халқының социалистік Отанының бостандығы мен тәуелсіздік үшін, социализм үшін. Совет мемлекеті үшін жаңа кезең-Ұлы Отан соғысы басталды. 22 маусым күнгі сағат 12-де елдің барлық радио станциялары Германияның СССР-ге опасыздықпен шабуыл жасаған жөніндегі Совет үкіметінің мәлімдемесін хабарлады. Мәлімдеме: «Біздің ісіміз-әділ. Жау талқандамады. Біз жеңіп шығамыз!» деген сөздермен аяқталды. Барлық совет адамдары жеңіске деген мызғымас сеніммен фашист басқыншыларына қарсы өз Отанын қорғауға әділетті соғысқа көтерілді. Соғыс басталған бірінші күннен бастап радиодан «Священная война» атты ән үзілмеді. Бұл әннің композиторы Александр Александров. Ән совет халқының жауға деген өшпенділігін, ержүректігін және әр уақытына да олардың өз Отанын қорғауға әзір екендігін паш етеді. Бұл әнді батыр-солдаттай соғыстың бастан алғына дейін халық сүйіп айтты. Ән қазір де айтылады, біз де оны сүйіп айтамыз.

Бауыржан Момышұлы екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері болды. Халық қаһарманы, қазақтың көрнекті жазушысы атанды. Түрлі әскери бөлімдерде взвод, рота командирі болды, 316 атқыштар дивизиясының құрамына кірді. Соғыс кезінде жеке басының қаһармандық ерлігімен және ұрыс жүргізудегі әскери шеберлігімен ерекше көзге түскен. Оның ерліктері туралы орыс жазушысы А.Бек «Волоколамское шоссе» (қазақшасы «Арпалыс») повесін жазды. Бауыржан Момышұлы отставкаға шыққаннан кейін біржола шығармашылық жұмыспен айналысты. Оған «Халық қаһарманы» деген атақ берілді. Ол қанатты сөздер жазған. Оның қанатты сөздері:

Опасызда Отан жоқ,  
Отанда опасызға орын жоқ  
Тәртіпке бас иген құл болмайды!  
Отаның үшін отқа түс күймейсің.  
Ептілік пен ерлік –  
Ерге тән қасиет.  
Тәрбиелі – тәртіптің құлы,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Тәртіпті – елдің құлы.

Бауыржан Момышұлы соғыстан кейін біршама уақыт өмір сүрді. 1982 жылы 10 маусымда 71 жасында. Ол Алматыда дүние салды.

Осы соғыста қазақ елінің жерін құтқару үшін Мәншүк Маметова, Әлия Молдағұлова, Бауыржан Момышұлы, Мәлік Ғабдуллин сияқты атақты ержүрек жауынгерлер қаза тапты. Олар қазақ елін, жерін құтқарып, жауға қарсы тұрды. Қазақ батырлары өзінің ерлігімен әлі күнге дейін есте сақталды. «Ешкім де, еш нәрсе де ұмытылмайды». Отан үшін ерлікпен қаза тапқандарды ел әр уақытта да есінде сақтайды. Өйткені олар біздің бақытымызды қорғады. Отан үшін, ел үшін құрбан болды! Соншама жыл өтсе де, біз оларды үнемі еске аламыз. Батырлар туралы ән шырқаймыз, олар жайында ақындар мен жазушылар өлең, әңгіме, кітап жазады. Міне, біздер олардың ерлігін кітаптан оқимыз. Біздерден кейінгі ұрпақтар да қолынан бұл кітапты тастамайтын болады, солар сияқты ер болсам деп армандайды. Оларды еш уақытта ұмытпайтын боламыз. Олардың қазақ жері үшін жасаған ерлігі шексіз. Біз қазір ардагерлердің арқасында тату-тәтті өмір сүріп жатырмыз. Біздің осындай ержүрек қазақ батырларымыз баяғы заманда болмаса, мүмкін біздің өміріміз қазір осындай болмас еді. Сондықтан біз оларды құрметтеп, ұмытпау, қастерлеу керекпіз!

**Аймухамбетова Шолпан**

9 сынып, Қызылтал орта мектебі  
Ақсай қаласы Батыс Қазақстан облысы  
Жетекшісі: Қарағойшина Л.М

**Ұлы Отан соғысы және Жеңістің 70 жылдығы**

Ұлы Жеңіс сарбаздарының қаһармандығы,  
майдан далаларында көрсеткен ерліктері  
мен қайсарлықтары халық жадында мәңгілікке  
қала бермек.  
Н.Ә Назарбаев

Ұлы Жеңіске 70 жыл. Осы санның астарында талай адамның өмірі, қоғам өзгерістері жатыр десеңізші?! Елі мен жері үшін жанын пидә еткен аға-апалар рухы ұрпақ санасынан ешқашан өшпей, оларға әрқашан үлгі-өнеге боп қалары анық.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ұлы Отан соғысы... Әр адамның жүрегіне, ойына, өміріне көп қайғы алып келген қанды төрт жыл. Бұл төрт жылдың әр күні аталарымыз бен әжелеріміздің жадынан еш уақытта ұмытылмақ емес. Жарынан айрылған аналар, әкесінен айрылған балалар осы зұлым соғыстың кесірінен зар жылап қалды.

Төрт жыл бойы ажал бұлтты торлаған,  
Төрт жыл бойы ақыр заман орнаған.  
Адамзаттың тарихында ешқашан,  
Дәл осындай сұмдық соғыс болмаған

Қып қызыл өрттің ішінде Алла тағала сақтаймын десе бір уыс мақтаны да сақтайды деген сөз-рас сөз. Бұл өлеңді қысқа күнде ажалмен қырық рет бетпе-бет келген қазақ сарбазы мұздай темір құрсанған, дүние жүзіндегі ең озық соғыс техникасымен қаруланған фашистік Германиямен толассыз шайқаста бір кезде өзі «Армысың, сұлу Жайығым, Ардақты қоныс мекенім. Керек емес қайығың, Аймалап жүзіп өтемін», деп жырлаған Жайық өңірінің перзенті-қазақ солдаты Жұбан Молдағалиев жазған еді. Мұз төсеніп, қар жастанып жүріп, сол сұрапылдың адам айтқысыз азабы мен тозағын түгел бастан кешірген жерлес ақынымыздың да жастық шағы, жалынды шағы адамзат баласына апат болып келген сонау бұлтты жылдармен – Ұлы Отан соғысымен тұспа-тұс келді.

Жер шарын фашизм тажалынан құтқарып қалған халқымыз миллиондаған боздақтарынан айырылды. Талай ақ жаулықты аналар ұлдарынан «қара қағаз» келіп, ақ шашын жұлып, аңырап қалды. Аяулы жарлар қара жамылып, қайғымен қан жұтты, әкесіз қалған перзенттер жетім атанды. Иә, сол жылағандардың жан жарасы, міне, жетпіс жылда құлан-таза жазылып кетті деп айту қиын. Сөйтіп, біздің халқымыз күллі адамзат баласын ажал апатынан құтқарып қалды, дүние жүзінің халқына, болашақ ұрпаққа бейбіт күн, ашық аспан сыйлады. Сол Жеңіс күнін жақындатқандар ішінде қазақ жауынгерлері де көп болды, ерлікпен көзге түсті. Ақжайық өңірінен соғысқа 76 мыңнан астам азамат аттанған екен. Олар майдан даласында ерліктің небір ғажап үлгілерін көрсетті. Олардың жартысы ғана елге оралғаны анықталып отыр. Ал Бөрлі ауданынан аттанған жауынгерлердің 1821-і елге оралмады. 1600-ден астамы жауынгерлік ордендер және медальдармен атап өтіліп, ал б-уы Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. Осындай майдан алаңында ерлікпен шайқасқан жауынгерлер мен Жеңісті жақындатуға аянбай жұмыс жасаған тыл еңбекерлерінің еңбегін ұмытпай, құрметпен еске алу – біздің жас ұрпақтың міндеті. Бүгінгі таңда біздер Ұлы Отан соғысындағы қан майданда Отанына қалқан болып, елі үшін от кешкен, бейбітшілік үшін күрескен ерлер есімін мақтанышпен айтып жүреміз.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Сен құрметте оны!  
Түсіндің бе, қарағым?!  
Ол ақшаға сатқан сатқан жоқ,

Тізеден кесіп аяғын, -деп Әбу Сарсенбаев ақынымыз жырлағандай олардың Отанға деген ыстық сүйіспеншілігі мен ерлігі артында қалған біздердей ұрпағына әрқашан айбынды да ержүректік үлгісі болып қала бермек.

«Кез келген мемлекеттің қуаттылығы оның әскери күші мен табиғи байлығында емес, ұлттық рухының күштілігінде. Ұлы Отан соғысына қатысқан біздің апа-ағаларымыз да елін шексіз сүйген, асқақ рухы биік, туған жерінің намысын ту еткен жандар. Олар қандай құрметке де лайық...» -деп Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай қазақ қазақтығын Ұлы Отан соғысында, Тәуелсіздік жолында ерекше көрсете білді. Жеңіс-бұл қаһарлы 1418 күнді бастан кешкен жауынгерлер мен тыл еңбеккерлерінің бойындағы бүкіл күш-қуатын жұмсап жеткен ұлы мерекесі. Отанға адалдық Ұлы Жеңістің 70 жылдығын атап өту, жауынгерлерді еске алу, ерліктерін насихаттау Қазақстанда патриотизмнің қалыптасуына септігін тигізері сөзсіз.

Олар туралы естелік патриотизмге жігерлендіретін күш ретінде әрбір ұрпақтың жүрегінде мәңгі сақталады.

**Айтпаева Сәния**

8 сынып, Гаршин орта мектебі Гаршин ауылы  
Ғабит Мүсірепов атындағы аудан  
Солтүстік Қазақстан облысы  
Жетекшісі: Рамазанова С. Ә.

### **Шығыстың қос шынары**

«Жеңіс» деген – жақсылықтың сыңары,  
Жігер менен құштарлықтың құралы,  
Күрескердің арманы мен ұраны.  
Қуаныш пен мерекенің бұлағы

Міне, биылғы жылы Жеңісімізге 70 жыл толмақ. Біздің бостандығымыз бен бақытымыз үшін, ел үшін, жер үшін күрескен ардагерлеріміз мәңгі естен шықпас.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Жеңіс күні. Бұл күн адамзат қауымының есінен мәңгі кетер ме? Иә, ешкім де, ешқашан да ұмытылмақ емес! Ұлы Жеңіс оңайлықпен келген жоқ.

Оған 35 миллиондай адам қатысып, соның 20 миллионнан астамы құрбан болды. Қазақстандықтар бұл сында қаһармандық көрсете білді.

Соғыста миллиондаған әйелдер жесір, балалар әкесіз қалды, аналар ұлдарынан айрылды, соғыстың қайғысы өзегін өртемеген, оның құрбандығына шалынбаған отбасы қалмады.

Ұлы Жеңіске ат салысуда тылдағы еңбекте апаларымыз бен аналарымыз уақытпен санаспай, ыстыққа күйіп, суыққа тоңа жүріп өз үлестерін қосқан.

Міне осынау елімізге лаң салған алапаттың аяқталғанына жетпіс жыл толып отыр.

Қазақ халқының мәртебесін биікке көтерген, Ұлы Отан соғысының от жалынды жылдарында ер азаматтармен бірге қолына қару алып, майданға өздері тіленіп аттанған қазақ қыздары жүздеп саналады.

Мен бүгін сұрапыл Ұлы Отан соғысына қатысып, ерлік көрсеткен қос қарлығаш Әлия мен Мәншүк әпкелеріміз жөнінде сыр шерткелі отырмын.

Әлия Молдағұлова 1925 жылы Ақтөбе облысы, Қобда ауданында дүниеге келген. Оның азан шақырып қойған аты – Ылия. Орыстар Лия деп атаған. Ол анасынан 8 жасында айырылып, нағашыларының тәрбиесінде болады. Нағашысының қызы өзімен құрдас Сапурамен өсіп, есейеді. Үй- іші Әлияны өте жақсы көрді. Әубәкірдің әйелі Сән қыздарға көп нәрсені үйретті, оған қыздар үй жұмысына көмектесті, кішкентай бауырларын тәрбиелеп, бақты. Өз құрдастарына қарағанда Әлияның мінезі, қисық қатал болатын. Сұрапыл соғыста да ол мергендігімен, батылдығымен жауға қарсы тұра білген.

1941 жылдың шілдесінде Әлия Солтүстік- Батыс майданына 54- ші атқыштар бригадасына аттанды. 4-ші батальонның снайпері болды. Қанында бар қайсарлықты сын сағаттарында да көрсете білді.

1944 жылдың 14- ші қаңтарында қазақ халқының ер қызы отаны үшін, ел үшін батырлықпен қаза болды.

Мәншүк Мәметова Бөкей ордасында дүниеге келген. Ол жастайынан өнерлі болған, ән айтқанды жақсы көрген. Азан шақырып қойған аты- Мәнсия. 5 жасынан бастап оны әкесімен немере інісі Ахмет Мәметов және Әмина асырап алған. Үлкен қара көзі, пысықтығы, ширақтығы үшін олар баланы еркелетіп «Моншағылым» деп атады. Өзінен атын сұрағанда, бала «Мәншүк» деп жауап берген. Солай аты Мәншүк боп қала берді.

Ол кесте тігуді жақсы көріп, спортты да сүйетін еді.

1937 жылы ғылыми-зерттеу институтының директоры Ахмет Мәметов «халық жауы» аталып, қамауға алынды. Ал Мәншүк 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталғанда, 18 жасында соғысқа аттанды.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Қазақ халқының ер қызы Мәншүк 1944 жылы Отан үшін, ел үшін батырлықпен қаза тапты. Ерлігі үшін Кеңес Одағының Батыры атағы берілген.

Орал қаласында Мәншүк Мәметова атындағы көше бар және республиканың ондаған мектептері батырдың есімімен аталады.

Батырлық – қазақ халқының қанында бар қасиет. Әлия мен Мәншүк халық үшін егіз есім, бір ұғым. Бұл есімдер халқымыздың қадір-қасиетін, ұлттық мінезін аласартпайтын тұлғалар.

Әпкелеріміз аққан жұлдыздай жарқ етті де, жоқ болды. Екеуі де камшының сабындай қысқа ғұмырында ел сүйсінерлік ерлік жасап, артына аңыз қалдырған. Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен, апа-ағаларымыздың ерлік істерін құрмет тұтып, еске алып, аруақтарына бас иеміз.

Мәншүк апай – батыр қыз,  
Ардақтаймыз атын біз,  
Әлия апай – мерген қыз,  
Қадірлейтін мәңгі біз

Біз бейбітшілікті жақтаушы, достықты жырлаушы, тыныштықты сақтаушы елміз. Елімізде және жер бетінде мәңгілік тыныштық сақталсын.

Бейбіт күн сыйлаған батырлар даңқын әрқашан биік ұстайық,- деп айтқым келеді.

Шығыстың қос жұлдызы, бүгінде жырға қосып жүрген «Ерліктің қос қанаты деп білемін, аяулы Әлия мен Мәншүгімді» деген батыр апайларымыз мәңгі біздің жүрегімізде.

Олардың рухына тағзым етіп, бізге бақытты, бейбіт күнді сыйлағандарды құрметтеп, даңқын көтеру бәріміздің міндетіміз.

Батыр апа, ағаларымыздың үлгісі бізді, Отанды, тілді сүйіп, құрметтеуге баулиды. Мен өз шығармамды мына өлең жолдарымен аяқтағалы отырмын:

Жанымдай сүйем халықты,  
Ерлері мәңгі даңқты.  
Өнеге тұтып өсемін,  
Әлия мен Мәншүкті.



**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

**Бақтығали Әлия**

10-класс, №44 мектебі Орал қаласы  
Батыс Қазақстан облысы  
Жетекші: Шахина Л.Ғ.

**Бабалар ерлігі-ұрпақ бақыты**

Үйіңде де, түзде де өз еліңнің  
Тәңіріне құлшылық ет,  
Өз еліңнің батырларын құрметте.  
Анарыс ( Сақ Анахарсис)

9 мамыр – Ұлы Жеңіс күні. Осыдан 70 жыл бұрын бұл күні адамзат тарихы аңсаған жарқын күн, сарыла аңсаған сәт туды. Бұл бақыт Отанын шексіз сүйген, жеңіске сенімді ыстық жүректері лүпілдей соққан кешегі жігіт, бүгінгі айбынды тірек- өнегелі аталарымыздың арқасында келді.

Біздің аталарымыз бен әкелеріміздің батырлығы , олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншілігі бүгінгі бейбіт күн жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес, бұл – бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуы мен ұлттық қайта өрлеуінің жоғары адамгершілік негізі. Жеңіс күні – абырой мерекесі.

Ұлы Жеңіске біз ерекше ғажап күшпен жеттік. Ол күш – бірлік, қаншама халық бір тудың астына бірігіп, күштерін бір арнаға салды! Ұлы Жеңіс - он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы

Москва, сенің іргеңді  
Ел, ер болып сақтаймыз  
Сенен аяр жан да жоқ,  
Барлығы да сен үшін  
Саған қауіп төнгенде  
Жау таянып келгенде,  
Қамсыз тыныш жатпаймыз  
Алпыс ұлттың адамы,  
Қол ұстасып үн қосып,

Қорғауға сені дайынбыз, - деп жазған Нүрпейіс Байғаниннің өлеңінен халқымыздың Мәскеу қаласына деген ерекше құрметі байқалады. Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне Қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды.

Қазақ – елі басына күн туғанда толарсақтан саз кешетін жауынгер халық. Ұлы Отан соғысының қатпарлары парақтарына үңіліп қарасақ, қазақтардың

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

канды қырғынға қаймықпай соғысқанына анық көзіміз жетеді. Батыр баба, ойы тұңғыық, қимылы қылыш Бауыржан Момышұлы есімі, ерлігі жадымызда мәңгі қалып, өнегесі болашаққа күш, қайрат, рух береді. Ер есімі – ел есінде. Бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар, апалар ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Олардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігімізге нұрлы шуағын мәңгі шашпақ.

Ұлы Жеңіс! Қаншама боздақтардың өмірін қиған, талай шаңырақты ортасына түсірген соғыс өртінің өшкеніне 70 жыл толмақ. Адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыстың болып өткеніне 70 жыл толса да, Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай ізін қалдырды. Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы қаншама қиындықты бастан кешірді, қаншама жан өмірін қиды!

Осы күнге шейін соғыста хабар-ошарсыз кеткен әкесін, атасын іздеген ұрпақ қаншама? Немесе майдан даласынан «қара қағазы» ғана жеткен жауынгерлердің қазіргі үрім-бұтақтары енді олардың қайда жерленгенін білгісі келеді, басына туған жердің бір уыс топырағын апарып тәу етуді армандайды.

9 мамыр - бұл мереке ғана емес, бұл- ауыр еңбек, бұл- халықтың батырлығы. Бұл мереке – бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгер-солдаттар мен офицерлердің ерлігін, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерен еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қалмақ.

Отаншыл болу – ең алдымен өткенді білу. Осынау қойнауы қазынаға толы байтақ даланың әр пұшпағын бабаларымыз ақ найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғағанын ұмытпау – парыз.. Отан сенің отбасыңнан, аядай ауылыңнан, сол жердің тасынан, суынан, топырағынан басталады. Қазақ жері – киелі, қасиетті. Оны малмен, ақшамен, алтын-күміс, асыл тастармен бағалауға келмейді. Отаншыл болу – ұлтжанды болу. Ынтымағы жарасқан елді көргенде, жаудың құты қашады. Бірлігіміз барда тас камалдай берікпіз.. Кез келген адам бейбіт заманда да Отанын қорғай алады. Ол дегеніңіз қолға қару алу емес, өз Отаныңның білімді, өркениетті, салауатты перзенті бола алу. Жастар өз Отанының нағыз патриоты бола алу үшін үлкендер де өз соңынан ерген ұрпақты дұрыс тәрбиелеуі керек. «Отаным маған не бересің деп емес, Отаным, мен саған не бере аламын?» деп өсу керек. Сонда елімізде әрқашан да бейбітшілік болады. Себебі, ертеңгі елдің тізгінін ұстар азаматтар білімді болса, олар барлық қиыншылықтарды ақылмен шеше алатын болады. Соғыс кезінде қаншама жастар қыршынан қиылды. Олар Отан үшін жанын пиде етті. Ал олардың әрқайсысының анасы, баласы, сүйген қыздары, үлкен-үлкен армандары бар еді. Бірақ олар елге қауіп төнген кезде барлығын да құрбан етті. Отан үшін отқа түсіп, Жеңіс сыйлаған ардагерлерге

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

тағзым етеміз. Сұрапыл да жойқын соғыста қыршынынан қиылған жауынгерлер есімі ел есінде мәңгі сақталады.

Бүгінде Жеңіс күні мерекесі- адамдардың ұлтына, дініне, тілі мен мәдениетіне қарамастан, баршаға ортақ қуаныш күні. Бұл қастерлі мейрамның мән – мағынасы, қадірі еш солғындамақ емес, оны жас буын – жаңа ұрпақ қадірлейді, қастерлейді.

**Бақтығалиева Айтолқын**

9 сынып, Қ.И.Сәтбаев атындағы орта мектебі  
Тасқала ауданы, Тасқала ауылы  
Батыс Қазақстан облысы,  
Жетекшісі: Батырова Б.Р.

**Сен құрметте оны, қарағым...**

Сенсің, Отан,қан майданда  
Сыйынарым ұраным.  
Күні-түні, әр қайда да  
Сені көріп тұрмын...  
Бір өзінде, кең кеудеңде,  
Соққандай өз жүрегі.  
Өрендерің сен дегенде,  
Өлімге де жүреді...  
Жұбан Молдағалиев

Ұлы Отан соғысы шын мәнінде біздің көп ұлтты халқымыз үшін аса үлкен, өте ауыр сын болды. 1418 күнге созылған бұл қатерлі айқаста Отанымыз экономикалық қуатты, халқымыздың ерік-жігері, олардың саяси бірлігі мен күш-қуаты сынға түскен болатын. Қазақтың талай ұл-қыздары соғысқа кетіп көбісі қаза тапқан. «Өзің өлме, жауды өлтір! Егер қапыда өлсең, сенің атыңды халықтың өз тарихына алтынмен жазады!...»,- деген Мәншүк Мәмбетованың сөзінен соң жауынгерлер өз күштерін жинап, өз Отаны үшін алдарынан көптеген тосқауылдар жасаса да ешқайсысына қаймықпай жеңіп шыққан болатын. Жауынгерлер өз ата-анасын, аяулы жарын, жанұясын сағынса да қасындағыларға Отанды сағынғанын айтқысы келмеді. Соғыс адамзат баласын аяусыз жазалады. Соғыс уақытында көп адам аштықтан қаза тапты. Көп аналар өз ұл-қыздарынан айырылды. Қазақ қыздары өз елі үшін жан пиде еткені қазақ қызына тән ерлік болды. Соғыста қаза тапқан жауынгерлер біздің мәңгі есімізде қала береді.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Менің өзімнің туған жерім Жәнібек ауданы. Жәнібек ауданы Сталинград қаласына жақын орналасқан. Үлкен темір жол бойында. Соғыс кезінде жау ұшақтары келіп бомбалап кеткен. Біздің Жасқайрат ауылынан майданға 318 адам алынып соғысқа қатынасып, содан елге оралғаны 193, қаза тапқаны 125 адам. Әр үйден екі-үш азаматтан кеткен.

Біздің шаңырақтан төрт адам кетіп үшеуі майдан даласында қаза тапқан. Соғыс басталғанда атам үш жаста болған, соғыс аяқталғасын соғыста қаза тапқандардың баласы ретінде интернаттарда жатып білім алған. Мектеп бітіргеннен кейін комсомолдың шақыртуымен Теміртау қаласына Қазақстан магниткасының құрлысына барған. Совет армиясының қатарына шақырылып әскери міндетін өтеген. Елге оралып ауыл шаруашылығын өркендетуге ат салысқан. Бірнеше медаль мен марапатталған. Қазір құрметті зейнет демалыста. Еңбек ардагері.

Жауды жеңіп соғыстан келген майдангерлер ауыл шаруашылығын көтеруге, еңбектің әр саласында еңбек етіп соғыс кезінде ауыр болған жағдайларды көтеруге жұмыла кірісті. Біреулері мал бағып, біреулері егін салып өз үлестерін қосты. Соғыстан қажыған елдің еңсесі көтеріліп тыныштық орнағанына қуанды. Соғыстан бәрі аман келген жоқ біреуі қолынан, біреуі аяғынан айырылып елге қасіретпен оралды. Соған қарамастан шаруашылықтың әр саласында еңбек етуге кірісті. Елдегі үлкен адамдар, әйелдер, бала-шаға еңбектері жеңілдене түсті, тыныштық орнағанына қуанды. Жабылған мектептер ашылып оқушылар сабаққа барып білім алатын болды. Тыныштық өмір басталды.

Сен құрметте оны!  
Түсіндің бе, қарағым?  
Сенің келешегің үшін берді ол  
Азаттық жолында аяғын!

Соғыс ардагерлерін еш уақытта ұмытпай, олардың бізге сіңірген еңбектерін бағалай, қадірлей білуіміз керек. Туған жерді қастерлеу, Отанды сүю, үлкенді сыйлау, құрметтеу, кемтар жандарға күлмеу – біздің ата-бабаларымызда бар қасиеттер. Олай болса, Бауыржан Момышұлы айтқандай: «Ел дегенде езіліп, жұрт дегенде жұмылып қызмет ет! Жерге тер төгіп, халыққы қан төгіп қызмет ет!» нақыл сөзін ой-санамызға берік ұстап, болашақта ұлттық салт-дәстүрді сыйлайтын намысты ұл мен қыз болып жүрсек деймін.

Бұл жеңіс оңай жолмен келген жоқ. Қазір біздің еліміз тәуелсіз, бақытты ел. Біз осындай отанда өмір сүріп жатқанымызға қуаныштымыз. Қазақстан көп ұлтты ұлан байтақ ел, біз өз тәуелсіздігімізді алғалы еліміз кеңейіп көркемденіп әдемі қалаға айналды. Біздің еліміз бұнымен шектеліп қалған

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жоқ. Қазақстан 2050 мәңгілік ел бағдарламасы және ЭКСПО - 2017 бағдарламасы құрылды. Біздің Отанымыз одан әрі көркемденіп өрлеуіне бәрі атсалысуда. Алдағы уақытта Қазақстан одан әрі тамырын тереңге жайып, одан әрі көркеюін қалаймын. Енді ешқашан соғыс болмасын. Біздің еліміздің тәуелсіздігі мәңгі болсын дегім келеді.

**Бақытова Аида**

6 сынып, М.Б.Ықсанов атындағы №36 мектебі  
Орал қаласы Батыс Қазақстан облысы  
Жетекшісі: Нурмуханбетова А.У.

**Ұмытылмас ерліктер!**

Сүйінші, халқым, сүйінші!  
Сүйіншіге сүйінші!  
Шаттан, ата-анамыз,  
Шаттан, ата-бабамыз,  
Кек қайтарып фашистен,  
Соғыс бітті жеңіспен,  
Жеңдік жауды күресте  
Жасалсын той-мереке!  
Т. Жароков

Міне, жан қиналыспен жеңіп алған ұлы жеңісімізге 70 жыл толып отыр. Бұл жеңіс сол кездегі ержүректік пен төзімділіктің арқасында алынып отыр. Жандары шырқыраса да, елім-жерім деп қан төккен қаншама жауынгерлерімізді есімізге аламыз? Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ең ауыр күн болды. 14-18 жылдар бойы күн демей, түн демей қазағым, елім, жерім, Отаным деп, келешек ұрпақ деп қаншама адам жан қилы соғыстарда намысты қолдан бермей, ерлік көрсетті. Бір күшке жиналған орыс пен тәжік, грузин мен белорус, қазақ пен украин қарсы алдындағы жауға алмас қамал болып бірікті. Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап, Берлинге дейін барды. Олар Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда батыр ерліктер көрсетті. Украинды, Кавказды, Белоруссияны, Қырымды, Прибалтиканы азат етті. Польша, Румыния, Венгрия, Чехословкия, Болгария, Германия жерлеріндегі майдан жолдарында жеңіс туын көтеріп өтті. Ұлы Отан соғысы жылдарында біздің қандастарымыз қатыспаған бірде-бір үлкен шайқас болған жоқ.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Жеңіс күні-абыройымыз бен даңқымыздың мерекесі. Сол бір сұрапыл, қатал жылдарда қазақ халқы өзінің Отанына деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. 500-ден аса жерлестеріміз, соның ішінде елі үшін барын салған 96 жауынгер Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Олардың қатарында Бауыржан Момышұлы, Талғат Бегельдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов, Мәншук Маметова, Әлия Молдағұловаларды ерекше атап өткенді жөн көрдік.

Қазір жыл сайын 9-мамыр жеңіс күнін тойлаймыз. Бұл мейрамды біздің аяулы да даңқты әйелдеріміз-өздерінің әкелерін, ерлерін, ұлдарын және сүйіктілерін көзінен жасы сорғалай жүріп, мол төзімділікпен күткен, олардың орнын жоқтатпаған, аналар мен жұбайлар, қалыңдықтар мен қыздар тойлайды. Олар өздерінің жақын батырларын әрқашан мақтан тұтып, аяққа таптатпайды!

Осы әйел адамдар секілді мен де өз батырларымды сүйемін. Кез келген жерде мен олардың ерлігі мен есімдерін еске алып, мақтанышпен айтамын.

Әр ел өз батырларын, жеңіс күнін әрқашан еске алып отырады. Сол сияқты біз де егемен елімізбен, ержүрек ерімізбен, даңқы жер жарған қазақ ұлтымызбен мақтанамыз. Әрбір жүрегі қазақ деп соғатын адамзат ешқашан өз елін сатпауға, елге егемендік әкелген батырларды ұмытпауға тиісті.

Өзім сияқты өскелең ұрпаққа айтарым, не болса да қорқақтық танытпаңдар, қиындықтан қашпаңдар. Батырларымыздың ұрпақ үшін паш еткен ерен еңбектерін аяққа таптамаңдар! Өйткені, біздің әрбір азаматымыздың бойында Бауыржан Момышұлының, ал әр азаматшада Әлия Молдағұлованың қаны бар...

**Балғабаева Ақбаян**

7 сынып, Қаршы орта мектебі, Лбішін ауылы  
Ақжайық ауданы Батыс Қазақстан облысы  
Жетекшісі: Бактыгулова А. М.

### **Ерлік пен Жеңіс**

Бейбітшілік жайлай берсін жер үстін,  
Туы мәңгі желбіресін жеңістің.

Барлық балалардың бақыты – бейбіт өмір, мөлдір аспан. Әр баланың жүрегі жараланбай, ата-ананың үрім бұтағы үзілмей ұзақ ғұмыр кешуін тілейді. Біздің бақытты болуымыз үшін күресіп, Ұлы Жеңісті алып берген ата-баба ерліктері ел есінде мәңгі сақталады. Міне, Ұлы Жеңістің жетпісінші көктемін қарсы алып, ата-бабаларымызды әлі танып білудеміз. Бұл соғыс

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

адамзат тарихындағы елеулі оқиға. Біз соғыс ардагерлерінің шөберелері оны тек кинодан көрдік, кітаптан оқыдық. Жаудың бейбіт адамдарға көрсеткен қорлығы жаныңды түршіктіреді. Ал біздің солдаттардың ерлігі сүйсіндіріп, басыңды идіреді. Суық хабар сол күні байтақ елімізге, Жер-жердегі ауылдарға тарады. Ер-азаматтар асығыс соғысқа аттанды. Қасиетті бейбіт жатқан жеріміз құлақ естіп, көз көрмеген апатқа ұшырады. Еліміздің жауынгерлері қасықтай қаны, шыбықтай жаны қалғанша шайқасты. Жеңіс оңайлықпен келген жоқ. 50 миллионнан астам адамның өмірін жалмады. Міне, осынау елімізге лаң салған апаттың жеңіспен аяқталғанына 70 жыл болғалы тұр.

Жатқызбады ар-намыс, сұм соғысқа барғызды.  
Жас кәріні, адамзатты аяғынан тік тұрғызды.  
Отан үшін отқа оранды азаппен  
Ерлік ,Жеңіс оңайлықпен келмеген

Ұлы Жеңістің 60 жылдық мерекесі қарсаңындағы деректерге қарағанда біздің Батыс Қазақстан облысынан 76000 адам соғысқа қатысқан, соның 35000 астамы туған елге оралмады. 40 жерлесіміз Кеңес Одағының Батыры атағын алған. Алапат соғыстан тірі оралғандарды, жеңісті жақындатуға үлкен үлес қосқан марқұмдарды біз ұмытпауға тиіспіз.

Менің бүгінгі шығармамның кейіпкері өзіміздің жерлесіміз, Кеңес Одағының Батыры Михаил Абдолов. Алғаш рет ұрысқа Сталинград түбінде кірген ол соңынан атышулы барлаушы болды.

Атамның айтуы бойынша Михаил Абдолов 1918 жылы бұрынғы Орал облысы, Чапаев ауданы, Бітік қыстағында малшының отбасында дүниеге келген.

Батысқа қариялар құлақ түріп,  
Сұм соғыс сөндірді сан шырақты үріп,  
Бір жесір бір жесірге көңіл айтты  
Қайғыдан өзі егіле жылап тұрып

Осындай қиын сәт туған кезде Михаил атамыз да әскер қатарына алынды. Сталинград үшін болған қиян-кескі ұрыстар кезінен барлаушылар басқарып келе жатқан Михаил Абдоловтың ерлігі 57 армия көлеміне белгілі болатын. Ал барлаушы деген кім? Дұшпан әскерінің орналасу тәртібін, байланыс жүйесін, жаяу әскер күшін, әскери техникасын, жаяу әскер күшін, қысқасы әскери басшыларға қажетті құпия деректерді дәл анықтап, жеткізетін осы барлаушылар. Қажет болса тұтқындап «тіл», маңызды құжаттар да алып келетін осы барлаушылар. Жаумен бірінші боп бетпе-бет келетін де солар. Сондықтан оларды штабтың көзі мен құлағы деп атаған. 1944 жылы қараша

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

айында аға сержант М. Абдолов бастаған барлаушылар бөлімшесіне Дунай өзенінің арғы бетін барлап, қайтуға бұйрық берілді. Бұйрық талқыланбайды орындалады. Абдоловтың бөлімшесі қараңғы түнде қайықпен Дунайдың оң жақ жағасына өтті. Бұл Венгрия Республикасының Махач қаласының тұсы екен. Әдетте жау өзен жағалауын мықты бекініске айналдырып тастайтын. Бұл жолы да солай болды. Келіскен мерзімде полк Дунайдан өте бастайды. Ал бұлар фашистердің траншеясын тосып шабуыл жасап, олардың назарын өзіне аударулары керек болды.

Аға сержант жаудың осалдау тұсын шамалап алып, «Уралап» бөлімшесінен траншеяға секіріп түсті. Фашистер мұны күтпеген еді, сасып қалды. Нәтижесінде отыз шақты неміс жер жастанды. Оның бөлімше командирін де жер құштырды. Бұдан басқа 12 неміс солдаты мен офицерін тұтқынға алды, маңызды құжаттарды қолға түсіріп, полк штабына жөнелтті. Енді бір сағат шамасында жаппай шабуыл басталатынын білетін бөлімше командирі біздің жауынгерлерге ажал оғын төгіп тұрған дзоттарды жоюға шешім қабылдады. Бұларды жоймаса шабуылға шыққан әскерге зор шығын әкелмек.

Михаил Абдолов бес жігітпен алға ұмтылып гранаттармен екі дзоттың күлін көкке ұшырды. Алты жігіт келесі траншеяға секіріп түсіп, қолма-қол ұрысқа кіріскен. Тәжірибе мен шапшаңдықтың арқасында тағы бір взводтай жау солдатын ажал құшты. Бір миномет пен екі кіші калибрлі зеңбірікті қолға түсірді және олардан жаудың өзіне қарай оқ жаудырды. Осы ұрыста М.Абдоловтың өзі немістің тағы 11 солдаты мен офицерін жойып, төртеуін тұтқынға алды. Міне, көзсіз батыр деп осындай батырды айтатын болар, меніңше ол кісі өмірде де тентек, қуақы адам болғанға ұқсайды. Әсіресе, Отанға деген сүйіспеншілігін ерен ерлігімен дәлелдеген. Біз білетін бұл М. Абдоловтың бір ғана шабуылда көрсеткен ерлігі еді. Ал ол мұндай шайқастың қаншасын өткерді десеңізші!

Ер жүрек барлаушы атамызға 1945 жылы 24-наурызда Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Ол Ленин, Қызыл Ту, I-дәрежелі Отан соғысы, Қызыл Жұлдыз ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталды. Батыр барлаушы соғысты Берлинде аяқтады, елге аман-есен оралды. Бейбіт өмірге араласып ауыл шаруашылығының әр саласында еңбек етті. Өмірінің соңғы күндеріне дейін Ақжайық ауданының Бұлан ауылында тұрды. Ержүрек барлаушы атамыз Жеңістің 60 жылдығын тойлауға екі күн қалғанда өмірден өтті. Өзі өмірден өткенмен аты тарихта мәңгі қалды. Венгрия Республикасында бір мектепке М. Абдоловтың есімі берілді. Біздің ауданымыздың Жамбыл ауылдық округінде М.Абдоловтың атында мектеп бар.

«Ғалымның хаты өлмейді,



**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Батырдың аты өлмейді», -деп бекерге айтылмаған. Біз кейінгі жас ұрпақ аталар ерлігін еш ұмытпауымыз керек. Қазіргі шаттық өміріміздің бақытты күндері сол майдан даласынан оралмаған боздақтарымыздың арқасында келгенін ешқашан естен шығармай, еліміздегі ерлігі ерен ата-бабаларымызды әркез оқып, біліп келер ұрпаққа насихаттау біздің парызымыз. «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деп атамыз қазақ бекерге айтпаған ғой. «Ежелден ел тілегі-ер тілегі, адал ұл ер болып туса-ел тірегі» -деп, Бауыржан атамыз айтқандай туған ауылымда да Ұлы Отан соғысы ардагері Есимов Сұпығали атамыз кенже ұлының жанұясымен тұрады. Сұпығали ата да I –Украина майданының 1170-ші атқыштар полкінде бөлімше командирі ретінде соғысқа қатынасқан. Соғыста I-II –дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, Берлинді алу операциясына қатысып «Берлинді алғаны үшін» медальдармен марапатталған. Мектебіміздің мұражайында ата-бабалардың ерлік істері туралы көптеген мәліметтер бар.

«Өз ұлын, өз ерлерін ескермеген,

Елі тегі алсын қайдан кемеңгерді» -деп I. Жансүгіров жырлағандай «Ерлік пен Жеңіс» осындай кемеңгер ерлік істеген аталарымыздың арқасында оралғаны шындық.

**Бекбауов Еділхан**

7 сынып, қазақ-түрік мектеп-лицей-интернаты

Батыс Қазақстан облысы

Жетекшісі: Абилова М.С

### **Ұлы Отан соғысы – халық соғысы**

Ешкім де ұмытылмайды,  
ешнәрсе де ұмытылмақ емес

Міне, Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да 70 жыл өтті. Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің тылдағы қажырлы еңбегімен жеңісті шыңдаған, станоктың қасынан, егін даласында, күні-түні мал бағып, тынымсыз жұмыс істеген жұмысшылар, ауыл адамдары тойлайды. Бұл мейрамды біздің аяулы да даңқты әйелдеріміз – өздерінің әкелерін, ерлерін, ұлдарын және сүйіктілерін көзінен жасы сорғалай жүріп төзімділікпен күткен, олардың орнын жоқтатпаған аналар мен жұбайлар, қалыңдықтар мен қыздар

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің әкелері мен ағалары қанын төгіп, жанын қиып бақытты өмірін қамтамасыз еткен Ұлы жеңістің құрдастары тойлайды. Ұлы Жеңіс күні елі мен жері үшін жанын пида еткен, туған-туысқандарына, жақын-жарандарына, туған жеріне, ауылына оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл елі болып еске түсіреді.

Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ең ауыр күндер болды. Төрт жыл, 1418 күн мен түн бойы өз жері мен отаны үшін, келешек ұрпақ үшін жан қилы соғыс жүріп жатты.

Бір күшке жиналған орыс пен тәжік, грузин мен белорус, қазақ пен украин қарсы алдындағы жауға алмас қамал болып жұмылды...

Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі жертөлелерде, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда батыр ерліктер көрсетті. Украинаны, Кавказды, Белоруссияны, Қырымды, Прибалтиканы азат етті, Польша, Румыния, Венгрия, Чехословакия, Болгария, Германия жерлеріндегі майдан жолдарында жеңіс туын көтеріп өтті. Ұлы Отан соғысы жылдарында біздің қандастарымыз қатыспаған бірде-бір үлкен шайқас болмады.

Қазақ елі басына күн туғанда жалғыз жанын қу шүберекке түйген жауынгер халық болған. Ұлан байтақ даласының бір тұтам жері үшін қорқу деген сезімді жүрегінен жұлып алып тастаған. Тіпті арыға бармай-ақ кешегі Ұлы Отан соғысының әлі сарғайып үлгермеген қатпарлы парақтарына үңіліп қарасақ қазақтардың қанды қырғында қаймықпай соғысқанына анық көзіміз жетеді. Ердің ері шыдайтын жаңбырша жауған оқ пен қарша бораған бомбаның арасында олардың нәзік жүректері тасқа айналып, гүл ғұмырлары ажалдың қанды тырнағына ілікті.

Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. 500-ден аса жерлестеріміз, оның ішінде 96 қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты. Сол жылдары Қазақстан миллиондаған босқындарды өз бауырына аналық мейірімімен тартушы, эвакуацияланған завод пен фабрикаларға, майданға керекті оқ -дәрі мен азық-түлік жеткізуші үлкен арсеналға айналды.

Шығанақ Берсиев сияқты еңбек ерлерімен қатар иықтарына үлкен ауыртпалық түскен еңбек даласында миллиондап жұмыс істеген әйелдерсіз, жасөспірімдер мен қарттарсыз Жеңіс күнін көзге елестету мүмкін бе еді?!

Мың жылда бір-ақ көрінетін кометалардай сыры да, сезімі де терең, тұңғыық дана тұлғаларымыз фәни өмірден баз кешіп, бақилық болып жатыр. Әйтсе де, Баубек пен Бауыржан батырлығы, Әлия мен Мәншүк ерлігі, Қаныш

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

пен Әлкей білімі, Мұхтар мен Ғабит, Ғабидендердің үні, Дінмұхаммедтің парасаты – бүгінгі ұрпаққа өнеге.

9 мамыр – бұл мереке ғана емес, бұл ауыр еңбек, бұл халықтың батырлығы. Біздің парызымыз – бұл күнді еске сақтау. Біздің ардагерлеріміз! Олар кемде-кемде қалды. Оларға лайықты кәрілікті қамтамасыз ету, оларға көмектесу керек.

Ұлы жеңістің күнімен құтты болсын! Тарихымызда қалған бұл сұрапыл соғыстың кеселінен өткен ата-апаларымыз аман болсын! Келешек еліміздің дархан даласы кең, аспаны ашық болсын! Жұдырықтай жұмылған, білектей біріккен кеңпейіл Қазақ елі жасасын!

Ешқашанда жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды. Бүгінде біздің азаматтық міндетіміз – болашақ ұрпақты Отанын сүйуге, елінің, жерінің адал патриоттары, достық пен бірлік туралы түсінік беру арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес! Соғыс – күйретуші күш! Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал. Сол қанды кезеңді еске түсіріп, елестететін газет-журнал материалдары немесе радиотелехабарлар, кинолар аталар ерлігін мақтанш тұта бізге жеткізді.

Иә, содан бері 70 жыл өтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ.

Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды.

Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш – әрине, «бірлік». Қаншама халық бір тудың астына бірігіп күштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы.

Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігімізге нұрындай мәңгі шуағын шашпақ.

Ұлы жеңіс құтты болсын, ардақты халқым менің!

**Берикова Дилана**

5 сынып, №1 мектебі, Чапаев ауылы  
Ақжайық ауданы Батыс Қазақстан облысы  
Жетекшісі: Капиева Г. З.

**Менің атам – батыр**

Үлкендерге құрмет көрсету, соғыс ардагерлеріне тағзым ету керек деген сөздерді үнемі естіп жүрміз. Ескерткіштер мен еске алу саябақтарының

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жанынан өткенде менің атамның да соғысқа қатысканы, біз үшін, біздің болашағымыз үшін күрескені туралы атамның айтқан естеліктері есіме оралады. Мен сияқты балалардың барлығы өз аталарын сұрастырып, есіне алып жүргенін қалаймын. Көп ізденіп, көп білуге тырысқан адам, өз елінің тарихын білетін патриот болып өсетіні белгілі.

Мен нағашы атам – Уткенов Хасан туралы айтқым келеді. Менің атам – батыр. Сондықтан ол туралы естеліктің өшпегенін, мәңгілік өмір сүргенін қалаймын. Менің атам 1924 жылы Атырау өңірінің Яманка ауылында (қазіргі Махамбет ауданы) дүниеге келген. 1937 жылы 7 жылдық мектепті бітіріп, алғашқы еңбек жолын Бақсай ауданының «Казнефтекомбинат» совхозында бригада жетекшісі болып бастайды.

1942 жылы тамыз айында армияға шақырылып, 1943 жылдың наурыз айына дейін Баку қаласында зениттік – артиллериялық курста оқуда болады. Курстан кейін майданға алынып, Ұлы Отан соғысына қатысады. Алдыңғы шептегі ұрыс қимылдарына қатыса жүріп, Беларусь, Польша, Чехословакия, Жапония елдерін қорғауға қатысқан. Ростовты азат етуге қатысқан. Донның үстінде 5 көпір болған, немістер оны бақылап, бомбылап тұрған. Өйткені Ростовтың үстімен Ираннан келетін барлық қару-жарақ, тамақтар, автокөліктер өткен. Сол жерді қорғаған ержүрек, қайсар жан болғанын да атамның әңгімелерінен естігем.

1944 жылы Бессарабияға/ Молдавия/ барып, Ясса-Кишиневская группировка майданының құрамында жүріп, Румынияның Ясса, Плогита, Венгрия, соның ішінде Будапешт қалаларын босатты.

1945 жылы Австрияға өтіп, Вена, Креме, ИБС қалаларын босату шайқасына қатысып, Германия шекарасына жеткен және Англия-американдықтармен кездескен.

1945-1946 жылдары 1374 зениттік артиллерия полкының орудия командирі болған. 1947 жылдың ақпанында әскерден қайтару бұйрығына дейін Австро-Венгриялық басқыншылар әскері қатарында әскери міндетін атқарған.

1947 жылы әскерден оралып, көптеген жоғары лауазымдық қызметтер атқарған. 1947 жылы әжем – Анапияға үйленіп, 6 қыз, 1 ұл бала сүйеді. Атам өзінің балаларының білім алып, алдағы келешек өмірлерінің жарқын болуы үшін жол сілтей білген. Оның қыздарының аттары: Зәуреш, Жанна, Алия, Ляйля, Дамира, Дина, ал баласының аты – Түсіпқали. Балаларының барлығы білім алып, Астана, Алматы, Атырау, Орал қалаларында белді қызметтер атқарып, қазіргі таңда зейнеткерлікке жетіп отырғандары да бар.

Атам 1985 жылы зейнеткерлікке шығып, 2005 жылдың ақпан айының төртінде дүниеден озған. Қазір атамның немере, шөберелері бар. Мен атамның кенже қызы Динадан тараған Дилана атты жиен-немересімін. Менің атымды осы нағашы атам қойған екен. Ол есім, үлкендердің айтуы бойынша өзінің

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

атасының есімі Дилан болған, енді сол үлкен атамның есіміне лайық болып, менің де есімімнің өзге ұрпақтарға жалғасқанын қалаймын. Атамның атасы секілді білімді, салмақты, сабырлы, болашағының қамын ойлайтын жан болу үшін тырысып жүрмін. Өзім батыр атам туралы, басқа да батырлар туралы деректер жинаумен айналысып жүрмін. Мектебімізде де еңбек ардагерлері мен соғыс ардагерлерін жиі есімізге алып жүреміз. Біздің болашағымыз үшін өмір жолдарын арнаған аталарымызға басымызды иіп, есімдерінің мәңгі сақталуын тілеймін.

**Ғабдрашитова Жанерке**

9 сынып, №19 орта мектебі

Орал қаласы Батыс Қазақстан облысы

Жетекшісі: Рыскалиева А. С.

**Сарғайса да тарихтың ақ парағы, Ол күндер мәңгі есте  
сақталады...**

Сен құрметте оны!  
Түсіндің бе, қарағым?  
Ол ақшаға сатқан жоқ,  
Тізеден кесіп аяғын...  
...Сенің келешегің үшін берді ол  
Азаттық жолында аяғын!  
Ә.Сәрсенбаев

Біз соғысты көрген жоқпыз. Біз бақытты ұрпақпыз. Тәуелсіз елімізде жоқшылық, таршылық көрмей, бақытқа бөленіп, өсіп келе жатырмыз. Алайда осы бақытты балалығымыз үшін бізге бейбіт күн сыйлаған аталар рухының алдында мәңгілік қарыздармыз. Тарих беттерінен оқып білгеніміздей бұл күн бізге оңайлықпен келген жоқ. Әсіресе Ұлы Жеңіске жету жолында қанша адамның ғұмыры келте болып, қанша қала қирады. Қиындық пен қасыретке толы соғыс жылдарында ата-әжелеріміз қара репродуктордың түбінде тұрып, Жеңіске деген үмітін үзбей, майданнан жақсылық хабар күтті.

Соғыстың Ұлы Жеңіспен аяқталғанын батысқазақстандықтарға алғаш хабарлап, халықты қуанышқа бөлеген диктор Меруерт Жолдықайырова әжеміз екен. Оралдағы М. Өтемісов атындағы БҚМУ-нің қарт ардагер ұстазы Меруерт әже өз естеліктерінде сол күнді былай деп еске алады:

– Ол кезде қазіргі Ғ.Құрманғалиев атындағы облыстық филармонияның екінші қабатының құбылаға қараған кең бөлмесінде отызға жуық қыз жататынбыз. Таңғы бестерде есікті тарсылдатып қаққан дауыстан бәріміз өре

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

түрегелдік. Сұрапыл соғыс уақытында еңбектеген сәби балаға дейін елгезек, сергек еді. Есік қаққан сол кездегі педагогикалық институттың директоры Константин Васильев екен.

– Мені сұрады. Әке-шешем Ресей топырағында қалған, жалғыз апам бар еді. Соған әлдене болып қалған екен деп қорықтым. Сөйтсем, облрадиокомитетке жедел шақыртып жатыр екен, жүгіріп жеттім, – дейді Меруерт әжей.

Бұл осыдан 70 жыл бұрынғы 1945 жылдың 9 мамыры еді. Алдымызда әзірлеп қойған қағаз жатыр екен. Жүрегіміз лүпілдеп, даусымыз дірілдеп, қағазды оқи бастадық.

– Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар, Оралдан сөйлеп тұрмыз. Қымбатты батысқазақстандық жерлестер! Бүгін фашистік Германия тізе бүгіп, Ұлы Жеңіс күні туды! Гитлер капут болды. Қуаныңыздар! Шаттаныңыздар! -деп қуанышты дауыспен Жеңісті хабарладық. Содан орыс тілінде жүргізетін жүргізушімен құшақтасып, бір-бірімізді құттықтап, ұзақ тұрдық. Сыртқа шықтық. Қазіргі Абай алаңының бойы толған адам. Кемпір-шал, жас-кәрі, бала-шаға бір-бірін құшақтап, жылап мәре-сәре. Халықтың сол күнгі қуанышын айтып жеткізу мүмкін емес. Ол кездегі адамдардың пейілі, ниеті бөлек еді. Жарты құртты жарып жеп, бір тілім нанды жемей, бірнеше адам бір кісіні күтіп отыратын еді, – дейді Ұлы Жеңіс куәгері. Жеңісті жариялаған ардагер ұстаз қазір Орал қаласында тұрады.

Ұлы Отан Жеңісі туралы айтқанда менің есіме анам айтқан әңгіме оралады. Анамның құрбысы Гүлниса Есенғаливаның атасы Тілеу Есенғалиев деген ақсақал соғысқа аттанарда 18 жаста болыпты. Тілеу атаны майдан даласына шығарып салуға көп адам жиналады. Солардың ішінде басын төмен салып, мұңайып тұрған жас қыз Тілеу атаға ақ тілегін айтып кестелі орамалды сыйға тартады. Майдангер қария Украинаны азат етуге, Будапешттің астанасы Венгрияны жаудан босатуға қатысқан. Ол кісі Будапешті алып, Дунайдан өтіп, Берлинге жеткенде лаулаған өрт, қанқұйлы майданға тап болады. Берлин түбіндегі шайқаста сан мыңдаған адам қаза тауып, көп майдангер жараланады. Менің әңгімеме арқау болған Тілеу ата да Берлинге сегіз шақырым қалғанда снаряд оғы тиіп, жараланып, бір аяғынан айырылады. Сөйтіп бізге бейбіт өмір сыйлау үшін, бір аяғын құрбан еткен атамыз елге бір аяқпен оралады. Кестелі орамалдың иесі де өз уәдесінде тұрып, сарбазды күтіп алады. Бір қызығы атамыз қандай қиын жағдайда да кестелі орамалды жоғалтпай, төс қалтасында сақтайды. Кейіннен шынайы сезімнің куәсіндей болып, қанға бөккен кестелі орамалды әжемізге көрсетеді. Араға үш-төрт жыл салып шаңырақ көтерген олар бақытты отбасы атанып, ұл-қыз өсіріп, немере сүйеді. Осыдан үш-төрт жыл бұрын Ұлы Отан соғысының ардагері майдангер Тілеу ата сексеннен асқан шағында дүниеден озды.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Өз атам Ғабрашиттің әкесі Кенжеғали атам да майданға аттанып, Отанымызды қорғауға атсалысқан. Алайда әлдебір себептермен немістердің тұтқынына түсіп қалған. Кейіннен аман-сау елге оралады. Бірақ жаны жараланып, «тұтқын» атанған атам соғыста көргендері туралы ашылып ешнәрсе айтпапты. Әкемнің айтуынша үлкен атам көп сөйлемейтін, момын адам болған екен. «Тұтқын» атанған атам өмірде лайықты сый-құрмет көрмеген. Әдеттегіше Жеңіс мейрамын тойлап, ардагер аталарды кездесуге шақырып, құрмет көрсетіп жатқанда, ол кісі ауыл сыртына шығып кетеді екен. Ол кездерде мен секілді бала болған екен әкем: «Атам сол сәттерде қатты қиналатын. Бірақ оны ешкімге білдірмейтін. Ол да өзгелермен бірдей соғысқа қатысты. Жұрт Жеңісті тойлап, мәре-сәре болып жатқанда атамның елеусіз қалатынына жүрегім ауыратын» деп жиі айтып отырады.

Біздің ата-әжелеріміздің балалығы азапқа толы болды. Соғыстың кесірінен 20 миллионнан астам өмір қиылған екен. Көпшілігі жас күйінде «Отан үшін», «ел үшін» өмірлерін берді. Қаншама бала «жетім» атанып, әкесіз өсті. Өз өңірімізден шыққан белгілі ақындар Ақұштап Бақтыгереева, Қайрат Жұмағалиевтердің әкелері майданнан оралмаған. Олар өздерінің мұңға толы балалық сәттерін, өз жырларына арқау етті.

Ұлы Отан соғысы жылдарында біздің облыстан майданға 76 мыңнан астам азамат аттаныпты. Олар Орал қаласында жасақталған 152 және 101 атқыштар бригадасы құрамында майдан даласында ерліктің небір ғажап үлгілерін көрсетті. Майдандағы ерліктері үшін Батысқазақстандық 41 жауынгерге Кеңес Одағының батыры, 6 жауынгерге Даңқ орденінің толық иегерлері деген құрметті атақ берілген. Соғыс салған жара әлі жазылған жоқ. Аталарымыз қан майданға, ел қорғауға аттанса, әжелеріміз тылда «Бәрі де майдан үшін!» деген ұранмен бел жазбастан еңбек еткен. 1950 жылдары соғыстан кейін туылған аталарымыздың балалық шағы жоқшылықпен өтіп, мұңға толы болды. Олар ерте жастан еңбекке араласып, ерте есейді. Олардың көпшілігі балалықтың бал дәмін сезіне алмады.

Ұлы Отан соғысының ардагерлері жыл сайын азайып келеді. Оларға көзі тірісінде құрмет көрсету – біздің парызымыз.

Біз бақытты ұрпақпыз! Өйткені Тәуелсіз елімізде ерке де, еркін болып өсіп келеміз. Сондықтан да біз бақытты сәттеріміз бен бейбіт күндеріміз үшін майдангер аталардың алдында мәңгілік қарыздармыз.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

**Ғалымжанова Жадыра**

8 сынып, Подстепный №1 мектебі,  
Орал қаласы Батыс Қазақстан облысы  
Жетекшісі: Шошаева А. Б.

**Сол жылдарға өкпем бар...**

Қажеті жоқ... Соғыстың қажеті жоқ!  
Дұрысы тірлік қылып, ізденейік.  
Шынайы даңқ – еңбекпен келген атақ.  
Соғыс жабайылардың еншісіне қалсын.  
Ги де Мопассан

Бейбіт елге бір зұлмат басталды күн  
Сұм фашистің тарихтан білеміз ғой  
Қырық бірде соғыстың ашқандығын  
Және біздер білеміз қырық бесте  
Бас сауғалап олардың қашқандығын.  
Жаулап алам деп келіп  
Бабамыздың,  
Жеңе алмаған рухының асқарлығын.  
Отан үшін от кешкен батырлардың,  
Ерліктері өшпейтін дастан бүгін  
Даңқтарын олардың тілеймін мен  
Ғасырлардан ғасырға асқандығын

Бұл өлең жолдарын оқып, бір шолып шықсаңыз, сөздердің не айтқысы келіп тұрғанын аңғару әсте де қиын емес. Ия... Бұл-есіңе еріксіз түсетін соғыс. Ұлы Отан Соғысы. Аналарды аңыратқан, сәбилерді шырылдатқан сұм соғыс. 1941 жылы фашистер қазақ жеріне соғыс ашып, 1945 жылы қазақ жерінен қашқандығы бізге таңсық жай емес. Оқуды жаңа түсініп, білім нәрімен сусындап жатқан мектеп партасындағы бозбалардың барлығы осы сұм соғыстың кесірінен майданға аттанды, отбасынан, туған жерінен, туған ауылынан, туған үйінен жыраққа кетті. Ол аздай осы соғыс үшін сағыныш отына жанғаны ештеңе емес, осы үшін өз жанын құрбан қылды, отан үшін отқа да түсіп жанды, мұзға да түсіп үсіп өлді. Ия... Бұл өтірік емес. Өзім бұған көзіммен куә болмасам да, бергідегі ұрпақтың жалғасы болсам да барлығынан хабардармын. Осындай сағыныш, осындай күйініш менің арғы аталарымның басынан да өткен жағдай. 1941-1945 жылы атамның атасы соғыс майданында ерлікпен құрбан болса, ал әкесі Исмағұлдан соғысқа кеткеннен соң ешқандай хабар келмеген. Атам кейде өзінің әкесі туралы сөзқылғанда көңілім босап



**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

кетеді. Әкесінен жастай айырылып, тылда маңдай терімен еңбек етіп, халқына адал қызмет еткен атаммен мақтанамын. Атам Исмагулов Ғылымжан осындай ерен еңбегі үшін бірнеше медальдармен марапатталған. Десе де, сол сұрапыл соғыс болмаса ана баласынан, сәби әкесінен айырылмас еді. Өттең...

Қазіргі таңда көпті көрген, соның ішінде соғыстың зардабы мен зобалаңын көрген қариялар азайып бара жатыр

Қазақ ел басына күн туғанда толарсақтан саз кешетін халық. Ұлы Отан соғысының қатпарлары парақтарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғынға қаймықпай соғысқанына ашық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас алаңында өшпес ерлік жасаған бес жүз қазақтың Кеңес одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді.

«Ер есімі – ел ісінде», - демекші бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар мен апалар ерлігі ешқашанда ұмытылмайды. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігіміздің нұрындай мәңгі шуағын шашпақ – дей келе өз шығармамды мына өлең жолдарымен қорытындыласам деймін

Байқап тұрсаң сол жылдар келісті кім,  
Қазанынан қайғының ел ішті мұң.  
Жарылған бомбалардың әсерінен  
Сорпасы қайнап жатты жер үстінің.  
Батыс жақтан бір қауіп төніп келді.  
Тарылтам деп Кеңестің кеңістігін  
Ақырында бабалар Берлинді алып,  
Біржолата құлатты неміс туын.  
Есепсіз ерліктердің арқасында  
Тойлап жүрміз біз бүгін Жеңіс күнін.  
Сұм соғыстан аман-сау қалған ерлер  
Отан үшін отқа да жанған ерлер  
Бәріңіз де біздерге қымбатсыздар  
Құрметті де, қадірлі ардагерлер

Елім деп, жерім деп сұрапыл соғысқа аттанып, өз жандарын құрбан еткен ата-әжелерімізді әрқашан да еске алып, арамызда жүрген, көзі тірі, майданның ыстық отына күйген ардагерлерімізге құрмет пен қошемет білдіруді ұмытпайық, жастар!

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

**Дарбаев Нұрдәулет**

8 сынып, қазақ-түрік мектеп-лицей-интернаты

Батыс Қазақстан облысы

Жетекшісі: Қайырғалиева Ж.Ж.

Отан үшін отқа түс, күймейсің.

Б.Момышұлы

Адамзат тарихындағы ең сұрапыл соғыстың болып өткеніне міне, 70 жыл толғалы отыр. Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай із қалдырды. Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке – бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгер солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы жеңісті жақындатқан жұмысшыларының ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтінін дәлелдейтін белгі болып қалмақ.

9 мамыр – бұл мереке ғана емес, бұл ауыр еңбек, бұл халықтың батырлығы. Айбынды білек, жеңістеріне сенімді ыстық жүректерімен, қайрат күштерімен кешегі жігіттер, бүгінгі өнегелі аталарымыздың арқасында 1945 жылдың 9 мамыры күні Ұлы мейрам – жаудың жеңіліп, соғысты жеңіспен аяқтаған күн. Десек те, қан майданда елінің намысы үшін аянбай тер төккен ардагер аталарымыз бүгінгі күнде арамызда азайып бара жатыр

Қан майданның жүректе жарасы бар,  
Қайғысы мен зілі бар, наласы бар.  
Арамызда жүретін алшаң басып,  
Ардагерлер азайып барасындар.

Қайсарлық пен өшпес ерлік көрсеткен қазақтың қаһарман батырлары мен ардагерлерімізді біз ешқашан ұмытпаймыз. Өлшеусіз өжеттілік пен жеңіске мұқалмас ерлік-жігер танытқан ата-бабаларымыз біздің жүрегімізде мәңгілік сақталады. Бұл айтулы күн елі мен жері үшін жанын пида еткен, туған-туысқандарына, жақын-жарандарына, туған жеріне, еліне оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл елі болып еске түсіреді. Қазақ елінің басына күн туғанда жалғыз жанын қу шүберекке түйген жауынгер халық болған. Ұлан-байтақ даласы үшін қорқу деген сезімді жүрегінен жұлып алып тастаған. Тіпті әріге бармай-ақ, кешегі Ұлы Отан соғысының әлі сарғайып үлгермеген қатпарлы парақтарына үніліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғында қаймықпай соғысқанына анық көзіміз жетеді. Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. Жеңіс бізге миллиондаған адамдардың төгілген қанымен келді. Соғыс салған қасірет әрбір жанұяның тарихында із қалдырып кетті. Ұлы Отан

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

тарихы туралы қаншама шығарма жазылып, қаншама кино түсіріліп жатса да, оның тарихына еш уақытта нүкте қою мүмкін емес. Жеңіс күні абыройымыз бен даңқымыздың мерекесі. Табандылық пен ерлік, Отанға деген сүйіспеншілік қатал соғыста жеңіске жеткізді. Келешек еліміздің дархан даласы кең, аспаны ашық болсын! Жұдырықтай жұмылған, білектей біріккен кеңпейіл Қазақ елі жасасын!

**Демеуғали Камила**  
7 сынып, №44 мектебі  
Орал қаласы Батыс Қазақстан облысы  
Жетекшісі: Шахина Л.Ғ.

**Жеңіс – бақыт. Жеңіс – дастан. Жеңіс – жыр**

Адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыстың жеңіспен аяқталғанына 70 жыл толады. Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Біздің аталарымыз бен әкелеріміздің ерлігі, олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншілігі біз үшін үлгі ғана емес, бұл – бірнеше ұрпақты байланыстыратын қаһармандық дастан. Табандылық пен ерлік, Отанға деген сүйіспеншілік қатал соғыста Жеңіске жеткізді. Отан үшін от кешкен қадірлі қарияларымыздың қатары уақыт озған сайын азайып бара жатқаны өкінішті. Жанын берген батырларымызға әркімнің жүрегінде үлкен қадір мен мақтаныш жатыр. Батырларымызға сене отырып, қуанышты өмірге аяқ бастық, олар сан мыңдаған халықтың қолдауы арқасында еліне бостандық сыйлады. Ел есінде бұл соғыс мәңгі жыр болып қалады.

Сұрапыл соғыс ешкімді аямады. Ананы баласынан, жарынан, баланы әкесінен айырды. Соған қарамастан үміт оты еш өшкен емес.

«Батыр елі үшін туады, елі үшін өледі» деген мақал да Отан деп соғатын жұдырықтай жүрегі бар адам ғана елі үшін жанын пида етеді. Бойындағы қорқыныш сезімін жұлып тастап жауға қарсы тұра білген жауынгерлеріміз қаншама! Тағдырдың ащы дәмін халқымыз аз татқан жоқ. Соның ішінде, аталарымыздың ұрпағына айтары көп. Сол жандардың қасында отырып жеңіс туралы айтып беріңізші деген кезде, олардың көздеріне жас келіп, жаны күйзеліп кетеді. Олардың әрбір айтқан әңгімесі көз алдыға қан майданның сұмдық суретін елестетеді. Бізге осылай әсер етсе, ал осы оқиғаны өз көзімен көрген адам қандай күйде болды екен деген ой келеді. Бұны сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес.

Міне, сол соғыс өткелі 70 жыл болды. Сол қатерлі соғыс кезінде ерлікпен шайқасып, осы бейбіт өмірді әперген батыр ерлерге бас иеміз. Соғыста

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

қаһармандық, ерлік пен еңбек жеңіп шықты. Зұлымдық, басқыншылық тізе бүкті. Бірлік, халықтар достығы нығая түсті. Дүние жүзі бостандыққа қол жеткізді. Сол сәттен бастап Отан ұғымы тереңдей бастады. Отанды әркім өзінше түсінеді, ал нағыз елінің патриоты жанының бір бөлігі ретінде қабылдайды. Тағдыр да, бағыт та, өмір де өзгерді, жаңа заман орнады. Біз, жас ұрпақ, соғыс өртін қаламаймыз! Соғысқа қатысып батыр болмайық, жарқын күннің батыры болуға тырысайық! Ел үшін аянбай еңбек етіп, білім алып, өз еліміздің отансүйгіш ұл-қызы болайық!

**Ерғалиқызы Дана**

9 сынып, №38 мектеп-лицейі

Орал қаласы Батыс Қазақстан облысы

Жетекшісі: Таскарина Г. Ү.

**Мен соғысты қаламаймын!**

Соғыста бір-ақ заң бар мен білетін,  
Кеудемен қорғап қалу жердің бетін.  
Жас қаның туған жерде босқа ақпасын,  
Онсыз сен көре алмайсың елдің бетін.  
С.Мәуленов

Қазақстан тарихы пәнін мен сүйіп оқимын. Бірде көне түркілердің түсінігі туралы өткенде, мені қызықтырғаны – «Өмір ағашы» мағынасындағы тас мүсіндердің мән-мағынасы, ондағы құпия ойлар... Дүниені тануға ұмтылған көшпенділердің киіз үйінің жоғарғы жағы – шаңырақ – үлкен символикалық мәнге ие.

Иә, қорқыныш пен үрейді, зұлымдық пен соғысты жалпы ғаламға, адамдарға деген махаббатпен, құрметпен жеңген бабаларымыз жаугершілік замандарда да әділ, мейірімді болған.

Ұлы Отан соғысының алапат майданы тарихтағы сол бір тас мүсіндер сияқты кеңестік солдаттың айбынды бейнесін көз алдымызға әкеледі. Соғыс жауынгері – алып монументтің авторы Е.В.Вучетич ғаламат идеямен қасіретті жылдарды жаңғыртады...солдаттың бір қолында өлімнен құтқарған нәресте, екінші қолында болат семсері бар. Берлиндегі бұл монумент – жеңіс символы.

Мен соғысты қаламаймын, бірақ Ұлы Отан соғысы туралы шежірелерді өткеннен сабақ алу үшін оқимын.

Мен соғысты қаламаймын, бірақ ардагерлер тарихын аталарымыздың ерлігін сүю үшін, құрметтеу үшін қайта қараймын.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Соғыс!... саяси қырғын... сенің адамзат үшін пайдаң жоқ! Зұлымдардың ойлап тапқан ойыны секілдісің, Жер-ана бетін қызыл қанға бояған қанпезер суретшісің! Сұм соғыс...сені жеңер бір ғана күш бар, ол – құдайдың көмегі –

Жеңіс атты батыр!  
Жеңіс! Жеңіс!  
Елге таза ашық таң атырды,  
Ақ жаулықты күлімдеп ана тұрды  
Ақбоз атты балалар сүйіншілеп,  
Ақ бұлақтай аспанға шаң атылды.  
Жеңіс үні! Жеңіс жыры!

Жүрекке жылы, құлаққа жағымды, соншалық ғаламат болармысың?! Халыққа нұрын шашқан, күн сәулелі ғажайып, сазгер қиялынан туған тебіренткен әуендер алыстан мұнарған, көк тіреген таулардың жаңғырығындай, халықтың қуанышы мен сәби күлкісіндей...

Неге бұл үн жанға ыстық, көңілге көтеріңкі?

Жарық шамдай жайнап, мөлдіреп аққан бұлақтай қайнап тұрған жүректен шыққан үн, сөз кестесі... «Көңіл – бір жатқан кеннің дариясы. Сонан шыққан сөз – жауһар». Иә, сөз өнерінің табиғатын білімді этнограф, ғұлама Мәшһүр Жүсіп Көпеев осылай түсіндірді. Алайда бұл сұрақтың жауабын сөзбен айтып түсіндіру де қиынның қиыны...

Ғасыр жадында сақталған мәңгілік өшпес отты жылдардан қазақ халқының сай-сүйегін шымырлатқан таңба бар. Ызғарлы ізі қалған сұм соғыстың күйі бейбіт өмірді жұтқан тажал іспеттес. Сол заманда, қынынан суырған қанжардай жарқ етіп, Отан үшін тұрысқан ерлер қаншама? «Ел басына күн туса, ер етікпен су кешер,» – дегендей, намыс отына күйген ерен ерлердің арқасында өмірдің бұл сынынан да сүрінбедік...

Бүгінде Ұлы Отан соғысының халық жүрегіндегі жарасы, Жер-ана төсіндегі естеліктері ғана қалды.

Сырлы көктем мезгіліндегі жайқалған жазира, қазақтың сар даласы – бәрі-бәрі тек қана мереке-думанға шақырады. Қарап тұрсақ, бейбіт күннің таңы да ерекше...пулеметтің тарсылдаған даусын емес, құстардың әсем әнін тыңдаймыз, сыртқа шығып қуғын-сүргінді емес, балалардың күліп-ойнағанын көреміз, ананың көз жасын емес, оның ыстық алақанын сезінеміз, сәбидің күлкісін естиміз.

Сен құрметте оны!  
Түсіндің бе, қарағым?

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Әбу Сәрсенбаевтың осынау өлең жолдары көңілге түрлі ой салып, жадына ұят, құрмет, үміт ұялатады.

Қоғамның елең-алаң шағында өмірлерін тұтас бір мақсатқа – туған елін жауынан қасық қаны қалғанша қорғауға арнаған, құбылмалы кер заманның кара дауылын ақ жауындай мысын басқан ардагерлеріміздің еңбектері еш қалмақ емес...

Бабамыз өсиет етіп қалдырғандай, "үлкенге құрмет, кішіге ізет," – деген.

Сол өсиеті орындап, Ұлы Отан соғысының майдангерлеріне титтей болсын көмек берсек, соның өзі бір ғанибет... көшеде көре қалсақ ауыр жүгін көтеріскенде, қоғамдық көліктерде орын бергенде не тұр? Одан біз кішірейіп қалмаймыз, керісінше, ата-әжелеріміздің қуанышты жүздерін көріп бір марқайып қаламыз, рахметін аламыз.

Менің ойымша, ардагерлерге көрсетер құрметіміз, төгетін рақымымыз, берер ақ пейіліміз әлі алда. Ұрпағының болашағы үшін жандарын пида еткен батырларға рахметімізді жаңбырша жаудырсақ та білдіре алмаспыз...

Әрдайым жүрек жылуымызды сол жандарға арнап, қуанышқа бөлейік!

Кішкентай сәби жүрегімдегі ардагерлерге деген алғысымды Мұқағали Мақатаев атамиздың мына бір өлең шумақтарымен жеткізгім келеді:

Бабаларым,  
Рахмет сендерге!  
Не білмеген, не көрмеген, ізгі елім.  
Жазылмаған тарихымның жолдарын,  
Ауызекі аңызыңнан іздедім.  
Мен білмеймін.  
Басыңа әлде орнап бақ,  
Шаһар салып, жасадың ба жаннат-бақ. ...  
Әлдеқалай тасқа түскен таңбада  
Табынамын, тарихымдай ардақтап.

**Злиев Қанат**

10 сынып, Федоровка қазақ орта мектебі  
Теректі ауданы Батыс Қазақстан облысы  
Жетекшісі: Құрмангазиева М. М.

Бала күнімізден соғыс ойынын ойнап өстік. Ата-анамыз әдемі, нағыз автоматтан еш айырмашылығы жоқ ойыншық автомат алып берсе төбеміз көкке бір елі жетпей қалар еді. «Та-та-та»- дегізіп, сілең қатып шаршағанша атумен боламыз.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ай..,балалық-ай десеңізші!

Қазір компьютерді ашсаң – соғыс ойындар. Ал оны ойнап отырған балада ес жоқ, барлық есіл-дерті ату, өлтіру. Теледидардан еститінің – неше түрлі жан түршігерлік оқиғалар, адам өлтіру. Қазақта «шыбын жан», «шыбын жаны шырқырап» деген сөз тіркесі бар ғой. Менің ойымша, адамның өзі шыбын секілді болып кетті-ау деймін. Жәндікті өлтіру қандай оңай болса, адамды да өлтіру сондай оңай болып бара жатқан сияқты.

Сонда 70 жыл бұрын майданда қан кешіп, Отанын қорғау үшін жан берген қаншама жандардың ерлігі босқа кеткені ме?

Қазіргі саусақпен санарлықтай аз қалған ардагер қарияларымыз, бұл өмірде жоқ соғыс ардагерлеріміз кезінде қылшылдаған жас, жалындаған от, тепсе темір үзетіндей қайратты, еліміздің алға өркендеуіне өз үлесін қоссам деп арман жетегінде өмір сүрген еді. Алайда сұм соғыс сол армандардың барлығын көкке күл қылып ұшырды. Елден еңбектеген бала мен еңкейген қариядан басқасы майданға аттанды.

Ана баладан, бала әкеден айырылды. Әке шырағын жағар, бәйтерек боп жапырағын жайар, тамырын тереңге тартар ұрпағынан айырылды.

Көркем әдеби шығармаларды оқыған кезінде сол кездегі ел басына түскен ауыртпалық пен қиыншылық көз алдында өтіп, жан-дүниенмен қайғырасың.

**Жұбан Молдағалиевтың «Бір бассаң да, алға бас» -деген өлеңінде**

Өжет елдің жігіті  
Өшін алмай шыдар ма?  
Кескілескен дұшпанын  
Кесіп түспей тынар ма?  
Тайынба, жолдас жауынгер,  
Ел тағдыры қолында!  
Тайынбасаң оқ пен от  
Бөгет болмас жолыңа!  
Халықтың ыза кегінен  
Сауыт киіп сан қабат,  
Жай түсер жаудың шебіне,  
Жауызды өлтір саңлақ ат!  
Қапы қалма, қырылсын!  
Өздері қазған орына  
Өздері мерт боп жығылсын!  
Қасқия шап, қарсы бар  
Өмірдің нұрлы таңы үшін!  
Бір бассаң да алға бас  
Миллиондардың бағы үшін!

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

-деп жүректерге от береді.

Әрине жау болса да адам өлтіру оңай емес, өзімді олардың орнына қойсам ойлаудың өзі қорқынышты. Бауыржан атамыз «Соғыста қорықпадым десем, өтірік айтқаным болар еді» деген екен. Кеудеңде намыс отың қайнап тұрғанда Отан үшін, болашақ үшін, миллион халық үшін, ұлт үшін жауыздың басын жоюға тура келеді. Жойылды да, бірақ та қаншама көз жасы төгілді, қаншама тер тамды, қаншама қан ақты, қаншама нысандар жойылды?!

Соғыс қазақ халқын талай қырынан танытты. Өзге ұлт өкілдерінің баласын бауырға басты. Отанын сатқан опасыз ұлдан бас тартты. Аш-жалаңаш болса да, майданға барын берді. Елі үшін еңіреді, ерлікпен оралған ұл-қыздарын дәріптеді.

Кеңес Одағы Батыры Талғат Бигелдинов, қазақтың екі қызы – мерген Әлия Молдағұлова мен пулеметші Мәншүк Мәметова, Рейхстагқа Жеңіс туын тіккен Рахымжан Қошқарбаев, ақын Қасым Қайсенов, қолбасшы жауынгер, жазушы Бауыржан Момышұлы – бүкіл қазақ қауымының мақтанышы, тек енді бейбіт елдің болашақ ұрпағы, біздер, олардың атына кір келтірмей, мәңгі құрмет тұтсақ деймін.

Тек 9 мамыр – Жеңіс күні атағаны үшін ғана емес, әр күні Даңқ монументтерінде алқызыл гүл шоқтары майдангерлердің жас өмірлерінің босқа кетпегенінің бір айғағындай болып жатса екен деймін.

**Избасова Халия**

№35 мектеп-лицейі

Орал қаласы Батыс Қазақстан облысы

Жетекшісі: Ниетова А. С.

Өжет елдің жігіті  
Өшін алмай шыдар ма?  
Кескілескен дұшпанын  
Кесіп түспей тынар ма?  
Тайынба, жолдас жауынгер,  
Ел тағдыры қолыңда!  
Тайынбасаң оқ пен от  
Бөгет болмас жолыңа!  
Жұбан Молдағалиев

Соғыс. Неткен қорқынышты сөз. Бұл сөзді естігенде жан түршігіп, сол кездегі халықтың басынан өткен қиыншылығын қай ұрпақ болса да, көз



**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

алдына елестете алады. Адамзат тарихындағы ең ауқымды, ең трагедиялық соғыстың біткеніне де үстіміздегі жылы жетпіс жыл болады. Ашық аспан аясында өмір сүріп жатқанымыз сол кезде өз Отаны үшін отқа түскен аталарымыздың арқасы, солардың алдында қарызымызды ешқашан да толық қайтара алмаспыз.

Ата-әжелеріміздің естерінде қалған соғыс, Ұлы жеңіс сәттері еш уақытта ұмытылмас. Сол жеңіске жету үшін, өз өмірін қиған аталарымызға ылғи күш беріп тұрған не екен?

Әрине, махаббат. Махаббат сезімі әлемдегі ең бір құдіретті күштің бірі десек те болады. Отанға деген махаббатын биік те жоғары ұстай алған адам ғана қандай жағдай болса да, Отанын қорғай алады. Біріншіден, Отанға деген сүйіспеншілік әр азаматты елін, жерін, бала-шағасы мен ата-анасын жаудан қорғауға жетеледі. Өз өмірін аямаған сарбаздар туған жері мен халқының тағдырын жау қолына бермеді. Бұл адамзат тарихындағы ең ауыр соғыс болғаны белгілі.

1941 жылы 22 шілдеде гитлерлік Германия КСРО-ға опасыздықпен шабуыл жасады. Сол күні Кеңес үкіметі халықты Отан қорғауға шақырды. Қолына қару алып ел қорғауға қанша азамат атанды десеңізші. Ол аздай Отан үшін қыздарымыз да аянбай, жастарына қарамастан қолдарына қару алды. Үкіметтің елге арналған үндеуі: «Біздің ісіміз әділ. Жау талқандалады. Біз жеңіп шығамыз!» - деген сөздермен аяқталды. Осы сөздердің өзі әрбір азаматтың бойына күш-қуат беріп, алға жетелері сөзсіз.

1941 жылы жаумен соғысу үшін Қазақстанда барлығы 20-дан астам атқыштар және атты әскер дивизиясы мен бригадасы, бірнеше артиллерия және авиация полкі, алуан әскер түрлерінің ондаған батальондары құрылды. Осы сұрапыл соғыста фашистік Германияны талқандауға өздерінің елеулі үлесін қосқан, жау ордасына кеңес халқының Жеңіс туын тіккен құрама да Қостанайда жасақталған еді. 151-атқыштар бригадасының жауынгерлік жорық жолын жалғастырған, 150-атқыштар дивизиясы тарихта өшпес із қалдырды. 1941-1942 жылдары өзге республикалардан Қазақстанға 142 кәсіпорын көшірілді. Алматының бір өзінде 34 завод, фабрика мен цехтардың жабдықтары орналастырылды. Шымкентке Воронеж машина жасау зауытының жабдықтары әкелінді.

1942 жылы тамыз айында жаудың Сталинградқа жақындауына байланысты Гурьев және Батыс Қазақстан облысының батыс аудандарында соғыс жағдайы енгізілді. Екінші дүниежүзілік соғыста түбегейлі бет-бұрыс жасаған Сталинград шайқасы басталды. Осы шайқаста көптеген қазақстандықтар қаза тапты. Тек ер жүрек сарбаздар ғана емес, ел ішінде майданға қол үшін берген еңбек адамдары да өз Отанын жаудан құтқарып қалу үшін үлкен үлесін қосты. Бұл – құнсыз, бағасыз туған елге

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

сүйіспеншіліктің көрінісі. Міне, сол кездегі әр азаматтың ерлік ісі тек Отан қорғау еді.

Ұлы Отан соғысы көптеген адамдардың өмірлерін құрбан еткен. Тек әскери әрекеттерді ғана есептесек, бірнеше миллион адамдардың санын көреміз. Ал, жарық дүние есігін ашып үлгермеген сәбилер саны, ата-анадан айырылып жетім қалған балалар қаншама десенізші. Соғыс сүйген жаналарды бір-бірінен, балаларын анадан айырып алып кеткен жоқ па? Сондықтан соғыс – бұл махаббат трагедиясы.

Көк бөрінің ұрпағы атанған қазақ – қай кезде де ер жүрек батырлығымен көзге түсе білген халық. Бұл соғыста да қазақстандықтар қалыс қалмады. Соғысқа аттанған әрбір қазақстандықты мақтанышпен есімізге ала аламыз. 1943 жылдың 17 сәуірінде КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумы қазақ халқының ержүрек ұлы Мәлік Ғабдуллинге Кеңес Одағының Батыры атағын берді. Соғысқа қатысқан 500-ге жуық жауынгер «Кеңес одағының батыры» атағын алды. Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Талғат Бигелдинов, Мәншүк Мәметова, Ибрагим Сүлейменов, Сұлтан Байғамбетов, Сергей Луганский, Иван Павлов сынды көптеген батыр тұлғалардың есімі еліміздің жүрегінде мәңгі сақталады. Осындай есіл азаматтардың арқасында жеңіс туы желбірегенін кейінгі ұрпақ ешқашан ұмытпайды.

1944 жылы Германия жеңілісі белгілі бола бастағаннан кейін, ендігі жерде соғыс қимылдарын Кеңес Одағы бақылауға алды. 1945 жылы 16 сәуірде Берлин операциясы басталды. Оған 3,5 млн.-ға жуық жауынгер мен 52 мың зеңбірек пен миномет, 7750 танкпен өздігінен жүретін зеңбірек, 10800 ұрыс ұшағы қатысты. Балтық теңізінен Судет тауларына дейінгі 700 км-лік өңірде ұрыс қимылдары жүргізілді. Батыл қимылдар жасап, Кеңес әскерлері мамырдың 2-інде Германияның астанасы Берлинді толық бақылауына алды. Берлин операциясы барысында Кеңес жауынгерлері әліде мыңдаған шақырым жерді кескілескен ұрыспен жүріп өтіп құзғындардың ең соңғы ордасы – Рейхстагты алғанға дейін біраз шығындар болатынын жақсы түсінді. Фашизмнің күлін көкке ұшыратар тарихи кезеңнің жақындап қалғаны да белгілі. Жаумен болатын соңғы айқас жауынгерлерден ерлік пен батылдықты қажет етті. 1945 жыл. 30 сәуір. Бұл күні қазақтың жүрек жұтқан батыр ұлы – Рақымжан Қошқарбаев Рейхстагқа ту тікті. Кеңес жауынгерлері жау ұясына, осы ордаға жету үшін 1410 күн мен түн сапар шекті. Ақыры өз мақсаттарына жетіп, жеңіс туын тікті. Қазақтың батыр ұлы Рақымжан Қошқарбаевтың Рейхстагқа бірінші болып Жеңіс туын тіккенін растайтын құжаттарды Ресей еліміздің мемлекеттік мұражайының қорына табыс етті.

Халықтың көптен аңсаған Жеңіс күні де туды. Бұл мереке – бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгер – солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

болып қалмақ. Біздің аталарымыз бен әкелеріміздің батырлық істері өз Отанына деген шексіз сүйспеншіліктері Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес, бұл – бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамының рухани дамуы мен ұлттық қайта өрлеуінің жоғары адамгершілік негізі. Жеңіс күні – абыройымыз бен даңқымыздың мерекесі. Табандылық пен ерлік, Отанға деген сүйіспеншілік қатал соғыста Жеңіске жеткізді. Қазақстандық жүз мыңдаған отандасымыз елдің сол сенімін ақтап, ерліктің ерен үлгісін көрсетті. Олардың бәрі де кеуделеріне орден, медальдарды жарқырата тағып, Отанына абырой әкелді.

Жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты. Сол жылдары Қазақстан миллиондаған босқындарды өз бауырына аналық мейірімімен тартушы, эвакуацияланған завод пен фабрикаларға, майданға керекті оқ-дәрі мен азық-түлік жеткізуші үлкен арсеналға айналды.

9 мамыр – бұл мереке ғана емес, бұл ауыр еңбек, бұл халықтың батырлығы. Біздің парызымыз – бұл күнді еске сақтау.

Біздің ардагерлеріміз! Ешқашанда жауынгер ерлігі мен жеңісті өз еңбегімен соққан әрбір еңбек адамының ерен істері ұмытылмайды. Адамзаттың азаматтық міндеті – болашақ ұрпақты Отанын сүйуге, елінің, жерінің адал патриоттары, достық пен бірлік туралы түсінік беру арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу. Оларға лайықты кәрілікті қамтамасыз ету – біздің парызымыз. Осы ардақты ардагерлеріміз Жеңіс үшін аштыққа да, ауыр жұмыстарға да, тіпті өлімге де қарсы тұра білді. Ардагерлер саны жылдан жылға азайып бара жатыр. Ендігі қалған ардагерлерге тек мереке күні ғана емес, әрқашан да құрмет көрсете білуіміз керек. Әлемде бейбітшілік болу үшін бір ұлт ғана емес, біраз ұлт өкілдері өз өмірлерін қиды. Он саусақ жұдырық болып түйілсе қандай жау болмасын оңай жеңуге болады. Басқа халықтың жағдайына бейғам қарай алмаған халқымыз жұдырық болып түйіле білді. Міне, қазіргі Қазақстанның негізгі мақсаты да осы. Сол себепті болар еліміздің үстінде жарқырыған алтын күн өз жуағын шашып тұр.

**Илесбек Исатай**

10 сынып, №35 мектеп-лицейі  
Орал қаласы Батыс Қазақстан облысы  
Жетекшісі: Супалдиярова Ж. Б.

Адамзат тарихындағы ең сұмдық соғысының болып өткеніне 70 жыл болады. Бұл тарихта мәңгі қалатын қасіретті күн, бірақ Ұлы жеңіс ата-бабамыздың қан мен терінің арқасында жеткен жеңіс ешқашан ұмытылмайды,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

өйткені соғыс ұмытылмастай із қалдырды. Ұлы Отан соғысы 4 жылға созылды. Майдан даласында 600 мыңнан қазақстандықтар қаза тапқан.

Жеңіс күні – бұл мыңдаған ұрпақ үшін үлкен мереке. Біздің ұрпақ ата-бабаларымыздың арқасында бейбітшілікте өмір сүреді, соғыс туралы тек қана кітаптар және кинофильмдер арқылы біледі.

9-мамыр күнін әлемдегі өте көп мемлекеттер үлкен абыроймен және құрметпен қарсы алады. Жеңіс күні – бейбітшілік сүйген адамдар үшін асыға күтетін қасиетті күн. Қалалық алаңдағы әскери парад өтіп, мемлекет атынан ардагерлерге сый-құрмет көрсетіледі. Өкінішке орай, қазіргі таңда ардагерлер саны жылдан-жылға азайып барады және соғыс ардагерлерін тек Жеңіс күні еске алады да. Сондықтан ата-бабаларымыздың ерлігін, еңбегін ұмытпай, оларға қамқор болуымыз қажет және соғыс ардагерлеріне әрқашан сый-құрмет білдіруіміз керек.

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес!

Қаншама жыл өтсе де, сұрапыл соғыстың ізі әр жанұяда қалды. Қазақ халқының батырларын мақтан тұтамыз. Мен үшін Бауыржан Момышұлының соғыс кезіндегі ерлігі зор мақтаныш!

Менің әкем әскери адам, мен де әкем сияқты әскери болғым келеді, сондықтан соғыс туралы тарихи кітаптарды қызығып оқимын. Әсіресе маған тарихи мемуарлар ұнайды, себебі онда автор өзінің өмірі туралы шынайы етіп жазады. Қазақ халқының ұлы қаһарманы Бауыржан Момышұлының ерлігі мені қатты қызықтырады, ол туралы көп тарихи кітаптар оқыдым және көркем фильм көрдім. «Ұшқан ұя» атты кітабынан Бауыржан Момышұлының балалық пен жастық шағы туралы мәлімет алдым.

Бауыржан Момышұлы 1910 жылы 24-ші желтоқсанда Жамбыл облысының Жуалы ауданындағы Көлбастау мекенінде дүниеге келді. Бауыржан Момышұлы – Екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, халық қаһарманы, қазақтың көрнекті жазушысы.

Бауыржан Момышұлы 7-жылдық мектепті бітіргеннен кейін біраз уақыт мұғалім болған. Сонда жүргенде кезекті әскери міндетін өтеуге шақырылып, онда бір жарым жыл жүріп, запастағы командир атағын алады. Туған ауылына оралған соң, ол біраз жыл қаржы мекемесінде қызмет істейді. Содан қайтадан Қызыл Армия қатарына шақырылып, түрлі әскери бөлімдерде взвод, рота командирі болады. 1941 жылы Екінші дүниежүзілік соғыс басталысымен Бауыржан Момышұлы даңқты генерал – майор И.В. Панфиловтың басшылығымен Алматы маңында жаңадан жасақталған 316 атқыштар дивизиясының құрамында майданға аттанды, батальон, полк командирі қызметтерін атқарды. Соғыстың соңғы жылдарында гвардиялық дивизияны басқарады. Соғыс кезіндегі жеке басының қаһармандық ерлігімен ерекше көзге түседі. Бауыржан Момышұлының осындай ерлігі жөнінде белгілі орыс жазушысы А. Бек «Волокаламское шоссе» повесін жазды.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Соғыстан кейін Бауыржан Момышұлы Совет Армиясы Бас штабының Жоғары әскери академиясында сабақ береді. 1956 жылы полковник атағымен отставкаға шыққан Бауыржан Момышұлы біржола шығармашылық жұмысымен айналысады. Ол қазақ және орыс тілдерінде бірдей жазып, өз өмірінде көрген-білгендерін арқау етеді. Бауыржан Момышұлы бірнеше орден, медальдармен наградталады. Кеңес Одағының батыры атағын алады. Алайда бұл атақ Ұлы Отан соғысы біткеннен кейін жарты ғасырдай уақыт өткенде барып берілген болатын. Ел тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың жарлығымен оған «Халық қаһарманы» деген атақ берілді. Бауыржан Момышұлы есімі, ерлігі жадымызда мәңгі қалып, өшпес мұра болады. Оның өмірі мен ерлігі болашақ ұрпаққа күш, қайрат, жігер береді, рухын көтереді.

Ұлы Отан соғысы біздің жанұямызда терең із қалдырды. Өз туған жерін, елін қорғауға менің екі атам және әжем майданға аттанған болатын.

Олардың ерлігі мен үшін абырой, мақтаныш және мәңгі үлгі.

Соғыстан менің екі атам кайтпады, ал әжем соғыс кезінде тылда жұмыс істеп Еңбек ардагері орденімен марапатталған болатын. Біз майдангерлер алдында және соғыстың ауыр жылдарында тылда жан аямай еңбек етіп, колхоз бен совхоз, зауыттар мен фабрикаларды көтеріп, жеңісті жақындатуға үлес қосқан қажырлы адамдар алдында бас иеміз.

Менің үлкен әжем – Өмірзақова Қыздарқан 1907 жылы дүниеге келген, Соғыс басталған кезде 34 жаста еді. Ерлердің бәрі соғысқа кетіп, колхозда тек қана әйелдер мен балалар қалған. Сол кезде менің әжем колхозды басқарған. «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін!» деген ұранмен таңнан кешке дейін егіннің басанда жұмыс істеп, жинаған бидай мен сүт, ет, жүнді майданға тапсырып отырған. Тылда аянбай жұмыс істеген әйелдер мен балалардың үлесі зор. Өздері аш болса да жинап тергендерін төкпей-шашпай майданға тапсырып отырған. Әжем сол кездегі өмірдің тауқыметі туралы біздерге айтатын. Қыздарқан әжемнің еңбек жолы өте ауыр да, өте жауапты болды. Өз өмірінің соңына дейін ауылдық ардагерлерінің төрайымы болды. Мәскеуде өткен съезге ауыл әйелдерінің атынан депутат болып сайланып қатысқан және Сталинмен жеке кездесуде болған. Әжем ерен еңбегі үшін көптеген медальдар мен ордендермен марапатталған. Қазіргі кезде жергілікті әкімшілік әжемнің құрметіне туып-өскен ауылындағы көшесіне атын берген.

Соғыстың азабы мен ауыртпашылығын әр отбасы өз басынан кешірді. Қыздарқан әжемнің екі бірдей інісі соғыстан кайтпады. Қай жерде қаза тапқандары белгісіз, қара қағаз артарынан келмеді. Үшінші інісі Байжігітов Балғабай 1941 жылы соғысқа кетіп, НКВД әскері қатарында соғысқан. 1943 жылы Тегеран конференциясының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қатысқан. Ағам елуінші жылдары үйге қайтқан. Соғыстан кейін Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінде көп жылдар қызмет етіп, генерал-майор шеніне

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

дейін көтерілді. Он жылдай Ақтөбе қаласында Қауіпсіздік Комитетінің бастығы болды. Ақтөбе қаласының құрметті тұрғыны деген атаққа ие болды. Балғабай ағам 2001 жылы 81 жасында қайтыс болды.

«Ерлік – елге мұра, ұрпаққа – үлгі» деп аталарымыз айтқан, себебі аталарымыздың жүрген жолы, олардың істері біз үшін үлгі-өнеге, тарих тағдыры. Жарқын болашақ пен бақытты және бейбіт өмірді сыйлаған аталар, апалар ешқашан ұмытылмайды. «Ер есімі – ел есінде» демекші олардың ерлігі ұрпақтан ұрпаққа айтылып, жадымызда қалады.

Әкемнің әскери қызметте жүргеніне 20 жылдан астам уақыт өтті. Әкемнің еңбек жолы мен үшін зор мақтаныш, себебі ол – Отан қорғаушы. Өзім атыма сай, Исатай батыр сияқты болғым келеді, мектеп бітіргеннен кейін әскери қызметке барамын. Өз туған жерімді, халқымды жаулардан қорғауға әрқашан дайынмын. Қан майданға аттанып, еліне оралмаған ағаларым үшін жарқын және нұрлы өмір сүріп, мен де ұрпақтарыма мақтаныш болғым келеді!

**Қуанышбаева Аружан**

9 сынып, Қаршы орта мектебі Лбішін ауылы,  
Ақжайық ауданы Батыс Қазақстан облысы

Жетекшісі: Сарсенбаева А. Ш.

**Ерлік – елге мұра, ұрпаққа ұран**

Ел үшін аянба-ерлігіңе сын,  
Жұрт үшін аянба-жігіттігіңе сын.  
Бауыржан Момышұлы

Біздің ата-бабамыз түрлі қанқұйлы соғысты басынан өткерді. Олардың ең соңғысы – Ұлы Отан соғысы болды. Олардың соғысқа қатысқандағы мақсаты – ұрпақтарының, яғни, біздердің жақсы өмір сүруімізді, бейбітшілікте өмір сүруімізді қалады. Осылайша, аттың жалында, түйенің қомында жүріп, біздерге бейбіт өмірді орнатып берді.

Уақыт өткен сайын аталарымыз сыйлаған Жеңістің маңызы артып келеді. Олар көрсеткен ерліктері бүгінгі ұрпаққа өнеге. Отансүйгіштік қасиет әркезде де қастерлеуге тұратын қасиеттердің бірі. Осы ұғым біздің үлкен құндылығымыз болуы керек деп ойлаймын. Тек майданда ғана емес, тылда жұмыс істегендердің де еңбегін жоғары ілтипатқа лайық. Себебі олар соғыс кезінде майдан шебіндегі солдаттармен бірдей қиыншылық көрді, бірдей азап

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

шекті. Ашаршылық пен ауыртпалықты бастан кешкен олар да Жеңісті жақындатуға көп үлес қосты. Таңның атысынан күннің батысына дейін тізе бүкпей жұмыс істеген сол бір қайратты да қайсар жандарға да бүгінгі ұрпақтың ризашылығы шексіз болса керек. Үлкен қауіп пен қатер, қайғы мен қасірет төнген сол бір ауыр уақытта біздің халқымыз сыннан сүрінбей өтті. Оттан да ыстық Отан үшін от кешкен майдангерлер өшпес ерлік көрсетті. Бұл тарихқа алтын әріптермен жазылды. Олардың қаһармандық өнегесі бүгінгі жас ұрпақтың жадында мәңгі сақталуы тиіс.

Отаншыл болу – ең алдымен өткенді білу. Осынау қойнауы қазынаға толы байтақ даланың әр пұшпағын бабаларымыз ақ найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғағанын ұмытпау – парыз. Отан сенің отбасыңнан, аядай ауылыңнан, сол жердің тасынан, суынан, топырағынан басталады. Қазақ жері – киелі, қасиетті. Оны малмен, ақшамен, алтын-күміс, асыл тастармен бағалауға келмейді.

Отаншыл болу – ұлтжанды болу. Ұлтсызда Отан жоқ. Болмақ емес. Ата салттың қадіріне жетпеген, ана тілін ардақтай алмаған бозөкпе отаншыл болып жарытпайды. Қай жерде «қарны тоқ, көйлегі көк» болса, сол жерді жайлы мекен санайды.

Отаншыл болу – бір-біріңе бауырмал болу. «Жақыныңды жаттай сыйла, жат жанынан түңілсін» дейді дана халқымыз. «Біріңді қазақ, бірің дос, көрмесең, істің бәрі бос» дейді кемеңгер Абай. Ынтымағы жарасқан елді көргенде, жаудың құты қашады. Бірлігіміз барда тас қамалдай берікпіз.

Қай кезде де азаматтың өз Отаны алдында парызы болады. Азаматтың қасиетті борышының бірі – Отан алдындағы парызын өтеу. Кез келген адам бейбіт заманда да Отанын қорғай алады. Ол дегеніңіз қолға қару алу емес, өз Отаныңның білімді, өркениетті, салауатты перзенті бола алу. «Отан үшін отқа түс, күймейсің» деген екен батыр Бауыржан Момышұлы. Ол – Отан үшін еткен еңбектің ешқашан зая кетпейтіндігі.

Халқымызда «Ерім дейтін ел болмаса, елім дейтін ер қайдан болады» деген мақал бар. Жастар өз Отанының нағыз патриоты бола алу үшін үлкендер де өз соңынан ерген ұрпақты дұрыс тәрбиелеуі керек. «Отаным маған не бересің деп емес, Отаным, мен саған не бере аламын?» деп өсу керек. Сонда елімізде әрқашан да бейбітшілік болады. Себебі, ертеңгі елдің тізгінін ұстар азаматтар білімді болса, олар барлық қиыншылықтарды ақылмен шеше алатын болады.

Соғыс кезінде қаншама жастар қыршынан қиылды. Олар Отан үшін жанын пида етті. Ал олардың әрқайсысының анасы, баласы, сүйген қыздары, үлкен-үлкен армандары бар еді. Бірақ олар елге қауіп төнген кезде барлығын да құрбан етті. Жап-жас болса да Отанын қорғап жатып жан тапсырды. Бұл – шынында да ерлік болатын.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Майдан шебінде жанын пайда еткен жауынгерлер мәңгі есімізде қалады. Отан үшін отқа түсіп, Жеңіс сыйлаған ардагерлерге тағзым етеміз. Сұрапыл да жойқын соғыста қыршынынан қиылған жауынгерлер есімі ел есінде мәңгі сақталады.

Отан үшін от кешкен қадірлі қарияларымыздың қатары уақыт озған сайын азайып бара жатқаны өкінішті. Біз жауынгер ардагерлеріміздің құрметіне Жеңістің 70 жылдығын оларға лайық деңгейде атап өтуіміз керек. Өйткені бұл – ерлік пен елдіктің, батырлық пен өжеттіктің мейрамы.

Қазақстаннан қан майданға аттанған ер жүрек ұл-қыздар фашизмді жеңу жолында асқан ерлік көрсетіп, жеңісті жақындатуға үлкен үлес қосты. Жауынгерліктің биік үлгісін көрсете білген ардақты ардагерлеріміз барлық майданда да жан аямай күресті. Олардың артында қалған отбасы атпал азаматтарының жеңіске жететініне сенді және сол қасиетті күнді асқан шыдамдылықпен күтті.

Қазақстандық жүз мыңдаған отандасымыз елдің сол сенімін ақтап, ерліктің ерен үлгісін көрсетті. Олардың бәрі де кеуделеріне орден, медальдарды жарқырата тағып, Отанына абырой әкелді. Соғысқа қатысқан 500-ге жуық жауынгер «Кеңес одағының батыры» атағын алды. Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Талғат Бигелдинов, Мәншүк Мәметова, Ибрагим Сүлейменов, Сұлтан Байғамбетов сынды көптеген батыр тұлғалардың есімі еліміздің жүрегінде мәңгі сақталады. Осындай есіл азаматтардың арқасында жеңіс туы желбірегенін кейінгі ұрпақ ешқашан ұмытпайды.

Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш – әрине, «бірлік». Қаншама халық бір тудың астына бірігіп күштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы.

Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне Қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі шайқаста, Днепр өткелінде, Мәскеу мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерен ерліктер көрсетті. Қазақ ел басына күн туғанда толарсақтан саз кешетін жауынгер халық. Ұлы Отан соғысының қатпарлары парақтарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғынға қаймықпай соғысқанына ашық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған бес жүз қазақтың Кеңес Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді. Найзағайдай жарқылдаған отты ой бар қаһарлы сөйлесе де қайырымы мол, өз мүддесін, ұрпақ мүддесін ойлаған, кара қылды қақ жаратын әділдіктен жаралған ойы тұңғиық, қимылы қылыш Бауыржан Момышұлы есімі, ерлігі жадымызда мәңгі қалып, өнегесі болашаққа күш, қайрат, рух береді.



**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев соғыс ардагерлеріне ерекше қамқорлық көрсетіп келеді. Биыл біз Жеңістің 70 жылдығын атап өтеміз. Бұл – сіз бен біздің ортақ тарихымыз. Осынау ерлік мейрамына дайындалу – Ардагерлер үшін үлкен мәртебе. Күллі адамзатқа қауіп төндірген сұм соғыстың зардабын тартып, Отаны үшін жан алысып, жан беріскен ардақты ардагерлерімізді құрметтеу, соларға арнап мереке өткізу бізге тек қана қуаныш сыйлайды.

Мұндай мерекелер тек Жеңіс күнінде ғана емес, жыл бойы да жалғасын табатын болар деген ойдамын. Біз жас ұрпақ бірде бір соғыс ардагері назардан тыс қалмай, бәріне бірдей құрмет көрсетуіміз керек.

«Ер есімі – ел есінде», - демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар, апалар ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігімізге нұрындай мәңгі шуағын шашпақ.

**Қибагтоллина Гүлзінат**

М. Мирманов атындағы орта мектебі

Жаңақала ауданы Батыс Қазақстан облысы

Жетекшісі: Н. И. Амиргерева

### **Қайталанбас Ұлы Жеңіс**

Біздің ата-бабамыз сан түрлі қанқұйлы соғысты басынан өткергенін тарихтан оқып білдік. Олардың ең соңғысы – Ұлы Отан соғысы болды. Ағаларымыздың соғысқа қатысқандағы мақсаты – ұрпақтарының, яғни, біздердің жақсы өмір сүруімізді, бейбіт өмірде ойнап-күлуімізді қалады. Осылайша, аттың жалында, түйенің қомында жүріп, біздерге бейбіт өмірді орнатып берді.

Уақыт өткен сайын ата-бабаларымыз сыйлаған Жеңістің маңызы артып келеді. Олар көрсеткен ерліктері бүгінгі ұрпаққа өнеге. Отансүйгіштік, елжандылық қасиеттер әркезде де қастерлеуге тұратын қасиеттердің бірі. Осы ұғым біздің үлкен құндылығымыз болуы керек деп ойлаймын. Тек майданда ғана емес, тылда жұмыс істегендердің де еңбектері жоғары ілтипатқа лайық. Сол бір ғаламат соғыстың зардабын әркез әжем қынжылып айтып отыратын. Олар соғыс кезінде майдан шебіндегі солдаттармен бірдей қиыншылық көрді, бірдей азап шекті. Ашаршылық пен ауыртпалықты бастан кешкен, олар да Жеңісті жақындатуға көп үлес қосты. Таңның атысынан күннің батысына дейін тізе бүкпей жұмыс істеген сол бір қайратты да қайсар жандарға да бүгінгі ұрпақтың ризашылығы шексіз болса керек. Үлкен қауіп пен қатер, қайғы мен қасірет төнген сол бір ауыр уақытта біздің халқымыз сыннан сүрінбей өтті.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Оттан да ыстық Отан үшін от кешкен майдангерлер өшпес ерлік көрсетті. Бұл тарихқа алтын әріптермен жазылды.

Олардың қаһармандық өнегесі бүгінгі жас ұрпақтың жадында мәңгі сақталуы тиіс. Отаншыл болу – ең алдымен өткенді білу. Осынау қойнауы қазынаға толы байтақ даланың әр пұшпағын бабаларымыз ақ найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғағанын ұмытпау – біз үшін парыз. Отан – сенің отбасыңнан, аядай ауылыңнан, сол жердің тасынан, суынан, топырағынан басталады. Қазақ жері – киелі, қасиетті. Оны малмен, ақшамен, алтын-күміс, асыл тастармен бағалауға келмейді. Отаншыл болу – ұлтжанды болумен пара-пар. Ұлтсызда Отан жоқ. Болмақ емес. Ата салттың қадіріне жетпеген, ана тілін ардақтай алмаған бозөкпе отаншыл болып жарытпайды. Адам қай жерде «қарны тоқ, көйлегі көк» болса, сол жерді жайлы мекені санайды.

Отаншыл болу – бір-біріңе бауырмал болу. «Жақыныңды жаттай сыйла, жат жанынан түңілсін» дейді дана халқымыз. «Біріңді қазақ, бірің дос, көрмесең, істің бәрі бос» дейді кемеңгер Абай. Ынтымағы жарасқан елді көргенде, жаудың құты қашады. Бірлігіміз барда тас қамалдай берікпіз.

Соғыс! Осы сөзді естігенде талай жанның зәре-құты қалмай қорқатыны рас. Жан біткенді зар еңіретіп, туған-туыс, жар, бала-шағадан айырған қасірет бұл. Елі, жері үшін қандас аталарымыз, аға-апаларымыз майдан кешіп, жан қиды. «Елін қорғау-ерге сын» болғаны үшін сан мың азаматтар оққа кеудесін тосты, күресті. Майдан жолында әр азаматтың көрсеткен ерлігі өлшеусіз. Неде болса туған жер үшін күрес жүргізді. Соғыс кезінде қаншама жастар қыршыннан қиылды. Олар Отан үшін жанын пида етті. Ал олардың әрқайсысының анасы, баласы, сүйген қыздары, үлкен-үлкен армандары бар еді. Бірақ олар елге қауіп төнген кезде барлығын да құрбан етті. Жап-жас болса да Отанын қорғап жүріп жан тапсырды. Мұндай жанын қиып, қасық қаны тамғанша күрескендерді қалай ардақтасақ та артық етпейді. Тәуелсіздіктің қадір-қасиетін жете түсініп, оны жастар санасына сіңіруде бұл ерліктердің мәні зор. Осыдан жетпіс жыл бұрынғы сұрапыл соғыста оққа қарсы келген майдангерлер (дүниеде бар болса) тәуелсіздікті сезініп отыр. Қайталанбас Ұлы Жеңіс бәрі осы болашақ біз үшін жасалған бастаңғы. Бүгінде туған жері үшін күрескен майдангерлер сапы жыл санап азайып келеді. Жыл өткен сайын азайып барады қатары... Талай-талай мақтанар майдангер аталарымыз тіпті көп-ақ. Бауыржан Момышұлы, Қасым Қайсенов, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова сынды көпке үлгі болар батырларымыз қаншама... Өзіміз туған өлкеден көрмесемде ерліктерін естіп, сырына қанық болған Есен Орақбаев, Мәжит Жүнісов, Сәлім Айтқұлов сияқты жерлес батырларымызды айтып өтпесек болмас. Олардың тағдырын, от кешкен жалынды ғұмырларын өскелең ұрпаққа үлгі етуіміз тиіс. Әртүрлі естеліктерін айтып, бейбіт өмірдің қымбат екенін жете түсіндіріп, бойға дарыта білгеніміз жөн. Майдан шебінде жанын

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

құрбан еткен жауынгерлерді кейінгі ұрпақтары мәңгі есінде сақтайды. Отан үшін отқа түсіп, бізге Жеңіс сыйлаған ардагерлерге тағзым етеміз. Сұрапыл да жойқын соғыста қыршыннан қиылған жауынгерлер есімі ел жадында сақталады. Осынау Ұлы Жеңіске 70 жыл қарсаңында Отан үшін күрескен ата-бабаларымызға шын жүректен алғыс айтып, мына өлең жолдарын тарту етемін.

Ата-бабам елі үшін күрескен,  
Жеңілмеген жері үшін немістен.  
Ұрпағына бейбіт өмір сыйлаған,  
Рахметімді жаудырамын мен іштен.  
Сергелдеңге салған мына халқымды,  
Соғыс өрті қазақ елін шарпыды.  
Отан үшін отқа түскен боздақтар,  
Бейбіт өмір кешу үшін талпынды.  
Қасық қаны қалмай талай күресті,  
Толарсақтан су мен сазды мың кешті.  
Шарпып отты ажал менен алысты,  
Жауды таптап аяққа да жанышты.  
Майдангерлер өшпес ерлік көрсеткен,  
Бауыржандай, Ер Қасымдай көп ерлер.  
Нәзік жанын тарту еткен еліне,  
Қос жұлдыз бар, Әлия мен Мәншүктер.  
Ардагерлер сиреп барад сапы да,  
Біз жатырмыз айырылып қапыда.  
Қырық бесте елге оралған боздақтар,  
Жетпіс жылдың көред енді тойын да.  
Ұлы Жеңіс жетпіс жылға таяпсың,  
Бүгін барлар ертең мүмкін саяқсың.  
Елі үшін дес бермеген майданда,  
Жауынгері қазағымның ғажапсың.  
«Соғыс» сөзі тітіркентер бойларын,  
Жас жүректер айтып жатыр ойларын.  
Құтты болсын, ата-бабам ардақты,  
Майдангерлер жетпіс жылдық тойларың.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

**Қожамұрат Мұрат**

6 сынып, №36 орта мектебі  
Орал қаласы Батыс Қазақстан облысы  
Жетекші: Нурмуханбетова А.У.

**Өшпейді ерлігің,тебінер жүрегім!**

Жанды өртеніп жүрегің, жанғанынша,  
Қақтың қанат қанатың талғанынша.  
Ешқашан өлмейді бұл өмірде  
Батыр тірі мәңгілік  
Жер бетінде бір қазақ қалғанынша

Міне, 1941 жылы басталған сұрапыл соғыстың аяқталғанына 70 жыл болды. Егер батыр ардагерлеріміздің жеңісі болмаса, мүмкін әлем картасында Тәуелсіз Қазақстан елі де болмас па еді. Бұл соғыс кімді жылатпады, сәбилерді ойнатпады, шаттық күлкі болдырмады, халқымды уайымсыз демалдырмады. Соғыс кезіндегі бейкүнә сәби балалардың аспанға ұшқан самолётті тамашалап, қызықтап қарап тұрғанда немістердің самолёттері кенеттен оқ жаудырып сәбиді өлтіргені нағыз жауыз, хайуан екенін жүрегіммен түсіндім. «Отан» деп алға жүгірген солдат әрдайым ана деген сөзді жадынан тастамаған бұл екі сөз соғыста егіз болып кеткен. Бабаларымыз туған Отанға атылған әрбір оқты кеудесімен тосып талайы қыршын кетті. Аталарымыздың қан майданға қару алып аттанғандығы бүгінгі ұрпақ біздердің санамызға сақталып қалды. Біз оны ұмытуға тиісті емеспіз. Уақыт өткен сайын кешегі күндей күркіреп өткен сұрапыл соғыстың дүрбелең оқиғалары да арасын аулақ салып алыстап барады. Бірақ қаншалықты алыстағанмен ол көңілден кетіп жүректерден өшкен емес.

Ол соғыс қаншама ұрпақты қайғы қасіретке душар етті, өмірін өксітіп кетті. Сол соғыста майданның шебінде жүріп басынан өткергендер де, солардың тілеуін тілеп, тылдағы бар ауыртпалықты иығымен көтерген ардагерлер соғыста ата-анасынан айырылып жетімдік тауқыметін тартып, өскендерде бүгіндерде арамызда жүр. Ауылға нағашы атама қыдырып барғанымда Сен бақыттысың, Мұратжан!» Мен сен сияқты тәтті өмір сүргенім жоқ. Біздің балалық шағымыз жетімдікпен өтіп, кісіге қарап жаутаңдап өстік. Атам көзінің жасын сығып отырғанда, мен қатты ойланып кететінмін. Ия, мен қазір он екі жасқа толған тәуелсіз, бақытты елдің ұланымын! Соғыс туралы сұрапыл кезеңдерді оқи отырып, көз алдыма елестетіп кетемін. Сонда жауыз фашистке деген өшпенділігім артып жүрегімде кек тұрады. Отанға деген махаббатым оянады. Өзім сияқты

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

балаларды көріп аяп жүрегім қан жылап мейірімділігім күшейе түсті. Батыр аға-апаларымыздың темірдей тастай, оққа оттай ұшқан снарядтардан қорықпай менің «елім үшін алға!» деген сәттері ержүректілігімді, қайраттылығымды шыңдады. Ал «Жеңіс!» деген де менде балаң балғын жүрекпен қатты қуанышымды еселей түсті.

Сол кездегі жауынгерлер хаттарының соңын оқысаң жан дүниенді шымырлатып жүрегіңді аузыңа тығып, 62 тамырыңа қан жүгіртеді. Сондықтан, бұл соғысты ешқашан ұмыту мүмкін емес! Жер дүниені дүр сілкінткен соғыс өртінің сөнгеніне биыл 70 жыл толып отыр. Отан үшін жан берген бабаларды ұмытқан адамның Отанға деген сүйіспеншілігі болмайды. Сондықтан біз олардың рухының алдында бас июге міндеттіміз. Әр жеңістен соң ананың көзінен аққан гауһар тамшы омырауда қақ болып қатты. Біз бақттымыз себебі: «Әне, Отан үшін от кешкен аталар, соған ұқсап бақ!» деп айта алатын, ести алатын кезеңдеміз. Елде тыныштық болмай экономика да, мәдениет те сондай-ақ мемлекеттің саяси өмірі дамымайды, алға баспайды. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Нұрлы жол» жолдауында. «Еліміздің әр азаматы нағыз Отан сүйгіш болса, бірін-бірі бауыр деп қабылдаса, біз бағындырмайтын белес жоқ»-делінген. Біз жас ұрпақ, сіздердің алдарыңызда борыштымыз. Сондықтан жаудан аман есен алып қалған бейбітшілік құнының баға жеткізгісіз қымбат екендігін біліп,оны өмір бойы аялап өтеміз.

**Любина Карина**

8 сынып, №8 орта мектебі

Орал қаласы Батыс Қазақстан облысы

Жетекші: Каирова Р.А.

### **Өткен күннің жеңісі – бүгінгінің жемісі**

Көз жетпес көкжиекке қарасаң көгілдір дала көлбеңдейді. Қызғалдағын самалдың екпіні тербеткен беткейден құстар шырылы өмірдің тәтті бір әуенін бастағандай. Көк аспанға күле шыққан жарық күн бүгінгі өз еншімізге тиген көгілдір тудың табиғаттағы көшірмесі тәрізді. Көк байрағы әлемді шарлаған, өзге елдермен терезесі тең халықтың ұрпағы екендігін, атадан балаға мұра болып қалған кең даланы жайлаған еркін елдің перзенті екендігін кеуденді қуанышқа толтырып, ғажайып күйге бөлейді.

Әр қадамында бабалар алақанының ізі жатқан жазық дала қанша жүрсең де таусылмайтындай шексіз. Осы жазық дала төсінде ақ бас таулар асқақтап, ұлы өзендер тынбай ағып, бұйра құмдар жап-жасыл егін алқабымен алмасып, тағы да көкжиекпен астасып алыстай береді. Иә, осындай көз тартар, көңіл қуантар құтты мекеннің, кең байтақ отанның болғаны қандай жақсы!

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Жайықты келіп алғаны,  
жағаңа қолды салғаны,

- деп күңіренген Мөңке ақынның аруағы тынышталып жатқандай.

Бұл еркіндік, бұл тәуелсіздікке қалай қол жеткіздік? Қазақ елінің тарихына көз жіберіп қарасаң, қай ғасырда да халқымыз ел еркіндігін, ұлт тәуелсіздігін білектің күшімен, найзаның ұшымен қорғап қалған. Қазақ елінің тәуелсіздік үшін күресі сонау XVIII ғасырдан басталып, бүгінгі күнге дейін жалғасып келеді. Атадан балаға мұра болып келе жатқан батырлық, туған жерге деген махаббат, өз тілі, салт-дәстүріне деген құрмет сияқты кіршіксіз сезімдерге әлі күнге дақ түскен жоқ.

Қайратты қаһарман, батыл қолбасшы, шебер ұйымдастырушы, дарынды мәмлегер-елші, туған халқын жан-тәнімен сүйген, ақылды да айлалы хан Абылай жеткізген жеңісті күндерден бері қарай да қазақ жеріне көз алартқан жау көп болды емес пе? Соның бәріне «Алатаудай Ақшадан алып туған Бөгенбайдың», қайтпас қайсар Қаракерей Қабанбайдың, екпіні судай тасыған Наурызбайдың ұрпағы төтеп беріп, ерлік, батырлық дәстүрді жалғастырып келеді.

Арманы бар ма жігіттің  
Алысып өлсе жер үшін?  
Жалаулы найза қолға алып,  
Қалықпандай қомданып,  
Жау тоқтатып айқаста,  
Құрбандық болса елі үшін?

Осындай наркескен жырдың иесі, алмас қылыш Махамбет жырлары халық жүрегіне алау болып жағылып, жау ордасы үстінде ат ойнатқан Исатай мен Махамбет бастаған жалаулы күндерді ел тәуелсіздігінің айшықты беттері, жеңісті күндер жалғасы емес деп кім айта алады?!

Тарих тағылымына көз жүгіртсек, халқымыз қаншама төзуге тұрғысыз қиындықтарды өткерді. Бұның бәрі елге таудан тас арқалағандай қиыншылықтары көп ауыртпалықтар әкелді. Өткенді сараласақ, көз алдымызға кешегі Ұлы Отан соғысының елесі келеді. Сұм тағдыр қаншама қаһарманды қыршын қиып кетті. Қимас достарды, адал жарды, сүйікті жұбайларды, балапанын қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай өсірген асыл ана мен баланы тағдыр тәлкегі ортасынын бөлді де кетті. Халыққа күйзелу сыйлаған Ұлы Отан соғысы да тарихтың сыр шежіресін шертер параққа өзінің қайғылы өрнегін салып кеткен еді. Қаншама азап шексе де, тағдыр тауқыметін тартса да, артының қайырын беріп, бәрі орнына келіп

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

оңалған еді. Жеңіс туын желбіреткен күн де еліміздің есігін айқара ашты. Дәл сол кездер жүрегінде ноқат болып қалса да барлық қайғыны ұмытып, халық қуанышпен құшақтаса қауышқан еді. Содан бері қаншама жылдар өтті...

Елдің ерен қуаты – егемендігі. Егемендіктің еншісі – еркіндік, мұраты – тәуелсіздік. Тәуелсіздік жолындағы күреске ұлт ұрпағының арын шаң басқан емес. Айбатынан ай жасырынған Бауыржан атамыз өзінің ерен ерлігімен, жау жүректілігімен, қазаққа тән даралығымен ұлтымыздың атын әлемге асқақтатты.

«Ер етігімен су кешіп, ат ауыздығымен су ішкен» кезде мандай аруларымыз – Әлия мен Мәншүк жастықтың шырын күндерін мұздай қаруға айырбастамады ма?! Мұз жастанып, қар жамылып, темір құшақтап жүрсе де шуақты күндердің боларына сеніп, ет жүректері елжірей елін сүйе жеңіске асықты. Олардың маңдайына соғыс жазылды, қыршын жастық жазылды, мәңгіге ұлттың жүрегіне орнап қалу жазылды.

Тәуелсіздікке ұмтылған жеңісті күндердің жалғасы ретінде 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасын қалай айтпассың? Жетпіс жыл бойғы сірескен мұзға алау боп жағылып, жан жүректерінің жылуымен тоңды жібіткен жас өркен елдік, ерлік, қайтпас қайсарлық, өр рухтың айнасы болды. Осы қайсар ұрпақтың ерлігінің арқасында ғасыр бойы есімін ардақтаған ұлтымыздың арыстары әр тараптан қайта оянып, өз туған даласында тиісті тұғырына қонды. Хан Абылай, Кенесары, Қабанбай, Бөгенбай, Бейбарыстар ұмытты деген ұрпаққа қолын созып ғасырлар қойнауынан тіл қатқандай.

Осындай күндермен жеткен Қазақстан Тәуелсіздігі дегенде, тарихтың бәрі ойға оралады. Содан барып, ұлттық Тәуелсіздігіміздің тұлғасы көрінеді. Біз Тәуелсіздікті өз қолымызбен, тағдыр-талайымызбен жасау үстіндеміз. Тәуелсіздік – Ту, Тәуелсіздік – ауа, жер-су, Тәуелсіздік – ел дәулеті. Тәуелсіз тудың астында тәуелсіз күн кешуді сезінуден артық бақыт бар ма?

**Мақыбаева Айгерім**

9 сынып, Қуағаш орта мектебі  
Қарағаш селосы, Шыңғырлау ауданы  
Батыс Қазақстан облысы  
Жетекшісі: Абуова А.С.

### **Ұлы жеңіс- ұлылар жолымен**

Соғыс – бұл талай ұрпақтың қайғысы,  
әрбір үйдің қасіреті, бақытсыздыққа ұшыраған  
балалық шақ, жесірлер мен аналардың көз жасы,  
миллиондаған ерлер мен әйелдерді, қарттар мен

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

балаларды аяусыз қыру, аштық пен қайыршылық,  
қалалар мен ауылдарды жойып жіберу, ұлттық  
байлықтарды құрту, мәдени құндылықтарды жою.  
(Б. Момышұлы)

Иә, талай жүректі жаралап, талай көзден жас аққызған Ұлы Отан соғысының аяқталғанына да биыл міне, жарты ғасырдан астам 70 жыл толыпты-ау. Жоғарыда айтылған Бауыржан атамның нақыл сөзі өте орынды айтылған. Әрине мұндай сұм соғыстың бетін құдайым әрмен қылсын. Ешбір халықтың, елдің басына бермесін. Соғыс деген сөзді естісем денем тітіркеніп, жүрегім мұздап сол кезде қыршын кеткен тағдырлар көз алдыма келеді. Мен соғысты көрген жоқпын, бірақ еліміздің қалай қиналғандығын мен өте жақсы білемін. Әрине өткен уақытты кері қайтара алмайсың.

Өлшеусіз өмір арнасымен ағын судай жылысып ағып жатқан күндер мен жылдардың қайсыбірін тірілтіп жатасың. Ғажайып сырға толы дүниедей асыл әлемнің қимас шағының адам көкірегінде аз жыл аялдап, күндермен астасып зулағаны да, күз мұнарындай күнгірт тартып көшуі де тегін емес?! Бірақ, бірақ сонау 1941 жылдың 22 маусымындағы арыстанның айбатын арқалап келген сұрапыл соғыстың адам санасына өшпес сурет, жүрегіне басқан мәрдей орнығуы, әрбір минуттың сағыныш пен алғы күнгі үмітінің астары не екен деген ой болды. Бұл – алапат соғыстың ұзаққа созылатындығының өшпес белгісі екендігін біреу білсе, біреу білмеді.

Ұлы Отан соғысы... Ата – бабаларымыз ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен, бар ынта – жігерімен Отан үшін, келешек ұрпақ үшін қан майданға қасқая аттанған патриоттардың ерліктерін ауыз толтырып айтса болады. Бұл сұрапылға қасқая төтеп бере білген батырлар алтыннан ардақты да қымбат, бағалы да байтақ қазақ жерін қорғап қалғанды. Сонау өмір мен өлім, жеңіс пен жеңілістің таразысы салынған шақта сан мыңдаған аталар мен әжелер балғын шақтарын келешек үшін құрбан етті де...

Отанның намысы үшін оттан қашпа,  
Шын сүйсең, мақсатыннан қия баспа.  
Тайсалма, бар, Отанның құрбаны бол,  
Өлімнің орынсыз боп кетпес босқа.

Иә, осы бір сөздер Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза болғандар мен сол зұлым шайқаста ерлігімен елінің үкілі үмітін ақтағандарға арналған іспетті.

«Адам туады, адам өледі. Мұнда тұрған қайғы не? Бұл – жаратылыс заңы. Бірақ адам дүниеге тек қана келіп, әншейін ғана аттана бермейді. Ол артына ой қалдырады, ойдан мұра қалдырады», - деген толғамды тұжырымды Ұлы Отан соғысы жылдарында қазақтың қайсар ұлдары мен қыздары дәлелдеп



**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

кеткен еді. Кешегі Бауыржан Момышұлы, Баубек Бұлқышев, Әлия Молдағұлова, Хиуаз Доспанова, Талғат Бигелдинов сынды нағыз патриоттар ерлігін келешек ұрпаққа үлгі етуіміз керек. Осы орайда Әбу Сәрсенбаевтың "Сен құрметте оны" өлеңі де қан майданда ерлікпен қаза болған батырларымызға арналған.

Бұл соғыс талай адамның жүрек жарасын тырнап өтті, жауға деген өшпенділікті ұлғайтты. Өйткені төрт құбыласы түгел, қабырғасы бүтін ешкім қалмады ол кезде... Отанға деген махаббат ыстық жүректі жарып, елжіретпей қоймады. Осы бір батыр ерлердің жазғандарын оқысақ, олардың өмір сүруге ынтықтығы, жауға өшпенділігі, жеңіске деген сенімділігі адам санасына шок тастап, семсердей өткір сөздері жауынгерлерді айбаттандырып, өршіл рух беретінін сезіну қиын емес. Соғыс- барды жоқ ететін, жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал. Соғыста ерлік көрсеткен батырларымызды халқымыз ешқашан да ұмытпайды және әрдайым ұлықтайды. Мен де Ұлы Отан соғысында ада кеткен жауынгерлерімізге өзімнің жүрекжарды жыр шумағымды арнағым келеді.

Биыл міне, біткеніне сұм соғыстың 70 жыл.  
Жаралады жүректерді, көзден ақты қанды сөл,  
Қатыгездік, қағылездік басым болды көл-көсір.  
Қыршын жастар, қаза тапты қиылды да гүл өмір.

Мен осы өлең шумақтарын бізге осындай уайымсыз бақытты балалық шақ сыйлаған ержүрек батырларымызға арнадым.

«Батырлық – тәуекел мен ақылдың есебінен шығуға тиіс. Тәуекел кейде ақылды да ақтап алады. Ал, ақылсыз тәуекел ешкімді де ақтай алмайды», - деген Бауыржан сөзі жас ұрпақты батырлыққа, ерлік жасауға тәрбиелесе, Баубектің мына бір сөздері фашистерге деген көңілді суытады:

«Жастық шақ маған бір-ақ рет беріледі емес пе? Біз, жастар, өмір сүруге асығатын едік, жастық шағымыз мағыналы болсын деуші едік қой?! Міне, сол қымбат шағымызды фашистер тонап алғысы келеді, балдырғанды бақшаға өрт салғысы келеді. Мен соған кектенем».

Иә, талайдың қабырғасын қисайтқан, талайдың арманын таптаған, талайды жылатқан бұл соғыс ел басына енді оралмасын деп тілеймін.

«Естігенде үлкен құрметпен бас иетін өлім бар. Ол – майданда ерлерше өлу», - деп толғанған Баубектің сөздері көпке ұлағат болмақ.

Жылдар мен жылдар жылжып, ұрпақтан-ұрпақ өрбіп, әр жылы жаңаша дүние туар. Бірақ, ел намысын ойлап, он екіде қыршын кеткен батырларымыздың есімі еш өшпек емес. Міне, енді бәрі өткен, бәрі кеткен. Баршасы пәни жалған жайлауынан көшкен шақ. Елесі бар, өзі жоқ, ерлігі бар, көзі жоқ кешегі ерлік иелерінің үдере тартқан керуендей ұзап, көрген түстей сағым тартып алыстай түсуі де көш дүниенің белгісі ғой.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Міне, сол соғыста ерлік көрсетіп, елге аман-есен оралып, еңбек майданының да алғы шебінен табылып, бірнеше ұрпаққа үлгі - өнеге бола білген, бүгіндері қатары күн өткен сайын сиреп бара жатқан ардагерлерге айтар алғысыз да, көрсетер құрметіміз де шексіз...

**Мнапи Бағдат**

11 сынып, Махамбет Өтемісұлы атындағы  
облыстық сауықтыру мектеп-интернаты  
Орал қаласы Батыс Қазақстан облысы  
Жетекшісі: Дисенова Б.О.

**Ешкім де, еш нәрсе де ұмытылмайды**

Жер бетін қан сасытқан соғыс бітті,  
Жер бетінен жамандық мүлдем кетті.  
Жеңістің жарқын күнін жыр қыламыз,  
Аспандатып жырлаймыз жақсылықты.

Жеңіс... Иә, оны сан миллиондаған адамдар 4 жыл бойы минуттап, сағаттап сарыла күтті емес пе? Ақыры олардың үміті мен сенімі ақталды. Тілектері орындалды. Бірақ сол жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Жеңіс жолында Отан үшін от кешіп миллиондаған асыл азаматтар мерт болды. Олар жауымен жан аямай шайқасып ерліктің ерен үлгілерін көрсетті. Ана жарын жоғалтып жесір атанса, бала әкесінен, анасынан айырылып жетім атанды.

Міне, бүгінде адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыстың болып өткеніне 70 жыл толды. Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Жер бетін тып-типыл етуге ұмтылған аранын ашып, әлемге алақұйын жолын шашып жан біткенді жалмауға жанталасқан қаһарлы зұлмат – екінші дүние жүзілік соғыс туралы шығарма жазуды бастағанымда, бұл тақырыпты он бетке болсын, жүз бетке болсын сыйғызудың мүмкін еместігіне көзім жетті.

Соғысты бірінші болып қарсы алғандардың қатарында Кеңес Одағының батыс шебін күзеткен ондаған мың қазақстандық – шекарашылар болды. Ұлы Отан соғысы 4 жылға созылды. Майдан даласында 600 мыңнан астам Қазақстандық қаза тапты. Соғыста қаза тапқандардың саны туралы мәлімет бүкіл әлемді дүр сілкіндірді. Жекелеген мәліметтер бойынша адамзат тарихындағы бұл ең зұлмат соғыс 20 миллионнан астам кеңес азаматтарының өмірін қиды. Бірақ ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай ізін қалдырды.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ұлы Отан соғысы. Бұл сол кездегі кеңес халқының ер жүректілігімен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлерімізбен мақтанамыз. Ұлы Жеңіс мерекесінің 70 жылдығына арнап қаламызда мерекелік шаралар ұйымдастырылуда. Жеңіс күнін бүкіл халық тойлайды. Ардагерлерді құрметтеу – біздің міндетіміз. Жеңіс үшін аштыққа да, ауыр жұмыстарға да, тіпті өлімге де қарсы тұра білді. Қаншама азапты күндерді басынан кешіріп, бүгінгі көк аспан астында, ақ көгершіні халықтаған, бейбіт күнді сыйлады. Сол үшін ардагерлерімізге алғысымыз шексіз. Олар әкелген тыныш өмірдің тұнығын лайлауға жол бермеуіміз керек.

Зарықтырып жеткен Жеңіс күнінің қадірі бәріміз үшін тым қымбат. Сұрапыл соғыс адамзаттың жүрегіне өшпес жара салды. «Отан» атты ыстық ұғым, тәтті сөз қарсы келген дұшпанға қаймықпай қарауға жігер берді. Осы мерекенің біздің өмірімізде алатын орны ерекше. Осыдан 70 жыл бұрын бүкіл әлемге қайғы мен қуаныш жасын қосқан ерекше күн еді бұл. Изгі ниетпен адамзат баласы мерекелейтін осы күннің тууына еліміздің айтулы үлес қосқанын біз әрқашан да мақтан тұтамыз. Уақыт өткен сайын кешегі күндей күркіреп өткен сұрапыл соғыстың дүрбелең оқиғалары да арасын аулақ салып, алыстап барады. Бірақ, қаншалықты алыстағанмен ол көңілден кетіп, жүректерден өшпес еді. Өйткені, ол соғыс қаншама ұрпақты қайғы-қасіретке душар етіп, өмірін өксітіп кетті. Сол соғыста майданның алдыңғы шебінде жүріп, басынан өткергендері де солардың тілеуін тілеп, тылдағы бар ауырпалықты иығымен көтерген ардагерлер де, соғыста ата-анасынан айырылып, жетімдік тауқыметін тартып өскендер де, бүгінде арамызда жүр. Сондықтан да жыл сайын, мамыр айының 9-жұлдызында, сол сұрапыл соғыстағы Жеңіс күні айрықша атап өтіледі және ол жалпыға бірдей халықтық мереке болғанымен, бұл күні әсіресе, кешегі соғыста жеңіс үшін қолдарына қару алып, майданның алдыңғы шебінде қан құйлы жаумен шайқасқа түскен, соғыс ардагерлеріне көрсетілер құрмет айрықша. Жыл өткен сайын ардагерлердің саны азайғанымен олардың жасаған ерлігі, бүгінгі ұрпақ санасында мәңгі қалмақ. Бұл мереке – әр кезде де батылдық пен ерліктің символы. Отанға деген сүйіспеншілік пен адалдықтың өлшемі. Бұл сұрапыл соғысты ешкім де ұмытпауы, еш нәрсе де ұмытылмауы керек.

1941 жылғы 22 маусым – тарихта мәңгі қалатын қасіретті күн. Жетпіс жыл бұрын осы күні Ұлы Отан соғысы басталды. Ол күнді енді ешқашан көрсетпесін. Кейінгі ұрпақ жыламасын-сықтамасын. Соғыста қаза тапқандарды, әрине, біз қайғыра еске аламыз.

Бұл күні елі мен жері үшін өмірін қиып, туған жерге оралмаған қаһарман ерлерді бүкіл ел болып, еске түсіреміз. Жыл сайын қалың жұртшылық соғыста қаза тапқан жауынгерлердің рухына тағзым етіп, «Мәңгілік алау»

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

мемориалына гүл шоқтарын қойып, ескерткіш басына соғыс куәгерлерін еске алып отырамыз. Біз, бейбіт күннің астында, егеменді елде тұрып, бақытты өмір кешіп жатқанымыз үшін, аға ұрпақ алдында бас иіп құрмет тұтамыз. Оларды ешқашан ұмытпаймыз.

Бүгінгі ұрпақ тәуелсіз елде, бейбіт аспан астында өмір сүріп жатырмыз. Осы күндерді сыйлаған, ел ертеңі үшін кеудесін от пен оққа тосып, зұлмат соғыста қаза тапқан батыр жауынгерлер ешқашан ұмытылмайды.

**Муксенова Милана**

10 сынып, №35 мектеп-лицей  
Орал қаласы Батыс Қазақстан облысы  
Жетекшісі: Кереева Н. Ж.

**Ұлы елдің ұлы қасіреті...**

Өмір – үлкен дария. Қай перзенті тұнығын лайлап, тыныштығын кетірсе, толқынымен жағаға әкеп шығарып тастайды. Буырқанып, бұрсанбай-ақ үлкен жүректі аналар секілді үнсіз жазалайды. Иә, «Ала биеден құла да туады» деу жөн-ақ, ұлан байтақ кең жерге қызылкөздене қарау адамзатқа тән қасиет қана. Сүйекпен сіңген қасиетті қанша жусақ та кетіре алмай келеміз. Неге олай ой түйдім?!...

Бауырын түрлі ұлт мекендеп, әбден бауыр басқан кезеңде Германия, Италия, Жапония тарапынан басталған соғыс ашкөздік зардабын ашық сездіре алды. Десек те, сол ашкөздік әлі санамыз бен қанымыздан арылмай келеді. Біз сол соғысты «Ұлы» дедік, өйткені оның астарында бір ниет, бірегей тәсіл, үнсіз түсіністік пен жанқиярлық отансүйгіштік жатыр. Сол ұлылық негізінде бауырластық пен достық қабысты. Ұлы Отан соғысы тек ер-азаматты ғана емес, ананы, тіпті, баланы да «ұлы» етті. Ананың ұлылығы сол – азаматын шығарып сап, үлкен қасіретін, қиындығын ішіне сыйғыза білді. Жарының орнына қолына құрал ап, еңбекке араласты. Тілім нанын көппен бөлісіп, әдемі киім ләззатын да көрмеді. Ал балалардың ұлылығы сол – балалықты ұмытып, үлкендермен еңбек күшін тең бөлісті. Ойынды ұмытқан жас жанары үміт пен қайсарлыққа толы болды. Ұлы Отан соғысының «ұлы» атануы да осыдан шығар... Не деген төзім... Шексіз еңбек...

Ұлы Отан соғысының ұлылығы сол – 61 мемлекетті жұмылдыра білді. Бұл дегеніңіз – дүние жүзі халқының 80%-ы болатын! 110 миллион адам әскер қатарына алынса, оның тек 50-55 миллионы көз жұмды. Соның ішінде қазақ халқынан 1 миллион 200 мыңнан астамы алынған еді. Жат жерге топырағым бұйырар деп сол шейіт болған ерлердің қайсысы ойлады дейсіз!

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Біз 21 ғасырдың ұрпағымыз. Егеменді Қазақстанда еш нәрседен қысылмай тату-тәтті өмір сүріп жүрміз. Бірақ осының бәрі кімнің арқасында? Біз кімнің алдында борыштамыз?

Қазақстанның шалғай солтүстік-батысында орналасқан Батыс Қазақстан облысы республиканың басқа аудандарына қарағанда Ұлы Отан соғысының бүкіл ауртпалығын, тіпті ең алапат кескілескен шайқастарды бастан өткізген аймақтарға бір табан жақын болды. Бұл батысқазақстандықтардың соғысқа, фашистік Германия мен милитаристік Жапонияны талқандауға, Ұлы Жеңісті жақындатуға қатысуын біршама дәрежеде ерекшелендіре түсті.

1941 жылы 22 маусым күні Ұлы Отан соғысы басталды да кетті. Халық арасында абыржу үрей және қорқыныш туа бастады. Соғыс менің отбасымды да айналып өткен жоқ. 1942 жылдың 10 қаңтар айында атам Мұқсен әскер қатарына аттанды. Атам есіне алғандай: «Бүкіл колхоз болып азаматтармен бірге шұбырып дауыстап жылап, ауылдан 700-800 метр жердегі өзеннен өткізіп тастадық. Онда жыламаған адам болған жоқ. Ол бір халыққа әдейілеп келген қасірет болатұғын». Өкінішке орай, әкесін соңғы рет көргенін, өзі де білмеді.

Мұқсен атам қай жерлерде жүргені туралы, жаттығу жұмыстарымен әзірленіп жатқандары туралы және қашан, қай жерде (Ленинград маңы болатын) соғысқа кіргені туралы үш бұрышты хаттар келіп жатты. Пошта тасушы сүйінші сұрап қуантып жататын... Бірақ осындай қуанышты күндер өтіп, атамнан хабар келмей қалды. Сонынан оның 1944 қаңтар айында қайтыс болғаны туралы мәлімет алдық.

Көп жылдар бойы атам әкесі қай жерде жерленгені туралы білген емес. 2003 жылы Мәскеу қаласына келіп, мәлімет іздей бастаған. Сол жылы Новгород облысына барып, Тристрока деген ауданында Мұқсен әкесінің жерленген жерін көрген екен.

Қазіргі таңда «соғыс» сөзі барлық шаңырақты аралап жүр. Өйткені бір кезеңдерде ол әрбір шаңырақтың бір-бір қимас жанын жұлып әкеткен болатын. Иә, азаттық, бейбіт өмір осынша құрбандар құнынан тұрады деп кім ойлаған..! Бізге бейбіт өмір тым қымбатқа түсті. Өзекті өртер ащы өкініштің, қимас жандарын жоғалтқан аза мен Жеңістің көзге жас алғызар қуанышын сезіндірді.

Біз соғысты есімізге алғымыз келмейді. Өйткені қанша жас ғұмырды әкетсе, сол жанды күткен отбасының үмітін күйретіп, отын өшірді. Қанша аяулы жардың тағдыры үзіліп, жаутаңдаған жас бала жетімдік дәмін ерте сезінді.

Біз соғысты есімізге мүлде алғымыз келмейді. Соғыс тақырыбына арналған кинофильмдерден жан түршігерлік азапты көріп, іштей өз кейіпкерімізге болысып, бірге қиналамыз. Сол киноғұмырдың өмірден

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

алынғанын ойлағанда жүрегің ауырады. Жүрегің ауыра отырып, сол азапқа шыдаған батырлыққа, ерлікке сүйсінесің! Біз соғысты көргіміз келмейді!

Біз – ұлы елдер ұрпағымыз! Өйткені еш дайындықсыз сұрапыл соғысқа төтеп бердік! Қамсыз жатқан елімізді ойсырата жеңу идеясының жүзеге асуына жол бермедік!

Біз – өркениетті елдер ұрпағымыз! Сондықтан соғыс зардабының салдарын жадымызға тоқып, оған жол бермеудің жолын үнемі ұғына білуіміз керек. Өйткені Ұлы Отан соғысы – көптеген ел жүрегіне түскен айықпас сызат. Сол сызаттың қайта ашылуына жол бермейік! Сұрапыл шайқасты көрген ардагерлеріміздің ерен еңбегі – өткен ғасырдың алтын діңгегі. Сол діңгекті берік күйінде сақтау-келешек парызы!

**Мустафина Алина**

№35 мектеп-лицейі

Орал қаласы Батыс Қазақстан облысы

Жетекшісі: Ниетова А.С.

Уа, сұр шинель, сұрапыл кезеңдерде,  
Өрт кешіп талай хутор, селендерде,  
Жасқанбай жауған оққа қарсы ұмтылып,  
Сен кешкен жүздік дүлей өзендерде.  
Тобырсып тобығымнан сорғалап су,  
Сіресіп сыртында мұз,  
Бұрқырап бу,  
Жат жерлікті жапыра ілгері озып,  
Кезекті елдің үстіне орнаттық ту.  
Әбу Сәрсенбаев

Ұлы Жеңіске 70 жыл. Егер 1945 жылы туған бала болса, қазір жетпіске толар еді, үлкен әже немесе ата болар еді. Бұл үлкен бір ғұмыр. Соғысқа қатысқан ата-әжелеріміздің естеліктері, соғыс жайындағы кинофильмдер, жазылған кітаптар болмаса біздер, жас ұрпақ, бұл соғыс туралы да Жеңіс туралы да ештеңе білмес едік. Мен де сол нағашы атамның, әжемнің айтуымен соғыстың қаншама адам өмірін қиғанын, елге ауыртпашылық әкелгенін естідім.

Менің үлкен нағашы атам Едігеев Қайырғали Едігеұлы 1922 жылы 26 мамырда дүниеге келген. Соғыс басталған кезде бар болғаны 19 жаста екен. 1943 жылы 3 наурызда Теректі ауданының (Батыс Қазақстан облысы) әскери комиссариатынан Қызыл Әскер қатарына шақырылады. Минометшілер даярлық курсы бітірген соң Сталинград соғысына қатысады, аға сержант

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

шенін алады. Сталинград түбіндегі бір шайқаста атам жатқан окоп түбінде бомба жарылып, атам жарақатанып, контузия алады. Әскери госпитальда ұзақ уақыт емделеді, әскери дәрігерлер соғысқа жарамсыз деп тапқан соң елге оралады.

Соғыстағы ерлігі үшін атам Қызыл Жұлдыз орденімен, I дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденімен, «Ерлігі үшін», «За Победу над Германией», «За боевые заслуги» медальдарымен марапатталған.

Атам соғыстан келгеннен кейін Бөрлі ауданында әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінде ұзақ уақыт жұмыс жасап, сол жерден зейнеткерлікке шықты.

Атам мектеп оқушыларымен, әскер қатарына шақырылғандармен жиі кездесіп соғыс жайындағы естеліктерімен бөлісіп, ақыл-кеңестерін беріп, отансүйгіштікке үйретіп отыратын. Бұл мерекені ұмыту, тарих бетінен сызып тастау оңай емес. Уақыт бір орында тұрмайды, алға жылжиды. Ал соғыстың тірі куәгерлері азайып бара жатқаны анық. Қай уақытта болса да, біз оларға құрмет көрсетіп кітап пен өлең жазсақ та артық болмайды. Ұлы Отан соғысы жылдарында жасаған ерліктері мәңгі ұмытылмас.

Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауға қарсы, жеңіске жетуге Қазақ халқының ерлері мен қыздары да қалыс қалмады. Қазақстандық жауынгерлер бұл соғыста аянбай ерлік көрсете отырып, Берлинге дейін жетіп, сол жерге Жеңіс туын да тікті. Қазақ ел басына күн туған шақта толарсақтан саз кешіп, жұдырықтай жұмыла алатын жауынгер халық. Ұлы Отан соғысы туралы ақпараттардың қайсысын қарасақ та, қазақстандықтардың қаймықпай соғысқанына көзіміз жетеді. Оған мысал айқас кезінде өшпес ерлік жасаған қазақ батырларының Кеңес Одағының батыры атағын алғанын мақтанышпен айта аламыз. Қан майданға аттанған аталарымыз намысты қолдан бермеді. Солардың ішінде Бөрлі ауданынан Ұлы Отан соғысына 4608 адам аттанған екен, соның 1821-і ғана елге оралған жоқ. Жерлестеріміздің арасында Ф.Г.Волков, Г.И.Шевцов, Д.И.Панфилов, Н.В.Черненко, А.Я.Тихоненко және В.Ф.Тарасенко сынды Кеңес Одағының Батырлары, Даңқ орденінің толық кавалері А.Л.Ковалев бар. Батырлардың есімдері мектептер мен көшелерге берілген. Олардың ерліктері жайында мектептерде ашық сабақтар өтеді. Сұрапыл соғыс кезінде бұл аталарымыз Отанымызды белсенді қорғаушылар қатарында болған. Бұл соғыс ұрпаққа өнеге етерлік ерлігі тарих бетінен мәңгі өшпестей із қалдырды, сонымен бірге аяқталғанына қанша жыл өтсе де, халық жадында мәңгі сақталып, соғыстан қайтпаған солдатты аңсай күткен ана мен жар қаншама.

Осындай аналардың қатарына өзімнің туған нағашы әжем Камал соғысқа өз қолымен аттандырған екі ағасын Қуанышқалиев Хамит пен Қуанышқалиев Халетті (Жымпиты ауданынан шақырылған) сағына күтіп, солар жайында жиі есінде қалған әңгімелерін әлі күнге дейін айтып отырады.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Сұрапыл соғыстың ортасында жүрсе де, жауынгерлерді шалғайда қалған туған - туысқандарымен хаттар жалғастырып тұрды. Сол ағалары туралы естіген әңгіменің бірі олардың жазған хаттары еді. Сол хаттарда көздің жасы, сарқылмас сағыныш пен түпсіз терең ой, махаббат пен қалың ормандай қасірет болды. Қанша жыл өтсе де сол сарғайған қағаздар адам жанын елжіретпей қоймас. Қуанышқалиев Хамит ағаның Брянск түбіндегі соғыс алдында жазған хаты. Әжем осы хатты олардың көздеріндей сақтаушы еді.

Біз соғысты көрген жоқпыз,  
Естідік,  
Соғыстан соң туғандармыз,  
Етек жауып, ес біліп.  
Соғыс үні жетім болып, жесір боп,  
Тұратындай әлі бізге естіліп...

Міне осы Ж.Әуелбайұлының өлеңінде айтылғандай соғыстан кейінгі жетім, жесірлер қаншама. Мен соғысты көрмесем де әжемнің сарғая сағына күткен бауырлары Хамит аға мен Халет ағаның сол сұрапыл соғыстан оралмағаны есіме түседі. Бір әулеттен аттанған екі боздақ та оралмады. Олардың артарында тұяқ та қалмады. Бүгінгі бейбіт өмірдің жолында олар қаза тапты. Ал қарақағаз арқалаған қазақ шаңырағы, хабарсыз кеткен ұлын, көкесін, атасын өмір бойы күткендер, үмітін үзбеген талай тағдырдың да оты өшпеді ме? Олар үшін кім жауап бермек?

Ешкім де ешнәрсе де ұмытылмақ емес! Менің нағашы аталарымның есімдері Орал қаласындағы Ұлы Отан соғысына қатысушыларға қойылған ескерткіште алтын әріптермен жазылған.

Ия, жеңісті сан миллиондаған адамдар минуттап, сағаттап, жылдап сарыла күтті емес пе? Олардың да күткен үміті ақталып Жеңіс таңы атты. Әрине, жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Осы жолда талай азамат мерт болды.

Осы қан майданда қаза тапқан ерлерге бас иіп тағзым етеміз. Бүгінгі таңда бейбіт өмір сүріп отырғанымыз сол аталарымыздың жеңісі. Мен соғыста ел намысын қорған атам Қайырғали Едігеұлын, өз өмірін қиып, Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске қосқан үлестері мен батырлықтары үшін нағашыларым Қуанышқалиев Хамит пен Қуанышқалиев Халетті әрдайым мақтан тұтамын.

Әрине, бұл соғыстың жеңіп шығуына тылдағы еңбек адамдарының да үлесі кем болмады. Қазір олардың есімдерін майдангер ардагерлермен қатар айта аламыз. Олардың еңбектері, ұйқысыз өткен түндері, жеңіс таңы ататынына сенімдері, сүйген жар мен баласына деген махаббаты да жеңіс таңын жақындатқан болар. Ұлы Отан соғысы тарихын жақсы білетін адам жеңіс сағаттарын жақындатуға Қазақстанның қосқан үлесінің қандай екенін білері сөзсіз. Темір жол құрылысы жалғасты. 1942-1943 жылдары Мақат-Орск,



**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ақмола - Магнитогорск желілерінің құрылысы аяқталды. Соғыс жылдары Қазақстан жалпыодақтың мыс, марганец, металл, полиметалл, мырыш өнімдерін берді. Қорғаныс өнеркәсібіне қажетті мыстың үштен бірі Қазақстанда өндірілді, сондықтан да соғыс жылдары әрбір 10 оқтың тоғызы Қазақстанда құйылды. Республикада танк және ұшақ жасауға ақша жинау қозғалысы жүрді. 1941 жылы күзде танк дивизиясын құруға қаржы жинала бастады да, бір жылға жетер-жетпес уақыттың ішінде 45 жаңа танк алды. Кейінірек халық қаражатына тағы 10 танк колоннасы, бірнеше авиациялық эскадрилия, торпедо катерлер мен атаулы ұшақтар жасалды. Соғыс жылдары Қазақстан халқы жауынгерлік техникалар жасауға 480,3 миллион рубль жинап берді.

Жеңіске Қазақстанның ауыл шаруашылығы да өз үлесін қосты. Азаматтарымыздың бәрі армия қатарына алынғандықтан, зауыттарда әйелдер, қариялар, балалар еңбек етті. Еңбек тәртібі қатайтылды, жұмыс уақыты ұзартылды. Алты апталық, 23 сағаттық жұмыс күні бекітілді, барлық демалыстар тоқтатылды. Бірақ ешкімде оған қынжылған жоқ, демалыссыз еңбекпен соғыс алаңындағы әрбір жауынгерге жігер берді. Барлық ел «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!» деген ұранмен еңбек етті.

Қилы, қиын кезеңдерді басынан өткеріп, елі мен жерінің болашақ жарқын өмірі үшін басын оққа тіккен ардагерлерді отансүйгіштік қасиеттері Жеңіс тұғырына жеткізгендігі белгілі. Жауға қарсы қаймықпай ерлік көрсетіп, елін, жерін қорғау нағыз азаматтық борыш екендігін бүгінгі жас ұрпақтың санасына сіңіре білу керекпіз. Біз бүгінгі күннің жас ұрпақтары соғыста жасаған әрбір ерлігіңіз бен қаймықпай жауға қарсы тұра білген батырлық қасиеттеріңіз алдында бас иеміз. Ұлы Жеңістің бізге қаншалықты қымбат түскені баршамызға белгілі. Жеңіс таңын сыйлаған әрбір ер халық пен ұрпақ есінде мәңгі сақталмақ.

**Серік Аида**

9-сынып, «Сәулет» мектеп-лицейі

Тасқала ауданы, Тасқала ауылы Батыс Қазақстан облысы

Жетекшісі: Күлшариева Б.С.

**Майдангерлер азайып бара жатыр...**

Мәз боласын несіне, бала батыр?

Қариялар азайып бара жатыр.

Бірі мініп келместің кемесіне,

Біреулері, әнеки, жағада тұр...

М.Мақатаев

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Қариясын қадірлеп осылайша тебіренген Мұқағали атамыздың мұңында теңдессіз құндылық, ұрпақаралық қимастық, сыйластық сезімдері мөлдіреп тұр.

Зымыран уақыт жылжыған сайын Кеңес халқының басынан кешкен аса бір қиын кезең – 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы оқиғалары бізден алыстап барады. Қазір туған елінің дәмі бұйырып, сол соғыстан аман қайтып, арамызда жүрген қарт жауынгерлеріміздің ең жасының өзі 90-ға жақындапты. Бұл күнде майданда күн сайын ажалмен бетпе-бет келіп, соғыс сұрапылын, оның бар болмысын көзімен көрген солдаттың қатары сиреп бара жатыр. Қазірдің өзінде Отан соғысы туралы түсінігі күңгірт бола бастаған жас ұрпақ үшін кешегі майдангер қарттың өмір жолы тарих болып қалмақ.

Соғыстың төрт жылында алты мыңнан аса Тасқалалықтар майданға аттанса, соның мың алты жүзден астамы хабарсыз кеткен, жарадан немесе майдан даласында қайтыс болыпты, сөйтіп, қаншама боздақ туған еліне оралмады... Хабарсыз кеткен жігіттердің көпшілігі уыздай жас еді. Олар жар сүйіп, бала күлкісін көрместен кетті. Олар үшін «Аллаң салса, жігіттің амалы жоқ, үйінде алған жігіттің арманы жоқ» деген тілек орындалмады. Сол кездегі заманның жағдайына қарай кей үйде майданда қаза тапқан ерлердің суреті де қалған жоқ. Ондай үйдің балалары әкесінің кескінін де елестете алмады. Бұдан артық не қасірет болушы еді?

Соғыс... Соғыс... Сол соғыстың аяқталғанына да жарты ғасырдан асты. Соған қарамастан соғыс әкелген шексіз қасірет тек оған қатысқандардың ғана емес, алыста тылда болған миллиондаған адамдардың жүрегінде мәңгі жазылмас жара қалдырды

Соғыс әкелген орны толмас қаза, әр үйге келген ауыр қайғы, жастары қиылған боздақтар өмірі сұраусыз кеткен жоқ. Майдандағы Тасқалалық жауынгерлер Отан қорғау жолында өз борыштарын өтеп, ерлік көрсетсе, екінші жағынан, олар майданда қаза тапқан жерлестері үшін жаудан кек алды, олардың жоқтаушысы бар екенін көрсетті.

Мен Ұлы Отан соғысына қатысқан Тасқалалық жауынгерлерді сөз еткенде, әрқайсысы туралы көлемді жұмыс жазсам да артық етпес еді. Сапи Елеуішев, Ғабит Қиматов, Қанат Сапышев, Емелин Виталий Михайлович, Федосов Николай Александрович, Лапшин Иван Васильевич, Сағындық Ильясов, Нығымет Есеналиев, Ғайса Байсариев, Тілек Қадірбергенов, Берік Қарабасов, Набиолла Бекталиев, Есенғазы Төкешов, Бақыт Аманғалиев, Қабаш Жайлауов, Мақсот Сепетов, Ажығалиев Майкен, Әли Кенжешев және басқаларын атамай кету мүмкін емес.

Ел басына қатер төнгенде тасқалалық бір топ әйел, қыздар да қолдарына қару алып, Отан қорғауға аттанды. Олардың ішінде Сұлуқия Сарқұлова, Халима Досмұқанбетова, Рабиға Зайнуллина, Семина Анфиса Павловна, Юцкевич Надежда Михайловна, Желаева Мария Александровна есімдерін

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

әдейі айту орынды. Олардың кейбіреуі соғыс уақытында резервте болса, кейбірі ұрысқа тікелей қатынасты, орден-медальдармен марапатталды.

Майданда жеке ерлігімен ерекше көзге түсіп, даңққа бөленген, кейін «Кеңес Одағының Батыры» атағын алған жерлесіміздің бірі – Садық Шәкелұлы Жақсығұлов. Оған батыр атағы Днепрден алғашқылардың бірі болып өтіп, шағын күшпен жаудың дүркін-дүркін шабуылын тойтарып, контузияға ұшырағанына қарамастан, арттан күш келгенше плацдармды жауға бермегені үшін беріліпті.

Жерлес атамыз жайындағы Оралдық ақын апамыз Ақұштап Бақтыгерееваның «Батырмен жүздесу» атты өлеңінің сөзіне жазылған әнді шын жүрегімізден тебірене айтамыз. Ауданымызда С.Ш.Жақсығұлов атындағы мектеп бар. Биыл қараша айында Тасқала топырағында ардагер атамыздың 90 жылдығы аталып өтті. 85 жасында қараған кезінде өмірден өткен атамыздың денесі балалық шағы өткен Амангелді жерінде, суға түскен өзенінің жағасында, әкесі мен анасының қасында мәңгілік мекенінен орын тепті.

Ұлы Отан соғысында тамаша ерлігімен көзге түскен жерлестеріміздің бірі – Ибат Құбашев атамыз еді. Жеңісті Берлин түбінде қарсылаған атамыздың кеудесі көптеген медальдарға толыпты. Бұл күнде «Қазақстанның 40 жылдығы» аулының орталық бір көшесіне арамызда жоқ атамыздың есімі берілген.

Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне бүгінгі күнде Үкімет тарапынан жасалатын қамқорлықтар жеткілікті ғой. Қазақстан Республикасы Президенті Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының ардагерлерге деген аялы қамқорлығы, яғни бірде-бір ардагерді назардан тыс қалдырмауды жүктеген тапсырмасы – тарихқа деген тағзым, тағылым, келер ұрпаққа аманат іспетті. Басқасын айтпағанда, майдангерлерге баспана беру ісі жақсы жолға қойылған.

Әрине, Жеңіс сарбаздары қандай құрметке де лайық. Жеңістің 65 жылдығы аясында ауданымыздың бір топ ардагеріне Оралдан пәтер бөлініпті. Солардың арасында қазір Мерей ауылдық округінде тұратын Өтешқали Мамешұлы деген атай да бар еді. Міне, сол кісі қуанышты хабарды айта барған ауыл әкіміне дүрсе қоя беріпті. Ұзын - сөздің қысқасы: «Мен баспана алайын деп қан майданда басымды бәйгеге тіккен жоқпын. Бүгінгі тұрмысыма риза адаммын. Әрі Президенттің өзі бардың қадірін біліндер, ысырапшыл емес, үнемшіл болыңдар деген жоқ па?» деп, әкімнің өзін сұрақтың астына алады. Осындайда: «Шіркін, сүйегі асыл, салиқалы сырбаз мінез қариялар ел ішінде әлі де бар екен», - деп риза боласың. Бұл жайлы облыстық «Орал өңірі» газетінің 2011 жылғы кезекті бір санында жарияланған.

Сонымен бірге, қазіргі бейбіт өмірде Мерей аулында өмір кешіп жатқан Иманғалиев Кереш, Увалиев Қапсик секілді аталар – ауданымыздың мақтаныштары. Шежіндік ақын Шәки Қайырғалиұлы «Жеңіс күні» деген

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

өлеңінде «Мен әкемді көргендей болам әркез, Көрген кезде қарттарды сексендегі» - дейді. «Әкең өлсе де, әкенді көрген өлмесін» деп аталарымыз тектен-текке айтпаған шығар, шамасы.

Иә, Жеңіс туы желбірегеннен бері жетпіс жыл уақыт өтсе де, соғыс қалдырған естеліктер ұмытылған жоқ. Соғыс туралы қаншама еңбек жазылса, алдағы уақытта да жазыла берері сөзсіз. Батыста бір ғана Наполеонның өмірінен бес жүзден аса кітап жазылған екен. Олай болса, Отан соғысы туралы тақырып – мәңгілік. Өйткені, майдангерлер туралы толықтай жазылып бітті ме? Бүгінге шейін белгісіз болып келген батырлар қаншама? Мұрағат қорларында кезегін күткен қанша құжаттар бар? Суға батып, батпаққа сіңіп, бомба, снаряд салдарынан күл болып ұшып кеткендерді қайтеміз? Қысқасы, біздер, майдангерлер алдында миллион есе қарыздармыз.

Майдангерлердің жанымен, қанымен, көз жасымен, ісімен, ерлігімен туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жеткен күн – Жеңіс күні. Бұл – Ұлы мереке. 9 мамыр – бейбітшілік сүйгіш бүкіл азаматпен бірге әрбір төртінші азаматын соғысқа аттандырған қазақстандықтардың қасиетті де қастерлі мерекесі. Бұл күн – бәріміз үшін мұңайып тұрып, қуанатын күн. Бұл күні Ұлы Отанымыздың азаттығы мен мәңгілік тәуелсіздігі үшін құрбан болған жаужүрек аталарымызды ерекше жылылықпен еске аламыз.

Жыл сайын 9 мамыр – Жеңіс күніне арналған мерекелік шеруге қатысқанда, мен үнемі алға ентелеп, шерудің алғы сапындағы кеуделерінде орден – медальдары жарқыраған майдангер аталарды көруге ынтығамын. Оларды көргенде, тұла бойым шым етеді. Көмейіме «Аман жүріңіздерші, ардагер аталарым!» деген тілек еріксіз келеді.

Ақиқатты айқындап жариялар,  
Бара жатыр азайып қариялар.  
Дауыл тұрса, бүлк етіп толқымайтын,  
Бара жатыр сарқылып дариялар...

Тұғыры биік, іргесі бекем еліміздің, сұм соғыста сағы сынбаған жауынгер аталарымыздың батылдығы мен батырлығын жадымызда сақтап, ұрпақтан – ұрпаққа жеткізу – бізге аманат. Өйткені, біз – айбынды елдің асқақ ұрпағымыз.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

**Султанова Гульназ**

10 сынып, №35 мектеп-лицейі  
Орал қаласы Батыс Қазақстан облысы  
Жетекшісі: Кереева Н.Ж.

**Ата-баба ерлігі**

Біз жеңеміз.  
Жатқанда Отан жері отқа жанып,  
Тұрғанда туысқандар жауда қалып,  
Жеңбесек, жойқын қайрат шығармасақ,  
Жігіттің неге жүрміз атын алып?  
Жеңеміз! Жеңіс – совет адамы аты.  
Біздерміз азат етер адамзаты.  
Сенемін Партияма, ер халқыма,  
Қандай күш бұл дүниеден одан артты?!  
Жұбан Молдағалиев

Соғыс. Осы сөздің өзі де қорқыныш пен үрей тудырады. Білім алып, жұмыс жасап, бақытты, бейбіт өмір сүріп жатқанымызға міне жетпіс жылдай уақыт өтті. Бұл – бізге жеңіс алып келген ата-бабаларымыздың еңбегі. 1941 жылдың 22 маусымында фашистер Кеңес Одағы шекарасына оқыс басып кірді. Осылай бүкіл дүние жүзінің тағдырына кесірін тигізген Ұлы Отан Соғысы басталды. Неміс фашистерінің жоспары кенеттен тез жаулап алу еді. Жас кеңес елі бұл соғысқа дайын емес болатын.

Бүкіл кеңес халқы Отанды қорғау үшін бірікті. Ешкім де шет қалмай мандайға көмегін беріп жатты. Отанды қорғауға үлкен, ер адамдар ғана емес, жас балалар мен қыздар да көп үлес қосты. Қариялар мен әйел адамдар күндіз-түні майданға деп, оқ-дәрі, тамақ, киім жасап, дайындап, аянбай еңбек етті. Соғысқа қатысқан батыр қыздар да аз емес. Мен сол адамдардың батылдығы мен отаншылдығына таңданамын. Сол адамдардың еңбегінің арқасында біз бейбіт, тәуелсіз елде өмір сүреміз. Өкінішке орай, соғыс миллиондаған адамның өмірін алып кетті. Біз сол соғыста қаза болған ата-бабаларымыздың ерлігін мәңгі есте сақтаймыз.

Соғыста кеңес әскері ерлік, батылдық, Отанға деген сүйіспеншілік сияқты адамгершілік қасиетін таныпты. Соғыс кезінде және соғыстан кейін көптеген әскери адамдар мен тыл қызметкердері медальдар мен ордендармен марапатталды. Солардың ішінде аңызға айналған панфиловшылар, Екі Дүркін Совет Одағының Батырлары ұшқыштар Талғат Бигельдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов, Леонид Беда және қазақ елінің батыр қыздары Әлия

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова. Кеңес халқы бірліктің күшін көрсетті. Ленинград халқы үш жыл қоршауда болып, аштық пен суықтың зардабына шыдап, қаланы жауға бермеді. Көбі Берлинге жете алмады. Біздің әскеріміз соңына дейін ерлікпен шайқасып, жеңіске жетті: мақтанышпен Қызыл Туды Рейхстагтың төбесіне тікті. Болашақ ұрпақтың бейбіт және бақытты өмір сүруі үшін миллиондаған адам соғыста қаза тапты. Осылай төрт жылға созылған соғыс бір мың тоғыз жүз қырық бесінші жылы тоғызыншы мамырда Кеңес Одағы армиясының жеңісімен аяқталды. Бұл жеңіс Кеңес Одағына өте үлкен күнға түсті. Сол себептен де, бұл мейрамды «көзге жас алатын» мейрам дейміз.

Біз, қазіргі ұрпақ, бізге жеңіс пен бостандық алып берген ата-бабаларымыздың ерлігін өмір бойы есте сақтауға тиіспіз.

**Талғатова Аружан**

8 сынып, №33 орта мектебі

Орал қаласы Батыс Қазақстан облысы

Жетекші: Насиева Ұ. Б.

### **Ұлы Жеңіс!**

Ешкім де ұмытылмайды,  
ешнәрсе де ұмытылмақ емес

Тарихтың алтын әріптермен жазылған парақтарын ақтарсақ Соғыс деген сұмдық нәрсені де оқимыз. Соғыс – аналарды аңыратқан, жас баланы жамыратқан, қара шаңырақты қаңыратқан жойқын арпалыс. Еліміздің Жеңісіне биыл 70 жыл толып отыр. Бұл жеңіске қазақ халқы ынтымақтасқан бірлік пен достықтың арқасында ерекше ерлік арқылы жете отырып, өзінің Отанына деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді.

Соның бірі ұстазымыздың тумасы болып келетін Омарғалиев Қайыржан атай туралы еді. «Ата өсиеті өмірлік», -деп бастайды өз тағылымын. Ұлы Отан соғысының ардагері Омарғалиев Қайыржан Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданы, Балықшы ауылында өсіп-өніп, ер жетіп, сол ауылдан әскер қатарына алынады. Балықшы ауылынан шығып, Польшаға дейін барған атамыздың майдан жолы қилы-қилы.

Мотоатқыш бригадасы қатарында Ленинградты қорғауға қатысқан. Смоленск соғысында ауыр жараланады. Соғыс тарихында Орел, Курск қалаларын қорғаудағы ең ауыр шайқастарға, Еуропа қалаларын азат етуге қатысқан. Атамыз адамзат тарихындағы не бір әдемі қалалардың көз алдында жер құшқанын, бейкүнә сәбилер мен аналар, қауқарсыз қариялар соғыс

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

құрбаны болғанын айтып, бір сәтке үнсіз қалатын. Аңдаусызда бетіне қарай қалсаң, әжім қатпарларын қуалай аққан жасты көрер едің,-дейтін.

Атамыз Екеченко, Сергеенко деген командирлерін, қанды көйлек досын Сашинков туралы аңызға бергісіз ғып әңгімелейтінді. 1943жылы Украинаға барып, Днепр суынан өткендері өз алдына бөлек әңгіме.

«Днепр сол кездері суға емес, солдат қанына толы еді-ау» дейтінді.

Атамыз 1945 жылдың мамырынан кейінде елге бірден қайта қоймапты. Араға сегіз жыл салып барып, ауылға аман-есен оралады.

Майдангер атамыз бейбіт өмірдің қайтпас солдатындай бел шешіп, еңбекке белсене араласады. Мылтықты құрыққа айырбастап, көп жылдар бойы жылқы бағады. Атаның ерен еңбегі ескерусіз қалмады. Түрлі медаль, ордендермен марапатталды.

«Мен бақыттымын. Ажалдың аранынан аман келіп, бейбіт өмірді көрдім. Түтінімді түтетіп, ұрпақ сүйдім. Тәуелсіздік дәмін таттым. Бақытым бес елі пенде екенмін. Өзім үшін, майдан даласында, жеңіске санаулы сағаттар қалғанда көз алдымда ажал құшқан қаруластарым үшін өмір сүрдім», -дейтінді.

Қайыржан ата соғыста хабарсыз кеткен інісін ешқашан есінен шығарған емес. «Тірі болса, тынысымды кеңітер келісті іні болар еді-ау»,-деп әр кез сағынышпен еске алатынды. Атаның бар тілегі: «Тарих тағылым алу үшін жасалады»демекші, сұрапыл шақты, запыран заманды адамзат баласы ешқашан көрмесе екен дейді. Ал, бізге берер батасы «бауырың бүтін болсын» еді.

-Арайлап атқан әрбір күнге шаттанып, ашық аспан, тыныш түнге тәубе айту керек, қарағым! Жеңіс бізге оңайлықпен келген жоқ. Сансыз құрбанның қызыл қанымен келді. Окопта отырып, тыныш түн мен ашық аспан, мамыражай күнді арман қылдық. Бейбітшілік біле білгенге бақыттың нақ бастауы,-деп өсиет қылатынды.

Сексеннен асып дүниеден озған ата өнегесі берік әке, есімі елеулі азамат болды. Кейінгі ұрпақ: «Өсиеті өмірлік ата»,-деп таниды.

Қазір Қайыржан атамыздың шөбересі біздің мектепте оқиды. Ол атасының есімін абыроймен арқалап жүр. Оған біз қызыға да қуана қараймыз.

Ұстазымыздың мәнді де мағыналы әңгімесінен түйгеніміз көп болды.

«Елдің көркі ерімен, Отан көркі жерімен» дегендей, ел басына қатер төнген жылдары кеудедегі шыбын жаны шыққанша жаумен жаға жыртысқан батыр аталарымыз аз емес. Жыл өткен сайын қатары азайып бара жатқан майдангер аталарымыздың есімдері ұмытылмай,келер ұрпақтың есінде мәңгі сақталады.

Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

мәңгілік қалатын күн. Айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған жауынгер батырларымыздың ерен ерліктері ұмытылмайды.

Жас ұрпақ, біздер сіздердің алдарыңызда борыштымыз. Өйткені Сіздер кейінгі ұрпақтың жарқын болашағын қорғап қалу арқылы өздеріңіздің азаматтық және патриоттық парыздарыңызды абыроймен орындап шықтыңыздар. Сіздердің қайыспас қайсарлықтарыңыз бен Отанға шынайы берілгендіктеріңіз біздер үшін өнегесі мол тамаша үлгі. Қазақстанның бүгінгі бейбіт өмірі соның дәлелі емес пе?!

Елімнің еңсесін биіктетер, бабалар тіккен жеңіс туын қалықтатар бүгінгі ұрпақ өткен тарихымыз бен соғыс өртіңде құрбан болған аталарымызға бас иіп, тағзым етеміз!

Біздің жүрегімізде сарғайса да тарихтың ақ парағы, ол күндер мәңгі есте сақталады!

Ешкім де ұмытылмайды, ешнәрсе де ұмытылмақ емес!

**Тналиева Сымбат**

10 сынып, №44 мектебі

Орал қаласы Батыс Қазақстан облысы

Жетекшісі: Шахина Л. Ғ.

### **Ерлік даңқы – мәңгілік**

Қан майданның жүректе жарасы бар,  
Қайғысы мен зілі бар, наласы бар

Ұлы Жеңіс! Бұл – бізге ерлік, намыс, бірлік, жанқиярлық, отаншыдық рух нәтижесінде жетті. Уақыт өткен сайын аталарымыз сыйлаған Жеңістің маңызы артып келеді. Олар көрсеткен ерлік - бүгінгі ұрпаққа өнеге. Отансүйгіштік қасиет – әр кезде де қастерлеуге тұратын қасиеттердің бірі. Осы ұғым біздің үлкен құндылығымыз болуы керек деп ойлаймын. Тек майданда ғана емес, тылда жұмыс істегендердің де еңбегі жоғары ілтипатқа лайық. Себебі олар соғыс кезінде майдан шебіндегі солдаттармен бірдей қиыншылық көрді, бірдей азап шекті. Ашаршылық пен ауыртпалықты бастан кешкен олар да Жеңісті жақындатуға көп үлес қосты. Таңның атысынан күннің батысына дейін тізе бүкпей жұмыс істеген сол бір қайратты да қайсар жандарға да бүгінгі ұрпақтың ризашылығы шексіз. Үлкен қауіп пен қатер, қайғы мен қасірет төнген сол бір ауыр уақытта біздің халқымыз сыннан сүрінбей өтті. Оттан да ыстық Отан үшін от кешкен майдангерлер өшпес ерлік көрсетті. Олардың есімдері тарихқа алтын әріптермен жазылды. Ал қаһармандық өнегесі бүгінгі жас ұрпақтың жадында мәңгі сақталды.



**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Жеңіс күні мерекесін кеңес халқы, неміс басқыншыларынан азат етілген Еуропа елдерінің Варшава мен Прага, Будапешт пен Бухарестің, София мен Белградтың, Париж бен Венаның, жер шарының басқа да көптеген қалаларының тұрғындары тойлайды.

Қара бұлт жарқыраған күн бетін жапқанымен, батыр аталарымыздың рухты күші жарық күн бетін одан әрі шаттыққа бөлеп жарқыратты. Сондай қазақ батырлары көптің арасынан суырылып шығып, «қазақ» деген атқа кір келтірмеді. Намысшыл әрі батыл халықтың ұрпағы екенімізді барша жұртқа дәлелдеген Бауыржан Момышұлы, рейхстагқа ту тіккен Рақымжан Қошқарбаевтардың есімі мәңгі ел есінде.

Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. Жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты.. Ұрыстар Мәскеуде, Ленинградта, Сталинградта жүріп жатты. Көрнекті Қазақ ақыны Жамбыл Жабаев, Ленинградтың ауыр тағдыры туралы өлең жазды:

Ленинградтық өренім,  
Мақтанышым сен едің!  
Нева өзенін сүйкімді,  
Бұлағымдай көремін...

Ешқашанда жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды. Бүгінде біздің азаматтық міндетіміз – болашақ ұрпақты Отанын сүйуге, елінің, жерінің адал патриоттары, достық пен бірлік туралы түсінік беру арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев соғыс ардагерлеріне ерекше қамқорлық көрсетіп келеді. Биыл біз Жеңістің 70 жылдығын атап өтеміз. Бұл – сіз бен біздің ортақ тарихымыз. Осынау ерлік мейрамына дайындалу – Ардагерлер кеңесі үшін үлкен мәртебе. Күллі адамзатқа қауіп төндірген сұм соғыстың зардабын тартып, Отаны үшін жан алысып, жан беріскен ардақты ардагерлерімізді құрметтеу, соларға арнап мереке өткізуге дайындалу бізге тек қана қуаныш сыйлайды. Ардагерлер кеңесі Есіл ауданы әкімдігімен бірлесіп, көптеген шараларды қолға алдық. Мұндай мерекелер тек Жеңіс күнінде ғана емес, жыл бойы да жалғасын табатын болады. Біз бірде бір соғыс ардагері назардан тыс қалмай, бәріне бірдей құрмет көрсетілуіне ерекше мән береміз. Соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлерін Ұлы Жеңіс мерекесімен құттықтай келе, оларға мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, бақытты сәттерінің көп болуын тілейміз. Біз сіздерге қарыздармыз! Сіздерге мың тағзым, құрметті майдангерлер!

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

9 мамыр – майданда қаза болған ер жауынгерлерді еске түсіру, батырлықты дәріптеу күні. Біздің парызымыз – бұл күнді еске сақтау.

Біз – бүгінгі ұрпақ аталар ерлігін мәңгі қастерлеп, құрметпен есте сақтаймыз.

**Турлыбаева Жанель**

10 сынып, №35 мектеп-лицей  
Орал қаласы Батыс Қазақстан облысы  
Жетекшісі: Супалдиярова Ж. Б.

**Менің аталарым – жеңімпаздар!**

Біздің халыққа бұл жеңіс аса қымбатқа түсті. Соғыстың бастапқы кезеңінде елдің еуропалық бөлігін жау басып алып, мыңдаған қала мен елді мекендер қирап, туған жерлерінен шығысқа жөнкілді. Миллиондаған кеңес адамдары майдандар мен партизан отрядтарында, жау басып алған жерлер мен неміс концлагерьлерінде қаза тапты. Негізінен әскери мақсаттағы өнім шығаруға бағыттылған ел экономикасы үлкен қиындыққа ұшырады.

Бірақ біздің халық бәріне де көне біліп, жеңіп шықты! Бұл жеңісте Жоғарғы Бас Қолбасшыдан бастап қатардағы сарбазға, қарапайым жұмысшы мен колхозшыға дейін әркімнің де еңбегі бар. Бұған қазақстандықтар, соның ішінде Батыс Қазақстан облысының тұрғындары да елеулі үлесін қосты. Бүкіл елмен бірге олар майдан мен жау тылында ерлікпен шайқасты, зауыт-фабрикаларда, алқаптар мен фермаларда, майдан маңы мен тылдағы госпитальдарда жан аямай еңбек етті. Олардың өмірі мен ерлігі ешуақытта ұмытылмақ емес!

Біздің еліміз үшін және ТМД елдері үшін үлкен ұмытылмас естелік болып қалған уақыт, Ұлы Отан соғысының 70-жылдығы да жақындап келеді. Сол уақыт біздің жанұямыз үшін өте маңызды кезең, себебі сол майданда менің екі офицер атам соғысқан болатын. Нағашы атам – Опа Байтілесов жаяу әскер, рота командирі болған. Ол өзінің соғыс қимылдарын майданның ең бірінші қиын күндерінен бастаған. Сол кездері өте ауыр қантөгісті айқастармен кейін шегініп, жауға қалалар мен ауылдарды қалдыруға тура келді. Бірақ ұлан-байтақ одақтас республикамыздың астанасы – Мәскеуге жеткен кезде әскери комиссар Василий Клочков әскерлер бойынша жауынгерлерді соғысқа шақыртты: «Ресей кең байтақ, бірақ шегінерге жер жоқ – артымызда Мәскеу!» – деді. Сонда олардың барлығы тұрып, Отаны үшін өз өмірлерін құрбан етуге даяр болды. Олар фашисттердің өте ауыр соққысына шыдап, содан кейін жауды Кремльдің қабырғаларынан артқа қарай қуды.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Украинаның бір аумағында нағашы атам аяғынан өте ауыр жарақат алды, ол соғыстың аяғына дейін госпитальде емделіп жатты.

Екінші атам, Тұрлыбаев Теңдібай Баймұқанұлы, соғыс басталған кезде жастау болған. 1943 жылдың басында соғысқа аттанған. Ол танк бөлімдерінде соғысып, барлаушы болған. Ол Украинаны, Белоруссияны, Польшаны жаудан босатып, Германияға дейін жетіп, жау ошағы – Берлинді жаулап алған. Соғыс кезінде атам үш жарақат алды. Соның екеуі ауыр жарақат болған. Соңғы ауыр жарақатты ол аяғынан алған кез - сәуірдің аяғы, Берлинді жаулап, жау ошағын алуға бір жұма қалған кезде болған. Атам ұлы жеңісті госпитальде қарсы алған.

Аталарым соғыс туралы басқа да ардагерлер сияқты аз айтқанымен, өте дұрыс соғысқанын айқын аңғарамыз. Олардың екеуінде де көптеген медальдер мен екі соғыс орденінен болды. Ал ондай марапаттардың тектен – текке берілмейтінін барлығымыз жақсы білеміз.

Аталарыммен болған бір-бір оқиға туралы айта кетейін.

Опа атам, соғыс басталған кезде ол тек жиырмадан асар-аспас жаста болатын. Бұл оқиға Украинада болған. Опа атам қасындағы солдат екеуі түнде орманда командирдің бұйрығы бойынша автоматтарын қолдарында атуға дайындап ұстап келе жатқан. Атам қаруын командирдің бұйрығы орындап, алдында ұстаған, ал қасындағы солдат автоматын иығына іліп келе жатқан. Атам оған ескерту жасаса да, қасындағы солдат мән бере қоймаған. Олар түні бойы келе жатқандықтан қатты шаршады, кенет атамның көзі ілініп кетті, бір кезде жанына қараса, қасындағы солдат жоқ. Кейін атам неміс фашисттері оны тұтқынға алғанын түсінеді де, қорыққанынан айналасына тоқтамастан оқ жаудырады. Бірақ солдат із-түссіз жоқ болып кетті. Бұл оқиға өз жалғасын соғыстан кейін тапты. Жоқ болып кеткен солдат атамның жерлесі еді. Соғыс біткеннен кейін тұтқында болған жерлесі туған ауылға оралды, бірақ сол кезде тұтқында болғандарды қатты жазалаған. Сот болады. Атам сотта жаңағы солдаттың фашисттерге өздігінен берілмегендігін дәлелдейді. Солдатты тұтқындамай, үйіне жібереді. Содан кейін атам екеуі жанұяларымен бірге ұзақ уақыт араласып, дос болып, соғыста болған оқиғаларды еске алатын.

Теңдібай атам өзімен болған бір оқиғаны айтып берген болатын. Бір ауылды басып алғаннан кейін, атам жаяу барлаудан келіп, алға қарай пулеметі бар үш көлікпен қосымша барлауға кетеді. Олар ауылға кірген кезде бір көлікті шеттегі тұрған үйдің жанына қалдырып кетеді. Бұл кезде немістер оларды қоршап алып, екі көлікті өртеп жібереді. Олар фашисттерден әрең-әрең құтқарылып, басқа экипажбен бірге ақтық көлікпен бөлімшеге оралады. Сол бойда ол танк бөлімшесінің командиріне болған жағдайды баяндап береді. Тек қана ауылға оқ жаудырғаннан кейін барып, танкілер алға қарай жүре береді. Егер үш көлікпен бірдей барса, онда аман-сау қайтпас еді.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Менің ата-анам осы оқиғаларды өз әкелерінің аузынан естіген, кейін біздерге әңгімелеп берген. Аталарым өздерінің бастарынан өткізген бүкіл сезімдерін мүлтіксіз жеткізді. Сол уақытта, әрине, олардың бойларында қорқыныш та, шошыну да, борыш сезімі де, батылдық пен батырлық та болды, дегенмен жас болса да, олар Отан алдындағы борышын орындады.

Соғыстан кейінгі өте ауыр кезеңде олар бір совхозда жұмыс істеп, құлдырап қалған халықтық шаруашылықты көтерді, үйленіп, балаларын өсірген. Сол уақыт өте қиын болатын, қиындықтар көп болғаны соншама, тіпті, тамақ та жетпеген болатын. Бірақ аталарым соған қарамастан шыдамдылық танытып, барлығымен бірге белсенді еңбектенудің арқасында елімізді тиісті дәрежеге көтерді. Сол кездегі үлкен жетістік - өздері жұмыс істеген совхоз миллионер болған.

Мен өз аталарымды мақтан тұтамын және де олардың өмірлері мен үшін өнеге. Олар жұмыс жасап, бейбіт өмір сүрген, бірақ елімізге үлкен қауіп төнгенде, оны қорғады. Аталарым жауға қарсы тұрып, фашисттерді соққыға жыққан. Қазір менің естуімше, сол кезде қулыққа барып, әскерге шақырту келгенде, өз борышын өтеуден қашып құтылу үшін барлығын істеген адамдар да болған екен. Менің аталарым соғыста батыр атағын алмаса да, мен үшін батыр. Олар қорқақтық танытпай, фашисттермен соғысқан!

Аталарым өмірлерінің соңғы кезеңіне дейін оптимист болып, ешбір қиындыққа мойымай, еш нәрсеге мұңын шақпай өтті. Олар өздерінің өмірі бойына темірдей қатты мінез, жеңімпаздар мінезін тәрбиеледі!

Біздің аталарымыздың замандастарына, сол замандағы адамдардың барлығының өміріне төнген қиындықтар, біздер үшін өмірлік тұрақтылықтың, Отанға деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімнің үлкен үлгісі болып табылады!

Қан майданда ерлік көрсетіп қаза тапқан батырларымыздың есімдерін ешқашан ұмытпаймыз. Жерлес батыр апаларымыз – Мәншук Мәметова мен Әлия Молдағұлованың ерлігі жас ұрпақ үшін үлкен өнеге. Кішкентай кезімде Мәншук апамдай болғым келетін. Ол туралы көркем фильм қарадым, кітаптар оқыдым және батыр апамыздың мұражайында әр Жеңіс күні алдында баратынымын. Мәншук Мәметованың ескерткіші менің үйіме өте жақын, Жеңіс күні ескерткішке көп адамдар келіп, гүл шоғын қояды. Мен де әкешешеммен бірге барып, апамыздың алдында бас иемін.

Ұлы Жеңіс күні дүние әлемінің халқы үшін де үлкен мейрам. Әр отбасы соғыс ауыртпашылығын өз басынан өткерді, сондықтан бұл күні елі мен жері үшін өмірін қиып, туған жерлерге оралмаған аталар мен апаларды бүкіл ел болып еске түсіреді. Бұл күні аталарымның балалары, немерелері мен шөберелері жиналады, үлкен мерекелі дастарқан жаяды, соғыс туралы әндерді айтып, аталарымызды еске алады.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ұлы Жеңіс үшін, Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін күрескен ерлер бейнесін ел жадынан өшірмеу – бәріміздің ортақ парымыз. Біз ата-бабаларымыздың даңқты жолын тегіс біліп, келешекке жеткізуіміз керек. Осы бақытты күндерді сыйлап, ел ертеңі үшін кеудесін от пен оққа тосып, қырғын соғыста қаза тапқан батыр жауынгерлерімізді ешқашан ұмытпаймыз, біз оларды мәңгі есте сақтаймыз! Қазір соғыс ардагерлерінің саны жыл сайын азайып келеді, сондықтан біз оларды тек қана мейрам күнінде еске алмайық, әрқашан оларды құрметтейік!

**Тынышбаева Айсауле**

10-сынып, Қ.Аманжолов атындағы орта мектебі  
Зеленов ауданы Батыс Қазақстан облысы  
Жетекшісі: Лұқпанова Ж.Т

### **От кешкен, оқ тескен жылдар**

Адам қазасы. Халық қасіреті. Адамзатқа төнген апат. Зардап көлемі мүлде әртүрлі болса да, осылардың қайсысын ойлағанда жүрек дір етпейді?! Қайсысын көз алдыға елестеткенде әлдебір тілсіз жаудың, зұлым күштің зорлығына душар болып, қиылып бара жатқан қыршын жандардың қиналысы жаныңды түршіктіреді?! Өмірді тұншықтыра келген өктем күш қай уақытта, қандай сәтте белең алса да, қайғылы оқиғаға айналып, жүрекке зәр боп қатты.

Солардың ішінде көп апат, індеттерден адам баласын, әсіресе көп запы қылған қанды оқиғалардың аты – соғыс. Соғыс! Ел шетіне жау тиіп, опасыздық ойранын сала келіпті. Батыстан қаптаған қара бүйідей қалың намыт жолшыбай кездескен тіршілік атаулыны жалмап жұтып, жауыздық өртін қаулатып келді. Елдігінді етіктің табанымен таптап, қорлығы мен зорлығын қара тажалдың маңдайындағы қос мүйізбен кезек жайпап, ішін тарта ысқырынып келді. Бұл сұрапыл соғыстың негізгі кескін келбеті еді.

Адамзат тарихында қанша рет соғыс болды? Сол сүргіндерде қанша ғұмыр қазаға ұшырады? Мұндай оқиғаларды санап санауына жете алмайтын шығарсың, алайда сол оқиғаларда жан тапсырған адамдардың тағдырын ойлағанда бей-жәй қарамасы анық. Ең ауыр қасірет деп ойлайсың. Бірақ, осы тұстағы дау туғызбайтын бір шындық – кеңес халқының фашизм шапқыншылығына қарсы жүргізген Ұлы Отан соғысы қазақ халқының қасіреттерінің ішіндегі ең үлкені, себебі мен мақсаты жағынан да, қаза-қасіреті мен қиындық-қыспағының көлемі жағынан да мүлде ерекшесі болды. Бұл оймен ешбір адам тайталаса алмасы анық.

Бүкіл адамзаттың талай замандар бойы ойымен және қолымен жасалған небір асылы мен ардағын арамдап оларға жалған жала жауып, талақ етпек

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

болған тағылық мақсат халықтардың қаһарына ұшырап, зауал тапты. Бірақ, осы екі арада біздің елдің басына қара бұлттай орнаған қалың қасірет пен қайғының табандатқан төрт жылы бар еді. Мың жарымға тарта тәуліктің талай өмірді жалмаған ажалды күндері мен азапты түндері бар еді. Талай жандардың көз жасы, сағынышы, мұңы, шері, жан қиналысы, қорқынышы, азапты күндері, қиналған сәттері де жоқ емес болар.

Бұл екі аралықта еліміздің қасиетті жерінің талай пұшпағы жау табанының астында тапталып, қорлыққа түсті. Талай қала тамтығы қалмай қирады, талай село селебе намыттың өртіне шалынып, тып-типыл болды, талай шаңырақтың оты сөніп, талай жандар құрбан болды. Талайлаған жандардың асқақ армандары орындалмай, жігерлері құм болды. Сенімдеріне селкеу түсті. Осындай қорқыныштың, құрбандықтың, қайрат, жігерлеріміздің арқасында сұрапыл соғыстың оты сөніп, майданда қан кешкен және сол майданда құрбан болған жандардың үміті ақталып, көп ұзамай бүкіл әлемде Ұлы Жеңіс мерекесі тойланды. Майданға кеткен жауынгерлердің кейбіреулері майданнан оралып отбасымен қауышып жатты. Ал, майданнан оралмаған жауынгерлер есімі тарих беттерінде батыр азамат ретінде қалды.

Бұл күнде біздің елде ұранға айналып кеткен бір сөз бар: «Ешкім де ұмтылған жоқ, еш нәрсе естен шыққан жоқ!». Ұлы Отан соғысының ерлік шежіресін ойға алғанда, біз осылай дейміз. Өйткені, қазіргі таңда Ұлы Жеңістің аяқталғанына 70 жыл толып отырған бұл ғаламат соғысты ұмыттырмайтын әрбір үйдің бір-бір қазасы, әрбір адамның бастан кешкен бір-бір хикаясы бар.

Әрине, қанды соғыстың тағы бір аты – қасірет болғанда, әділ істің мұратындай Жеңіс деген жарқын ұғымның екінші аты да – ерлік. Біз Ұлы Отан соғысының қиын-қыстау азабы мен зардабын, қазасын еске алып, қаншалықты қапалансақ та, сол төгілген қан мен үзілген өмірлердің, өртенген жер мен бүлінген шаруашылықтың үлкен төлеуіндей Жеңіс күнінің қуанышын еске алып, жұбанамыз. Сақталған тіршілікті, құтқарылған құт-берекені, бір ғана өз еліміздің емес, бүкіл Еуропаның алдындағы, талай таразыға түскен күллі адамзат алдындағы қарызы тек ұзақ жылғы баянды бейбітшілікпен ғана өтелетін есепсіз мол еңбегімізді еске алып, шүкіршілік етеміз.

Сол жеңісті жолдағы ерлік абыройына жеке-дара ие болған біздің елдің бұл жойқын соғыстағы құрбандығы қанша мол болса, кейінгі ұрпақтарға ғасырлар бойы рухани азық боларлық қаһармандық үлгісі де соншалықты орасан зор деп ойлаймын. «Ақынның аты өлмейді, жазушының хаты өлмейді», - деп қазағым бекер айтпаған. Біздер үшін, біздің жарқын келешегіміз үшін жандарын пида еткен ата-бабаларымыздың, боздақтарымыздың есімдері ел тарихында, әр адамның жүрек түпкірінде мәңгіге сақталары анық. Себебі осы ата-бабаларымыздың, боздақтарымыздың арқасында арайлап атқан, күлімдеп батқан тәуелсіздік таңына сіз бен біз куә

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

болып отырмыз. Басқа қонған бақты бағалай білу біздің парызымыз, себебі бұл қонған бақтың ауыртпашылығы өте ауыр. Қонған баққа қол жеткізу жолында қайран қазағым не көрмеді? Еліме, жұртыма азаттық алып берем деген батырларымыздың айбынының арқасында, кешегі кеңес үкіметі кезінде алашыма бостандық, еркіндік алып берем деп, жандарын шүберекке түйіп, патша үкіметіне қарсы шыққан Алашордашыларымыздың арқасында, кешегі 1941-1945 жылдары болған сұрапыл соғыс кезі де қазақ еліне жау табанын тигізбеуге, елін, жерін, халқын, қара шаңырағын, отбасын аман алып қалу үшін жандарын пида еткен миллиондаған жанкешті адамдардың арқасында, кешегі 1989 жылы желтоқсанда алаңға шығып, «Қазаққа еркіндік берілсін!», - деп қазағымның намысын қорғамаққа бекініп, болашақ ұрпаққа бостандық алып беремін деп, патша үкіметіне қарсы шыққан боздақтарымыздың жан түршігерлік қазасының, жан айқайының арқасында қазағымға тәуелсіздіктің таңын көру бұйырды. Осыншама құрбандықты талап еткен тәуелсіздігімізге тәубе айтып, келер ұрпаққа насихаттау, олардың да санасында осы тәуелсіздік таңын бағалай білу керек деген ұғым қалыптастыру әрбіріміздің қолымызда. Сондықтан еліміздің тарихын жадымыздан өшірмеуге тырысып, кешегі Ұлы Жеңістің жолында шейіт болған батыр ағаларымыздың есімдерін әрқашанда жаңғыртып жүруге тырысайық. Келешек жас ұрпақ та осы ұранды ұстанып өссе еліміздің патриоттары болып өсетініне сенім мол.

**Умарова Альбина**

11 сынып, № 40 мектебі

Орал қаласы Батыс Қазақстан облысы

Жетекшісі: Мурзахаева Б. Г.

### **Мен соғысты жек көремін**

Шүкір. Мен соғысты көрген жоқпын және көргім де келмейді. Бұл сөзді естігенде-ақ денем түршігеді. Ол туралы тек теледидар мен көркем шығармалардан білдім. Әрине, біз тарихымызды біліп өсуіміз керек. Өткенсіз бүгіннің жоқ екенін де жақсы түсінемін. Соғыс...Қантөгіс... Өлім... Соғыстың адамзат баласына әкелген қайғы-қасіретін айтып жеткізу мүмкін емес. Сол сұм соғыстың кесірінен қаншама адам қаза тауып, қаншама бейкүнә сәбилер жетім қалды. Ержүрек батырлардың батырлығын танытқан майдандар аз емес. Солардың ең ірісі 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы деп ойлаймын.

1941-1945 жылдар аралығындағы Ұлы Отан соғысына 35 млн адам, оның ішінде 1,5 млн қазақстандық қатысты. Бұл республика халқының 18 бен 50 жас аралығындағы ересектердің 70 пайызын құраған еді. Ұрыстардың алғы шебінде Қазақстаннан жіберілген 23 бірлестік, 50 шақты полктар мен

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

батальондар шайқасты. Қазақстандықтар Мәскеу мен Ленинградты жанын қия қорғап, Украина мен Беларусьті, Балтық жағалауы елдері мен Молдованы азат етуге қатысты. Неміске атылған 10 оқтың, 9-ы Қазақстанда жасалды.

Даңқты Брест қамалын қорғаушылардың қатарында мыңдаған қазақстандықтар болды. Олардың арасында Ғ. Жұматов, В. Фурсов, К. Түрдиев, Ш. Шолтырев, К. Иманқұлов, Е. А. Качань т.б. жаумен жан аямай шайқасып, ерліктің үлгісін көрсетті.

Әрқайсысы 200-ден астам жауынгерлік ұшу сапарын жасап, бірнеше жүз фашистерді жоқ қылған шабуылшы ұшқыштар: Талғат Бигельдиновке, Леонид Бедаға және Иван Павловқа, сондай-ақ 37 ұшақты және топтасып жүргізілген ұрыстарда жаудың тағы 6 ұшағын атып түсірген Сергей Луганскийге екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Шығыстың қос шынары, қазақтың батыр қыздары Алия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметованың ерліктері зор. Олар қазақ қыздарының ержүрек, батыр екендігін көрсетті.

Ондаған мың қазақстандық ерен еңбегі мен ерліктері үшін марапатталса, бес жүзден астам адам Кеңес Одағының Батыры атанды, 142 адам Даңқ орденінің иегері атанды.

Сарғайса да тарихтың ақ парағы, ол күндер мәңгі есте сақталады, біз бейбітшілікті қалаймыз.

Ұлы Жеңіс! Қаншама боздақтардың өмірін қиған, талай шаңырақты ортасына түсірген соғыс өртінің өшкеніне 70 жыл өтті. Бірақ, оның жарасы жазылды ма екен? Әрине, жоқ. Өйткені, осы күнге дейін соғыста хабар-ошарсыз кеткен әкесін, атасын іздеген ұрпақ қаншама? Немесе майдан даласынан «қара қағазы» ғана жеткен жауынгерлердің қазіргі үрім-бұтақтары енді олардың қайда жерленгенін білгісі келеді, басына туған жердің бір уыс топырағын апарып тәу етуді армандайды. Қаншама сәби әке-шешесіз өсті, әкенің-қолдауын, шешенің-мейірімін көрмей өскен бала-жетім.

Ия, әрине, Ұлы Отан соғысына қатысып, асқан ерлік көрсеткен батыр аға-апаларымыз өте көп, олар бізге қазіргі жарқын, болашақ өмірді сыйлады. Сол кісілердің арқасында мына біз, қазақ елі, өз азаттығымызды, бостандығымызды алып, тәуелсіз ел атанып отырмыз. Бізге өмір сыйлаған, соғыс құрбандарын біздер әр уақытта да есте ұстап, оларды мадақтап, мерейлерін асқақтатып жүруіміз қажет. Бейбіт заманда өмір сүріп жатқан бақытты ұрпақтардың атынан сіздерге мың алғысымды білдіремін. Сіздердің ерен еңбектеріңіздің арқасында осындай тәуелсіз, тыныш елде өмір сүріп жатырмыз.

Біз үшін өмірлерін құрбан еткен,  
Біз үшін жанып-өшіп отқа күйген.  
Ұмытпайық ағайын, батырларды,



**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Біз үшін жандарын пида еткен!

Мен үшін соғысқа кеткен әр адам – батыр, сіздердің ерліктеріңіз ешқашан ұмытылмайды. Сіздердің Отанға деген шексіз сүйіспеншілік пен болашаққа деген үміт, ер намысы мен ел намысы үшін жасаған істеріңіз өшпес ерлік, өлмес мұра болып қала бермек.

Мен сіздерді мәңгілік сыйлап, ерлік даңқтарыңыздың өшпеуіне, есімізде отты жылдар белестері мәңгілік сақталуына барымды саламын. Қашан да аспанымыз ашық, еліміз тыныш болса екен деп тілеймін. Бұл жер бетінде өмір сүріп жатқан барша адамның тілегі болар. Біз бейбіт өмірдің куәгерлері болғанымызға өте қатты қуанамын. Елімізді көркейтуге, әрі қарай дамытуға өз үлесімді қосамын. Мен енді ешқашан соғыс болмауын қалаймын. Өйткені, мен соғысты жек көремін!

**Халиуллина Нұрайна**

9 сынып, М.Жүнісов атындағы орта мектебі  
Жаңақала ауданы Батыс Қазақстан облысы  
Жетекшісі: Айтқалиева А.

**Ерлік – елге мұра, ұрпаққа ұран**

Ерлік – жан дүниенің ұлы қасиеті.  
Н.М.Карамзин

1941 жыл ең азапты жыл. Қасіретімен қоса, қайғысы мол жыл. Фашистік Германия біздің жерімізге баса көктеп кіріп, қаннен –қаперсіз, тыныш, тәтті ұйқыда жатқан халқыма баса көктеп кірді. Ешқашан бұндай соғыс боларын білмеген азаматтарым, майданға аттанды. Кеңестер Одағының құрамында болған Қазақстанның халқы да неміс-фашист басқыншыларына жан аямай, ерліктің биік шыңын бағындырды. Ұлы Отан соғысы азапты жылдардың көрінісі. Қайран, әке-ағаларым-ай! Көрген азаптары сол болды ғой! Ағаларым қолдарына қару алып, туған елін қасық қаны қалғанша қорғауға тура келді. Өйткені, бұл ерлердің ерлігі, жарқын болашақтың сынға түскен шағы еді. Сол миллиондаған адамдардың өмірін жалмаған соғыс 1418 күнге созылды. Ел басына ауыр күн туған шақта бір миллион 366 мың қазақстандық жауынгер соғыстың майданына аттанса, соның 400 мың жуығы майдан шебінде қаза болған екен. Ал оған іліге алмай қалғандары қаншама?! Олардың Отаны үшін жандарын пида еткені нағыз ер жігіттің үлгісі. Қаншама адамның шаңырағы жоғалды, Отанымыздың тағдыры қыл үстінде тұрды. Ел дүрбеленге түсті. Сол

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

күннен бастап қазақ даласында шаңырағы шайқалмаған бірде-бір отбасы болмаған шығар. Себебі, төрде отырып, қорған болатын азаматтары соғыс майданына кетті. Соғыс әр отбасына қайғы-қасіретпен бірге, миллиондаған жүректерге сағыныштың сарғайған дағын қалдырып кетті.

Соғысқа аттанған әрбір үйден жаста, кәрі де қару алып, соғыс алаңына бет алды. Соғыс бақандай төрт жылға созылды. Осы төрт жыл ішінде талай адамның, апаларымыздың көз жасы төгілді. Ел үшін, жер үшін, Отан үшін, болашақ ұрпақ үшін, Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін, ұлтына, дініне қарамастан бүкіл халық оны қорғауға аттанып, қан төгіп, қасірет шекті. Отанымыз болған Кеңес елінің бүкіл халықтарының ынтымағы, олардың достық бауырластығы, әрбір жеке азаматтың Отанға деген патриоттық сезімінің айқын да шынайы көрінісі еді. Отанның алып жүрегі – Москваға қадағалы келе жатқан Германияның азулы, қан тамған найзасының ұшын сындырып, қасық қаны қалғанша, соңғы демі біткенше, бар күшін Отанына берген жауынгерлерді, келешек ұрпақ мәңгі ұмытпайды. Бұл соғыс қаншама адамның өмірін қиды. Не бәрі жарты сағат ішінде немістер біздің Отанымыздың ішіне опасыздықпен кіріп жаулап алды. Бірақ біздің ержүрек батырларымыз оларға қарсы тұрып, Отанымызды, жерімізді қорғауға бой ұсынды. Ал осы Жеңіс бізге қалай келді? Әрине, оңай жолмен келген жоқ. Жеңіс жолында қаншама адамдардың қаны құйылды, балалар әкелерінен айырылды, қаншалықты көп қиын кезеңдерді өткізді, кей кезде жейтін бір үзім нандары болмады, олар тек өз елдерінің тыныштығын, бейбітшілігін армандады. Болашақ ұрпақ үшін күресті. Олардың Совет Одағы жеңіске жетеді деген үміттері жоғалмады. Жауынгерлердің жүректерінде жалғыз сөз: «Отан үшін отқа түс, жаумен қасық қаны қалғанша күресу» еді. Олар: «Отан үшін алысамыз. Оның тағдыры – біздің тағдырымыз. Оған төнген ажал-бізге төнген ажал» деп Отанымызды қорғауға шақырған. Осы жолда біздің көптеген батырларымыз, жауынгерлеріміз өздерінің ерліктерін көрсете білген ұл-қыздарымыз қаза тапты. Кейбіреулері тіпті үйлеріне оралмады Жеңіс күнін көре алмады. Бірақ олардың ерліктері біздің мәңгілікке есімізде, жүрегімізде. Соның ішінде ерліктерін көрсетіп, Отандарына деген ыстық сезімдерін дәлелдей білген батырлар аз емес. Олар Ұлы Отан соғысы жылдарында қазақ халқының азаматтары атақ-даңқын өшпестей қылып тарих бетінде қалдырды. Мәншүк Мәметова сияқты ел аузында аттары жатталып қалған таңдаулы ұлдарымыз бен қыздарымызды қалай мақтаныш етсек те жарасады.

Өмірі мен ерлігі аңызға айналған қазақ батырларының бірі – Бауыржан Момышұлы. Ол майдан шебінде күшті атамыз жайлы естеліктерді кейінгі жастар білсе және естен шығармаса деймін.

Естен кетпес ерліктері, жауға қарсы тұрғаны, елін өзгеден қорғағаны әрбір жанның есінде. Батыр ағамыз жайлы ақындар сарыла өлең де оқиды.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Өзіңнің арта берсін ар атағын,  
Айбынды сүйген ұлы бол атаның!  
Мақтансын туған елің табысыңа,  
Қорғаған батырым- деп Ұлы Отанын.

Халқының көзайымы болған, отыз жаста полк бастаған қазақ жауынгері және тарихтан ойып орын алатын тұлға – Бауыржан Момышұлы.

Көптен күткен Ұлы жеңіс келіп жетті... «Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмайды!» Бұл соғыс қасіретінің сабағы, бейбітшілік сүйген халықтар қалауы, бұл – құрбан болған аға рухы алдындағы борыш, бұл- төгілген қан мен көз жасының мұңы мен сыры, ұрпақтарға ұлағат. Жеңісті жыл сайын қуанышпен, құрметпен атап өтеміз. Халық қуанғаннан кеудесін керіп мақтанады. Бүгін де қатары сиреп бара жатқан соғыс ардагерлерінің алдында және майданда құрбан болған азаматтардың өшпес рухы алдында тағзым етіп, таразы тағлымын әрқашан көзбен көріп, санада сезіну үшін атап өтеміз. Жеңіс күнін тойлау бейбітшілікті жақындатқан батырлардың алдында бас ию. Олар 70 жыл тарихи оқиғаны жылдан-жылға жалғап келеді емес пе? Соғыстан қаза болған әрбір жауынгер тарих беттерінде мәңгі сақталады.

Отаны бар қорғаған жанын беріп,  
Қару ұстап, жауына қарсы тұрып.  
Соғыс бітті, жеңіс келді жауынгермен,  
Күтіп тұр оны ел зор құрметпен!

Деп соғыс ардагерлерін әрқашан қорғап, қолдап, демеп өту керек. Өйткені, «соғыс» деген суық сөздің үстіне «Жеңіс» атты қуанышты жарқырата жазуға үлес қосқан сол қарттарымыз емес пе?! Соғыс салған жараның орны әлі жазылған жоқ. Сондықтан қанмен, термен, жаспен келген жеңіс-ең ұлы жеңіс, киелі жеңіс, қадірлі жеңіс.